

Қазақстан Республикасының өңірлік дамуының 2025 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 25 тамыздағы № 679 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының өңірлік дамуының 2025 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) бекітілсін.

2. Тұжырымдаманы іске асыруға жауапты орталық, жергілікті атқарушы органдар мен өзге де ұйымдар (келісу бойынша):

1) Тұжырымдаманы іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын;

2) Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарында көзделген іс-шаралардың уақтылы іске асырылуын қамтамасыз етсін;

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне есепті жылдан кейінгі жылғы 1 сәуірге дейін Тұжырымдаманың іске асырылу барысы туралы ақпарат беріп тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі есепті жылдан кейінгі жылғы 15 маусымға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне есепті жылы Тұжырымдаманы іске асыру қорытындысы туралы жиынтық ақпарат беріп тұрсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 25 тамыздағы
№ 679 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының өңірлік дамуының 2025 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы

Мазмұны

1-бөлім. Паспорт

2-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау

3-бөлім. Халықаралық тәжірибеге шолу

4-бөлім. Өңірлерді дамыту пайымы

5-бөлім. Негізгі қағидаттар мен тәсілдер

6-бөлім. Нысаналы индикаторлар мен күтілетін нәтижелер

Қосымша: Қазақстан Республикасының өңірлік дамуының 2025 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары

1-бөлім. Паспорт (негізгі параметрлер)

1. Атауы	Қазақстан Республикасының өңірлік дамуының 2025 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы
2. Өзірлеу үшін негіздеме	1. Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары 2. Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі "Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары" және 2024 жылғы 2 қыркүйектегі "Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм" атты Қазақстан халқына жолдаулары
3. Өзірлеуші мемлекеттік орган	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
4. Бірлесіп орындаушы мемлекеттік органдар	Жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі – ЖАО) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – АШМ) Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі (бұдан әрі – ҒЖБМ) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі (бұдан әрі – ДСМ) Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі (бұдан әрі – КМ) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі – Қаржымині) Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі (бұдан әрі – МАМ) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі (бұдан әрі – МҚІА) Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі (бұдан әрі – ОМ) Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және кұрылыс министрлігі (бұдан әрі – ӨҚМ) Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі (бұдан әрі – СЖРА) Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі – СЖРА ҰСБ) Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрлігі (бұдан әрі – СРИМ) Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі (бұдан әрі – СІМ)

	<p>Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі (бұдан әрі – ТСМ)</p> <p>Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі (бұдан әрі – ЦДИАӨМ)</p> <p>Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі (бұдан әрі – ЭТРМ)</p> <p>Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі (бұдан әрі – ЭМ)</p> <p>Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі (бұдан әрі – ТЖМ)</p> <p>Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі (бұдан әрі – СИМ)</p> <p>Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (бұдан әрі – Еңбекмині)</p>
5. Іске асыру мерзімдері	2025 – 2030 жылдар

2-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау

Биыл Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 21 ақпанындағы № 812 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі аумақтық даму жоспарының қолданысы аяқталды.

Ол іске асырылған кезеңде ел халқының саны 1,7 млн адамға өсті (2020 жылдың басындағы 18,6-дан 2024 жылдың басында 20,3-ке дейін), өмір сүру ұзақтығы 73,2 жастан 75,44 жасқа дейін өсті, урбандалу деңгейі 2020 жылғы 58,7 %-дан 2025 жылғы 63,0 %-ға дейін ұлғайды, жан басына шаққандағы ЖІӨ тиісінше 9,1 мың АҚШ долларынан 14,3 мың АҚШ долларына дейін артты.

Инженерлік және көліктік инфрақұрылымды дамыту бойынша шаралар кешені іске асырылды. Мәселен, халықтың сумен жабдықтау қызметіне қолжетімділігі қалаларда 98 %-ға (2020 ж. – 97,5 %), ауылдарда 94,8 %-ға (2020 ж. – 87,7 %) дейін жетті, елдегі елді мекендерді газдандыру деңгейі 2020 жылғы 51,4 %-дан 2024 жылы 58,0 %-ға дейін едәуір өсті, 6,5 мың км жол реконструкцияланды.

Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданды. "Ауыл – Ел бесігі" жобасын іске асыру басталды, нәтижесінде ауылдың инфрақұрылымы едәуір жақсарды. Ауылдық жерлерде мектептер, ауруханалар және басқа да әлеуметтік объектілерді салу мен жөндеу бойынша 6,8 мыңға жуық жоба іске асырылды. "Дипломмен ауылға" жобасын іске асыру жалғасуда.

Индустриялық даму және агроөнеркәсіптік кешен (бұдан әрі – АӨК) үшін арнаулы факторларды (арнайы экономикалық және индустриялық аумақтар, өнеркәсіп алаңдары) әзірлеу жұмысы басталды.

Дегенмен жалпы оң серпінге және қол жеткізілген нәтижелерге қарамастан, өңірлердің әлеуметтік-экономикалық жағдайындағы объективті айырмашылықтар олардың біркелкі дамымауына себеп болады.

Мәселен, географиялық орналасуын, экономикалық мамандануын, нарықтық байланыстардың сипатын және халықтың орналасу жүйесін ескерсек, Қазақстан мынадай 5 макроөңірге бөлінеді:

Батыс макроөңірі: Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан (бұдан әрі – БҚО), Қызылорда және Маңғыстау облыстары;

Оңтүстік макроөңірі: Алматы, Жамбыл, Жетісу, Түркістан облыстары және Шымкент қаласы;

Солтүстік макроөңірі: Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары;

Орталық-Шығыс макроөңірі: Абай, Қарағанды, Павлодар, Ұлытау және Шығыс Қазақстан облыстары;

Ірі агломерациялар: Астана және Алматы қалалары.

Бүгінгі күні "өндіруші" өңірлер мен ірі агломерациялар елдің экономикалық өсуінің басты драйверлері болып табылады.

Түйінді әлеуметтік-экономикалық параметрлер бойынша өңірлер арасында да, орташа республикалық деңгейге қатысты да едәуір алшақтық бар.

2.1. Өңірлердегі базалық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу

Қазіргі уақытта өңірлерде халықты базалық инфрақұрылыммен және қалалық жайлы ортамен қамтамасыз ету деңгейінде айырма бар.

Мысалы, Батыс макроөңірінде базалық инфрақұрылыммен (әлеуметтік, инженерлік, көліктік) қамтамасыз етілу жеткіліксіз әрі оның сапасы төмен деңгейде. Бұл туралы Өңірлік стандарттар жүйесіне (бұдан әрі – ӨСЖ) сәйкес елді мекендердің объектілермен және көрсетілетін қызметтермен (игіліктермен) қамтамасыз етілу мониторингінің нәтижелері айғақтайды.

Ұлттық білім беру деректер қоры (ҰБДҚ) мәліметіне сәйкес елімізде барлығы 11 681 мектепке дейінгі ұйым (бұдан әрі – МДҰ) жұмыс істейді (мемлекеттік – 5 476, жекеменшік – 6 205), онда 986 422 бала тәрбиеленуде.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сәйкес соңғы 5 жылда балалар санының (0–6 жас аралығындағы) айтарлықтай өсуі байқалады. Айталық, демографиялық және көші-қон процестері есебінен мектепке дейінгі жас саны Астана қаласында 20,6 %, Алматыда 14 %, Шымкентте 15,1 %, Маңғыстау облысында 11,2 % өсті. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту қызметтеріне деген сұраныстың артып отырғанын көрсетеді.

Соңғы 5 жылда МДҰ желісі 8,9 %-ға өсті (2020 ж. – 10 650, 2021 ж. – 10 871, 2022 ж. – 11 104, 2023 ж. – 11 346, 2024 ж. – 11 681), оның ішінде жекеменшік МДҰ саны 26,5 %-ға артты (2020 ж. – 4 570, 2021 ж. – 4 973, 2022 ж. – 5 423, 2023 ж. – 5 791, 2024

ж. – 6 217), ал мемлекеттік МДҰ саны 10,1 %-ға азайды (2020 ж. – 6 080, 2021 ж. – 5 898, 2022 ж. – 5 681, 2023 ж. – 5 555, 2024 ж. – 5 470).

Еліміздің мектептерінде барлығы 3,9 млн бала, оның ішінде ауылдық жерлерде 1,5 млн оқушы оқиды.

Ауылдық жерлерде барлығы 5 221 мектеп, оның ішінде 2 635 шағын жинақталған мектеп немесе еліміздегі шағын жинақталған мектептердің жалпы санының 98,8 %-ы (2 668) жұмыс істейді. Бұл ретте ауылдық жерлерде мектептер саны (5,2 мың) көп болса да, ондағы оқушылардың жалпы саны 1,5 млн, бұл 2,3 млн бала оқитын қала мектептерінің көрсеткішінен төмен.

2024 жылдың қорытындысы бойынша елдегі білім беру мектептерінің 19,0 %-ын күрделі жөндеу қажет. Ең жоғары көрсеткіш Атырау (45,1 %), Жамбыл (38,7 %) және Павлодар (36,9 %) облыстарында тіркелген.

Білім беру мектептерімен қамтамасыз етілу бөлігінде Батыс макроөңірінде және Орталық-Шығыс өңірлерінде қанағаттанарлық күйдегі мектептердің (күрделі жөндеуді қажет етпейтін және жай-күйі авариялық болып табылмайтын) қазіргі мектеп санына және жаңа объектілерді салу қажеттігіне арақатынасы республикалық орташа деңгейден төмен (74,9 %). Атырау (42,1 %), Жамбыл (52,2 %), Павлодар (61,7 %) және Ақтөбе (64,8 %) облыстарында мектептермен қамтамасыз етілу деңгейі төмен екені байқалады.

2024 – 2025 оқу жылында елде оқушы орындарының тапшылығы 270 мың бірлікті құрады. Алматы облысында (43,5 мың), Алматы қаласында (37,2 мың), Астана қаласында (29,3 мың), Түркістан облысында (26,7 мың) және Шымкент қаласында (21 мың) тапшылық деңгейінің жоғары екені байқалады. Халық өсімінің қазіргі көрсеткішін ескерсек, 2030 жылға қарай бүкіл ел бойынша тапшылық 1,0 млн орынға дейін ұлғаяды деп күтілуде.

Мектептермен қамтамасыз етілу және оқушы орнының тапшылығы өңірлердегі білім сапасына әсерін тигізеді. PISA деректеріне сүйенсек, 2022 жылғы тестілеу нәтижелеріне сәйкес математика, оқу және жаратылыстану пәндері бойынша Түркістан (1 125 балл) және Маңғыстау (1 117 балл, 2019 жылғы дерек) облыстарының оқушылары ең төмен балл алған, ал орташа республикалық көрсеткіш 1 234 балл. Ең жақсы көрсеткіш Астана (1 328 балл) және Алматы (1 334 балл) қалаларында.

Батыс өңірлерде күрделі жөндеуді қажет ететін мектепке дейінгі ұйымдар үлесінің жоғары екені (6,3 %-дан 13,9 %-ға дейін) байқалады, республика бойынша орташа көрсеткіш 6,1 %-ды құрайды (2024 жылғы деректер).

2024 – 2025 оқу жылында республикада 44 мектеп, оның ішінде Абай облысында 2, Ақмола облысында 1, Ақтөбе облысында 2, Атырау облысында 7, Батыс Қазақстан облысында 16, Жамбыл облысында 1, Қарағанды облысында 3, Қызылорда облысында 4, Маңғыстау облысында 3, Түркістан облысында 1, Ұлытау облысында 3, Астана қаласында 1 мектеп авариялық күйде болды.

Республика бойынша үш ауысымды мектептер саны 70 бірлікті құрайды (Ақтөбе облысы – 3, Алматы облысы – 30, Атырау облысы – 9, Жамбыл облысы – 1, Батыс Қазақстан облысы – 8, Маңғыстау облысы – 10, Павлодар облысы – 3, Түркістан облысы – 1, Солтүстік Қазақстан облысы – 1, Астана қаласы – 4).

"Жайлы мектеп" ұлттық жобасы аясында оқушыларға жайлы, қауіпсіз әрі заманауи жағдай жасалатын мектептердің, оның ішінде ауылдық жерлерде, құрылысы жүргізілуде.

Макроөңірлерде денсаулық сақтау объектілерінің сапасына қатысты ахуал әртүрлі. Алматы қаласында (26 %), Атырау (20,9 %) және Маңғыстау (20,7 %) облыстарында күрделі жөндеуді қажет ететін денсаулық сақтау мекемелерінің үлесі жоғары екені байқалады, ал елімізде орташа көрсеткіш 10,1 %-ды құрайды.

Ауылдық елді мекендердің (бұдан әрі – АЕМ) әлеуметтік-экономикалық мониторингінің деректері бойынша 2023 жылы ауылдық жерлердегі денсаулық сақтау объектілерінің саны 5 025 бірлікті құрады.

Бұл ретте 2 477 ауылда медициналық объектілер ыңғайластырылған үй-жайларда орналасқан, 2 224 ауылда олар 40 жылдан астам уақыт бұрын салынған.

"Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту" пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде 2024 жылдың қорытындысы бойынша 655 медициналық объектінің ішінде (оның ішінде 253 медициналық пункт, 160 дәрігерлік амбулатория және 242 фельдшерлік-акушерлік пункт) 361 медициналық-санитариялық алғашқы көмек объектісі аяқталып, пайдалануға берілген.

Денсаулық сақтау ұйымдарының желісін жоспарлау және дамыту (күрделі жөндеу, реконструкциялау, салу) денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың өңірлік перспективалы жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

Көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасы бойынша да өңірлер арасында теңгерімсіздік байқалады.

Батыс және Оңтүстік макроөңірлерінде нәрестелердің шетінеу деңгейі республикалық орташа көрсеткіштен жоғары. Ақтөбе (9,64 жағдай), Ұлытау (8,82 жағдай) және Қостанай (8,73 жағдай) облыстарының көрсеткіштері ең нашар.

Аналар өлім-жітімінің деңгейі Орталық-Шығыс және Солтүстік макроөңірлерінде, атап айтқанда Абай, Ақмола және Шығыс Қазақстан облыстарында да жоғары. Қазақстан Республикасы бойынша орташа көрсеткіш 2019 – 2023 жылдары 100 мың тірі туған нәрестеге шаққанда 24,7 жағдай болса, Ұлытау облысында 64,3 жағдайды, Атырау облысында 48,7 және Қостанай облысында 43,0 жағдайды құрады.

Елдегі орташа өмір сүру ұзақтығы 75,44 жас болса, орташа өмір сүру ұзақтығы бойынша Алматы (78,78 жас) және Астана (78,52 жас) қалаларының көрсеткіштері жоғары. Төмен көрсеткіш Ұлытау (72,48 жыл), Шығыс Қазақстан (73,41 жыл) және Солтүстік Қазақстан облыстарында (73,68 жыл) тіркелген.

Жол инфрақұрылымының сапасына келсек, елімізде орта есеппен қаладағы жолдардың 25 %-дан астамы және АЕМ жолдардың 57,4 %-ға жуығы қанағаттанарлықсыз күйде. Маңғыстау (77,2 %), Ақтөбе (51,1 %), Ақмола (45,9 %), Солтүстік Қазақстан (38,3 %) және Алматы (36,8 %) облыстарында қалалардағы жол сапасы көрсеткіштерінің төмен екені байқалады. Ең жақсы көрсеткіш Алматы (7,9 %) және Астана (8,2 %) қалаларында.

Бүгінгі күні жергілікті жерлердегі жол сапасының төмен болуы ауылдық аумақтар арасында байланыстың әлсіз болуына және олардың экономикалық дамуына кедергі келтіреді.

Қалалардың жолмен қамтамасыз етілуі бөлігінде қанағаттанарлық күйдегі жол ұзындығының жалпы жол ұзындығына және жаңа жол салу қажеттігіне арақатынасында Маңғыстау (18,9 %) және Ақтөбе (37,6 %) облыстарында алшақтық бар. Орта есеппен Қазақстан Республикасы бойынша қамтамасыз етілу шамамен 68,0 %-ды құрайды, ал ең үздік көрсеткіштер Алматы қаласында (87,5 %), сондай-ақ Ұлытау (87,3 %) және Павлодар облыстарында (85,2 %).

АЕМ ішіндегі жолдардың сапасы бойынша Ақтөбе (62,5 %), Батыс Қазақстан (59,8 %) және Павлодар (49,2 %) облыстарының көрсеткіштері төмен. Жоғары көрсеткіш Ұлытау (18,9 %), Түркістан (21,4 %) және Жамбыл (23,1 %) облыстарында тіркелген.

Батыс макроөңірінде ауылдарды жолдармен қамтамасыз ету көрсеткіштері төмен: Ақтөбе – 19,0 %, Батыс Қазақстан – 31,9 % және Маңғыстау – 47,1 %. Қазақстан Республикасы бойынша орташа алғанда қамтамасыз етілу шамамен 56 %-ды құрайды, ал ең жақсы көрсеткіштер Түркістан (71,4 %) және Жамбыл (70,1 %) облыстарында.

Интернет желісіне қолжетімділікте қала мен ауыл арасында алшақтық бар. 2024 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда кең жолақты Интернетпен қамту 93,6 %-ды құрайды. 3 өңірде қолжетімділік 90 %-дан төмен, бұлар – Ұлытау (78,7), Жетісу (84,5 %), Алматы (87,5 %) облыстары.

2024 жылдың басында өңірлерде коммуналдық және энергетикалық инфрақұрылымның тозуы байқалады, бұл инфрақұрылымды жаңғыртуға инвестиция салуды талап етеді. Қазақстан Республикасы бойынша орта есеппен желілердің тозуы электрмен жабдықтауда 64,0 %-ды, су бұруда 55,9 %-ды және жылумен жабдықтауда 53,1 %-ды құрайды. Орталық-Шығыс макроөңірінде коммуналдық желілердің тозу деңгейі жоғары екені байқалады. Сумен жабдықтау желілерінің орташа тозуы 47-52 %-ды құрайды (республика бойынша орташа көрсеткіш – 40 %). Су бұру желілерінің тозуы орта есеппен 70 %-дан асады (56,6 % болатын Абай облысын қоспағанда). Жылумен жабдықтау желілерінің тозуы 80,5 % болатын Павлодар облысын қоспағанда, орташа республикалық көрсеткіштен асып, 58 %-66 %-ды құрайды.

Солтүстік макроөңірінде электрмен жабдықтау желілерінің тозуы, әсіресе Солтүстік Қазақстан облысында (95 %) және Ақмола облысында (51 %) жоғары. Оңтүстік және батыс макроөңірлерінде де электрмен жабдықтау желілерінің тозуы жоғары: Алматы

облысында – 88,8 %, Жетісу облысында – 87,0 %, Батыс Қазақстан облысында – 82,0 % және Ақтөбе облысында – 82,4 %. Алматы облысында да сумен жабдықтау (53,5 %) және су бұру (70,0 %) желілерінің тозуы жоғары деңгейде.

Астанада коммуналдық желілердің тозуы шамамен 40 % (жылумен жабдықтау бойынша – 54,4 %), ал Алматы қаласында электрмен жабдықтау (88,8 %) және сумен жабдықтау желілерінің (54,3 %) тозу дәрежесі жоғары.

2024 жылдың қорытындысы бойынша елдің барлық ауылдық елді мекендері бойынша электрмен жабдықтаумен қамтамасыз ету деңгейі 99 %-ды құрады. 3 облыста 14 АЕМ электрлендірілмеген (Абай облысында – 2, Атырау облысында – 4, Қызылорда облысында – 4).

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің деректері бойынша ауылдық жерлерде барлығы 5 454 ауыл сумен жабдықтау қызметтерін ала алады. Қалған ауылдардың 251-інде орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесін салу қажет. Бұл ретте бюджет қаражатын тиімді пайдалану мақсатында 311 АЕМ-де суды тазартатын кешенді блок-модульдер мен су үлестіру пункттерін жергілікті бюджет есебінен орнату талап етіледі.

Ауылдық тұрғын үй қорын абаттандыру жақсарып келеді, бірақ әлі де қалалық деңгейден артта. Өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкес АЕМ-ді объектілермен және көрсетілетін қызметтермен (игіліктермен) қамтамасыз ету деңгейі соңғы 3 жылда 3,6 п.т. ұлғайып, толық 65,8 %-ды құрады.

Ауылдық аумақтарды газдандыру жалғасуда. Энергетика министрлігінің деректері бойынша АЕМ-ді газдандыру деңгейі 2022 – 2024 жылдары 4,7 %-ға өсіп, 62,3 %-ды құрады (1978 АЕМ).

Қазақстанның кейбір қалаларында көгалдандыру деңгейі халықаралық стандарттарға, оның ішінде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (бұдан әрі – ДДҰ) ұсынымдарына (жан басына шаққанда 50 м² жасыл желек) сәйкес келмейді. Қазақстан Республикасында бұл көрсеткіш: Шымкентте – 6 м², Алматыда – 12 м², Астанада – 14 м².

Қазақстанның елді мекендерінде тазалық пен санитариялық жағдайды жақсарту шаралары талап етіледі: жыл сайын ел көшелерінде 275 мың тонна қоқыс тасталады, рұқсат етілмеген 5 683 үйінді тіркелген.

Ел аумағындағы 1 873 АЕМ-де ғана тұрмыстық қатты қалдықтар полигондары бар, олардың көпшілігі экологиялық талаптар мен санитариялық нормаларға сәйкес келмейді.

АЕМ тұрғындарында қалдық жинайтын орталықтандырылған жүйе жоқ және қалдықтарды тасып шығару қызметі көрсетілмейді, бұл бейберекет полигондардың түзілуіне әкеп соғады. Оларды жою үшін жергілікті атқарушы органдар жыл сайын қомақты қаражат жұмсайды.

Қоғамдық кеңістіктер саны жыл сайын артып келеді. Қоғамдық кеңістіктерді одан әрі кеңейту есебінен, әсіресе спорт және мәдениет инфрақұрылымы саласында, қолайлы қалалық орта қалыптастыру жұмысын жалғастыру қажет. 43 мың спорт объектісінің 61,5 %-ын ашық алаңдар құрайды. Мәдениет саласында 437 объект салу қажет, ал 1000-нан астам мекеме күрделі жөндеуді қажет етеді.

Ауылдық жерлерде мәдени-демалыс ұйымдарының саны 2024 жылғы 1 қаңтарға 2,8 мың бірлікті құрады.

АЕМ-де мәдени-демалыс ұйымдарын жөндеу (504 бірлік) және материалдық-техникалық базаны (936 бірлік) жиынтықтау талап етіледі.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету маңызды мәселе болып табылады. 2023 жылы қылмыстың 11,7 %-ы қоғамдық орындарда жасалған. 23 қалада жарықтандырылған қала көшелері 50 %-дан аз.

2024 жылдың қорытындысы бойынша АЕМ-де 1,9 мыңнан астам учаскелік полиция пункті (бұдан әрі – УПП) жұмыс істейді, қосымша 252 УПП салу талап етіледі. Учаскелік полиция инспекторларында 2 101 бірлік қызметтік автокөлік бар, бұл ретте қажеттілік 858 бірлікті құрайды.

Әлеуметтік инфрақұрылымның қолжетімділігі бойынша Жетісу (66 %), Ақтөбе (64 %) және Батыс Қазақстан облыстары (63 %) Қазақстанның жүріп-тұруы шектелген азаматтары үшін ең қолжетімді өңірлер болып табылады, ал Алматы (22 %) және Ұлытау (26 %) облыстарында бұл көрсеткіш деңгейі төмен. 2023 жылы 1 783 тексеру жүргізілді, нәтижесі бойынша қолжетімділік стандарттарын сақтамағаны үшін 98,4 млн теңге сомасына 467 айыппұл салынды.

Қалалардың бірыңғай сәулеттік келбетін қалыптастыру қала тұрғындарының экономикалық әл-ауқаты мен тұрмыс сапасының маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Жарнама орналастырудың бірыңғай стандарттары мен сәулеттік шешімдердің болмауы көзге қораш көрініп, қалалық орта сапасының төмендеуіне алып келеді.

Бұл бағытта Қазақстанда астана мен республикалық маңызы бар қалаларда бірыңғай дизайн-код енгізу жұмыстары басталды. Таяудағы жылдары өңірлерде біртұтас және үйлесімді қалалық орта құру бойынша жұмыс жалғасады.

Әлемде дүлей апат санының өсуі байқалып отыр, сарапшылар мұны негізінен климаттың өзгеруімен байланыстырады. Қазақстан ТЖ туындауының, олардың әлеуметтік салаға және қоршаған ортаға теріс әсер етуінің жалпы әлемдік заңдылықтарынан ерекшеленіп қалмайды.

Географиялық орналасуына және аумағының ұланбайтақ кең болуына байланысты Қазақстан климатының өзгеруі өңірлер бойынша да, маусымдар бойынша да біртекті емес және республиканың биофизикалық жүйелеріне, экономикалық қызметіне және әлеуметтік саласына әсерін тигізеді.

Кез келген төтенше жағдай – бұл әрдайым адамдардың қалыпты тыныс-тіршілік жағдайларының бұзылуы, ол азаматтық қорғау жүйесінің дайындығын және азаматтарды қорғауда тиімді шаралар қабылдауды талап етеді.

Қайталану жиілігі тұрғысынан ең көп таралған қауіп – өрт. Өрт проблемасы өзінің ауқымы бойынша жаһандық сипатқа ие болып, ұлттық мүддеге ғана емес, халықаралық мүддеге де әсерін тигізеді. Ауқымды орман алқаптарының жануы елдердің экономикасына әсерін тигізіп қана қоймайды, бастысы – қоршаған ортаға орны толмас шығын келтіреді.

2024 жылы Қазақстан Республикасында 11 549 өрт тіркелді, материалдық шығын 24 млрд 234 млн теңгені құрады.

Өрт санының өсуі Шымкент қаласында 58 %-ға (2023 жылы – 247, 2024 жылы – 390), БҚО – 31 %-ға (2023 жылы – 568, 2024 жылы – 743), Астана қаласында – 17 %-ға (2023 жылы – 632, 2024 жылы – 739), Маңғыстау облысында – 8 %-ға (2023 жылы – 256, 2024 жылы – 276), Алматы облысында – 4,6 %-ға (2023 жылы – 894, 2024 жылы – 935), Атырау облысында – 4,5 %-ға (2023 жылы – 266, 2024 жылы – 278), Жетісу облысында – 1,5 %-ға (2023 жылы – 413, 2024 жылы – 419), Алматы қаласында – 1,3 %-ға (2023 жылы – 670, 2024 жылы – 679) ұлғайған.

Өңірлер үшін маңызды мәселелердің бірі – рұқсат етілген және жабдықталған шомылатын жерлердің болмауы, бұл ауылдық елді мекен тұрғындарының тыйым салынған жерлерде және жабдықталмаған су айдындарында шомылуына негізгі себеп болып отыр (ҚР ІІМ-нің 2015 жылғы 19 қаңтардың № 34 бұйрығына сәйкес құтқарушылармен жасақталған және құтқару жабдықтарымен және жарақтарымен, кезекші медициналық персоналмен медициналық алғашқы көмек көрсетуге арналған үй-жаймен және балаларға шомылуға арналған қажетті құралдармен және дәрі-дәрмекпен және учаскелермен жарактандырылған құтқару бекеттерінің болуы, суға шомылуға бөлінген су айдыны учаскесінің түбін 2 метрге дейінгі тереңдікте тексеру және тазалау, сондай-ақ жағажайдың су айдындарындағы қауіпсіздік ережелерінің талаптарына сәйкестігін көзбен шолып тексеру талап етіледі), бұл талаптардың сақталмауы халықтың қауіпсіз демалуына келеңсіз әсерін тигізіп, нәтижесінде азаматтардың қаза болуына әкеп соғады. Жыл сайын суға кетіп қаза тапқандардың 80-90 %-ы дәл осындай жерлерде тіркеледі.

Осыған байланысты рұқсат етілген және жабдықталған шомылу орындарын құру, жұмыс істеп тұрған су айдындарын қауіпсіздік қағидаларына сәйкес жарактандыру мүмкіндігін қарастыру, сондай-ақ халықтың демалуы мен шомылуы үшін қосымша коммуналдық және жекеменшік орындар құру ұсынылады.

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің және азаматтық қорғау туралы заңнаманың негізінде алдын алу қағидаты жатыр. Дәл осы қағидатқа сәйкес орталық және

жергілікті деңгейде төтенше жағдайлардың алдын алу мен олардың салдарын жоюға, адам өлімі мен материалдық шығынды азайтуға бағытталған барлық іс-шаралар алдын ала жоспарланып, бұдан кейіннен дәл орындалуға тиіс.

2.2. Өңірлердің экономикалық даму деңгейі

Өңірлердің экономикалық дамуының қазіргі деңгейі елдің анағұрлым теңгерімді әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету және барлық өңірлердің ұлттық экономикаға қосқан үлесін күшейту үшін алғышарттар жасайтын дәстүрлі өсу драйверлері ретінде тау-кен өндіруші өңірлер үлесінің төмендеуімен және ірі агломерациялардағы баяулаумен сипатталады.

2019 – 2023 жылдар аралығында елдің ЖІӨ-не батыс өңірлері қосқан үлес негізінен тау-кен өнеркәсібі саласы үлесінің қысқаруы есебінен 29,9 %-дан 25,9 %-ға дейін төмендеді. 2024 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша батыс өңірлердің елдің ЖІӨ-дегі үлесі 26,6 %-ды құрады. Батыс макроөңірі тау-кен саласына тәуелділігінің жоғары болуымен және экономиканы, әсіресе моноқалалардағы (Жаңаөзен, Құлсары, Хромтау, Ақсай) экономиканы әртараптандырудың жеткіліксіздігімен сипатталады. Макроөңір Қазақстан Республикасының өндіруші секторының 78,3 %-ын және өңдеуші өнеркәсіп секторының небәрі 11,7 %-ын құрайды. Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарында өңір экспортының жалпы көлеміндегі өңдеу өнеркәсібінің экспорты (3,7 %) республикалық орташа деңгейден (31,8 %) 8 еседен астам төмен, бұл республика бойынша ең төменгі көрсеткіш болып табылады.

2024 жылғы 9 айдың деректері бойынша Батыс Қазақстан облысында жалпы өңірлік өнімдегі негізгі капиталға салынған инвестицияның үлесі (13,8 %) орташа республикалық деңгейден (13,0 %) төмен. Қызылорда және Ақтөбе облыстарында экономикадағы еңбек өнімділігі (Қазақстан Республикасында – 7,8 млн теңге/адам, Қызылорда облысында – 5,3 млн теңге/адам, Ақтөбе облысында – 6,4 млн теңге/адам) республика бойынша орташадан төмен.

Барлық батыс өңірлерде шағын және орта бизнестің (бұдан әрі – ШОБ) жалпы өңірлік өнімдегі (бұдан әрі – ЖӨӨ) үлесі 39,3 % болып табылатын республикалық орташа көрсеткіштен (2024 жылдың 9 айы) төмен.

Оңтүстік макроөңірі ел экономикасына өз үлесін 13,2 %-дан 15,1 %-ға дейін айтарлықтай ұлғайтты, бұған негізінен сервистік және әлеуметтік көрсетілетін қызметтер секторларының дамуы себеп болды. Дегенмен макроөңірдің өнімділігі төмен және ұсақ тауарлы ауыл шаруашылығына (мақта және қант қызылшасының 100 %-ы, көкөніс өнімінің 75 %-ы) тәуелділігі жоғары күйінде қалып отыр. АӨК-те өңдеудің және жеміс-көкөніс өнімдері мен азық-түлік өнімдерін сақтауға арналған қойма инфрақұрылымының жеткілікті дамымауы, суаратын судың, жайылымдық жерлердің тапшылығы, сондай-ақ өңдеуші өнеркәсіп салаларында (тамақ, жеңіл өнеркәсіп, химия өнеркәсібі) әлеуеттің толық пайдаланылмауы байқалады.

Бүкіл оңтүстік өңірде еліміз бойынша экономикада еңбек өнімділігі төмен, макроөңір бойынша орташа алғанда – 4,0 млн теңге/адам, бұл республика бойынша орташа – 7,8 млн теңге/адамнан 1,9 есе төмен (2024 жылдың 9 айы).

Оңтүстіктегі 5 облыстың 3-еуінде (Түркістан, Жамбыл, Жетісу) ШОБ ЖӨӨ-дегі үлесі республикалық орташа көрсеткіштен төмен (2024 жылдың 9 айында 39,3 %). Бұл фактілер макроөңір экономикасының тиімділігі мен әртараптандырылуын, әсіресе моноқалалар мен шағын қалаларда (Текелі, Жаңатас, Қаратау, Кентау) одан әрі арттыру қажет екенін көрсетеді.

Солтүстік макроөңірі өңдеу өнеркәсібінің үлесін арттыру есебінен елдің ішкі жалпы өніміне қосқан үлесі бойынша позициясын 8,3 %-дан 9,1 %-ға дейін нығайтты. Дегенмен макроөңірде дәнді дақылдар мен бұршақ дақылдарының 67 %-ы, оның ішінде бидай жинаудың 78 %-ы қамтамасыз етілетін ауыл шаруашылығына тәуелділік жоғары күйінде қалып отыр, өңір өсімдік шаруашылығында моно-маманданған және ауыл шаруашылығындағы өңдеудің дамуы әлсіз.

2024 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша Ақмола (13,2 %) және Қостанай облыстарында (12,5 %) жалпы өңірлік өнімдегі негізгі капиталға салынған инвестицияның үлесі республикалық орташа көрсеткіштен (13,8 %) төмен. Бұл ретте бүкіл солтүстік өңірде экономикадағы еңбек өнімділігі орташа республикалық деңгейден төмен – 7,8 млн теңге/адам, осыған ұқсас жағдай ЖӨӨ-дегі ШОБ үлесінде де байқалады.

Бұл фактілер инвестиция көлемін ұлғайту және еңбек тиімділігін арттыру қажеттігін көрсетеді. Моноқалалардың (Арқалық, Жітіқара, Лисаковск, Рудный, Степногорск) экономикасын әртараптандыруда проблемалар бар.

Орталық-шығыс макроөңірінің ел экономикасына қосқан үлесі негізінен тау-кен секторының өсуі есебінен 17,9 %-дан 18,4 %-ға дейін өсті. Алайда өңір бастапқы өңдеу сатыларының: 99 % көмір өндірудің, 65,5 % металл кенін өндірудің, 64 % қара және түсті металл өндірудің, 66 % металл құюдың шектеулі мамандану проблемасымен бетпе-бет келіп, металл өңдеу сияқты өндірістің анағұрлым жоғары сатыларына аз қатысады (елдегі металл өңдеудің 36 %-ты), сондай-ақ өңдеуші салалардағы (машина жасау, металл өңдеу, фармацевтика, мұнай өңдеу) әлеует нашар пайдаланылады.

Абай (58,5 %) және Ұлытау (53,3 %) облыстарында ЖӨӨ-дегі шикізатқа қатысы жоқ секторлардың үлесі орташа республикалық деңгейден (75,9 %) төмен.

2024 жылғы 9 айдағы деректер бойынша 5 орталық-шығыс өңірінің 3-інде – Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Ұлытау облыстарында жалпы өңірлік өнімдегі негізгі капиталға салынған инвестицияның үлесі республикалық орташа көрсеткіштен төмен (13,8 %).

Бұл ретте Абай, Павлодар облыстарында да экономикадағы еңбек өнімділігі орташа республикалық деңгейден төмен – 7,8 млн теңге/адам (2024 жылдың 9 айында).

Орталық-шығыс өңірлерінде ЖӨӨ-де ШОБ үлесі жалпы жоғары емес екені көрінеді. Жалпы бұл фактілер экономиканы әртараптандыру (әсіресе Теміртау, Балқаш, Жезқазған, Шахтинск, Абай, Екібастұз, Ақсу, Риддер, Алтай, Курчатов, Серебрянск, Сәтбаев, Қаражал қалаларында) және оның басқа салаларында тиімділікті арттыру қажеттігін көрсетеді.

Ірі агломерациялардың ел экономикасына үлесі тұрақсыз, бұл дәстүрлі өсу драйверлері (сауда, құрылыс және басқа да қызметтер) дамуының төмендеуімен байланысты болуы мүмкін. Қалалардағы экономикалық белсенділіктің негізгі көздері қызмет көрсету саласы (сауда, жылжымайтын мүлікпен операциялар) болып табылады.

Тұтастай алғанда, өңірлер бөлінісінде экономикалық дамудағы айырма сақталуда.

Мысалы, жан басына шаққандағы ЖӨӨ бойынша ең жоғары (Атырау) және ең төменгі (Түркістан) мәндердің арасындағы айырма 9,5 есеге жетеді (2024 жылдың 9 айында).

Экономикалық дамудағы теңгерімсіздік өнеркәсіптік өндірістің ел бойынша біркелкі бөлінбеуінен де көрінеді. 2024 жылдың қорытындысы бойынша өнеркәсіп өнімінің жартысына жуығы елдің бес өңірінде (Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Маңғыстау, Павлодар) өндірілді.

Жан басына шаққандағы негізгі капиталға салынған инвестиция көлемінің көрсеткіштері де экономикалық белсенділіктің біркелкі бөлінбегенін айғақтайды. 2024 жылдың қорытындысы бойынша жан басына шаққандағы негізгі капиталға салынған инвестиция бойынша Атырау облысы (3 072 мың теңге) Жамбыл облысының көрсеткішінен (414,5 мың теңге) 7 есе артық.

Негізгі капиталға инвестиция көлемінің жеткіліксіз болуы өндірістік активтердің ел аумағында орналасуына әсерін тигізді. Елдің бүкіл негізгі қорының 56 %-дан астамы елдің үш өңірі: Атырау облысына (30,0 %), Астана (15,9 %), Алматы (10,2 %) қалаларына тиесілі. Ал елдегі жұмыс күшінің 30 %-дан астамы орналасқан оңтүстік макроөңірінде елдегі негізгі қорлардың 9,7 %-ы ғана орналасқан.

Экономикалық дамудағы теңгерімсіздік халықтың табысы мен тұрмыс деңгейіне әсерін тигізуде. Ең жоғары жалақы Батыс макроөңірінде (Атырау, Маңғыстау облыстары), Орталық-Шығыс макроөңірінде (Ұлытау), сондай-ақ ірі агломерациялар Астана мен Алматыда. Бұл ретте Оңтүстік және Солтүстік макроөңірлерінде орташа жалақы республикалық орташа деңгейден төмен (Қазақстан Республикасы бойынша 2024 жылы орташа көрсеткіш 402,6 мың теңге).

2024 жылғы 4-тоқсанда өңірлер арасындағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен (Қазақстан Республикасы бойынша орташа – 4,8 %) халықтың үлесі бойынша алшақтық 4,0 есе болды. Табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың ең көп үлесі Оңтүстік макроөңірінде (3,6 %-дан 8,4 %-ға дейін), сондай-ақ Батыс макроөңірінде, атап айтқанда Маңғыстау (7,9 %) және Ақтөбе (5,5 %) облыстарында байқалады.

Батыс және Оңтүстік макроөңірлерінде жұмыссыздық деңгейі орташа республикалық деңгейден (4,7 %) жоғары.

Солтүстік және Оңтүстік макроөңірлерінде өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың үлесі жоғары (24,7 %-дан 34 %-ға дейін). Атап айтқанда, Түркістан облысында жұмыспен қамтылған халықтың 46,4 %-ын өзін-өзі жұмыспен қамтығандар (379,3 мың адам) құрайды.

Жұмыссыздар мен өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың басым бөлігі 35-44 жас аралығындағылар және тиісінше 159,5 және 577,3 мың адамды құрайды.

Тәуелсіздік кезеңінде ауыл экономикасы меншік нысандарының өзгеруінен және өмірдің барлық салаларының нарықтық негіздерге көшуінен туындаған елеулі өзгерістерден өтті.

СЖРА ҰСБ деректері бойынша соңғы 3 жылда елдің ЖІӨ-дегі ауыл шаруашылығының үлесі 3,9-5,2 % аралығында болды. 1 миллионға жуық адам үшін ауыл шаруашылығы жұмыспен қамтудың негізгі түрі болып табылады (отбасылық коэффициентін ескергенде – 3-4 миллион адам үшін). Сонымен қатар экономиканың бұл секторы өнімділігі төмен күйінде қалып отыр.

2022 – 2024 жылдар аралығында ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылғандардың үлесі 24,9 %-дан 26,6 %-ға дейін біртіндеп ұлғайған.

Қала және ауыл тұрғындары кірісінің құрылымындағы басты айырма – еңбек қызметінің сипаты. Ауылдық жерлерге қала халқына қарағанда өзін-өзі жұмыспен қамтудан түсетін кірістің үлес салмағының жоғары болуы тән.

Соңғы үш жыл бойы ауыл шаруашылығындағы орташа айлық жалақы орташа республикалық деңгейден 1,4 есе төмен болды, бұл ауыл мен қала халқының кіріс деңгейі бойынша айтарлықтай алшақтық бар екенін көрсетеді.

СЖРА ҰСБ деректері бойынша 2024 жылдың 12 айында ауыл шаруашылығындағы (орман және балық шаруашылығын қоса алғанда) орташа айлық атаулы жалақы 262,4 мың теңгені құрады. Бұл 2023 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 19,1 %-ға көп.

Ауыл шаруашылығындағы жалақы экономиканың барлық салаларының арасында ең төмендердің бірі болып отыр. Мысалы, өнеркәсіптегі орташа жалақы 564,8 мың теңгені, ал қаржы секторында 857,2 мың теңгені құрайды.

Сонымен қатар ауыл шаруашылығындағы орташа жалақының медиандық мөлшері соңғы 3 жылда 135,6 мың теңгеден 194,1 мың теңгеге дейін өсті.

Сол кезеңде Қазақстанның кірісі ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен ауыл халқының үлесі сол кезеңде 6,6 %-дан 5,4 %-ға дейін төмендеді, бұл ауылдық жерлерде кедейлік деңгейінің біртіндеп төмендеп келе жатқанын көрсетеді.

Әрбір үшінші ауыл тұрғыны (1,2 млн астам адам) өз бетінше жұмыспен қамтылған, бұл олардың ресми жұмысқа орналасу (жалдамалы жұмыс) мүмкіндігінің жоқ екенін айғақтайды.

Дегенмен ауыл халқының экономикалық әл-ауқатын жақсартудың алғышарттары бар.

Мәселен, соңғы 5 жылда ауыл шаруашылығының негізгі капиталына салынған инвестиция көлемі 573,2 млрд теңгеден 919 млрд теңгеге дейін 1,6 есе ұлғайды. Бұл ретте ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі осы кезеңде 6,3 трлн теңгеден 8,3 трлн теңгеге дейін 1,3 есеге өсті.

Сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешен (бұдан әрі – АӨК) өнімі экспортының 3,4 млрд АҚШ долларынан (2020 жылы) 6,4 млрд долларға дейінгі (2023 жылдың қорытындысы бойынша) оң серпіні байқалады.

Ауылдық жерлерде 2024 жылдың қорытындысы бойынша 61,7 мың заңды тұлға және 467,5 мың жеке кәсіпкер жұмыс істейді. Өткен жылдармен салыстырғанда ауыл шаруашылығындағы белсенді заңды тұлғалар саны аздап өскен.

Бағдарламалық құжаттар шеңберінде ауылдық жерлерде шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі шаралар іске асырылуда.

Қолдаудың пәрменді шараларының бірі "Ауыл аманаты" жобасын іске асыру, ол кәсіпкерлікті дамытуға ғана емес, сонымен қатар ауыл халқын (соның ішінде проактивті форматтағы тетіктермен халықтың әлеуметтік осал топтарын) қолдаудың тиімділігін және атаулы болуын арттыруға бағытталған.

Жобада ауыл тұрғындарына мал шаруашылығын, өсімдік шаруашылығын, ауыл шаруашылығы кооперациясын, сондай-ақ ауыл шаруашылығына қатысы жоқ бизнесті дамытуға жылдық 2,5 %-ға дейінгі сыйақы мөлшерлемесі бойынша микрокредит беру көзделеді.

Бұдан басқа, "Ауыл аманаты" жобасында ауыл шаруашылығы кооперативтеріне ең жоғары сомасы 8 мың АЕК-ке дейін кредит беру көзделген.

Осы тетіктің арқасында 2023 жылдан бері өңірлерде 16 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылып, шамамен 95,8 млрд теңге сомасына халыққа 15 мың микрокредит берілді, ЖҮШ мен шаруа және фермер қожалықтарын, сондай-ақ қайта өңдеу кәсіпорындарын біріктіретін 534 жаңа ауыл шаруашылығы кооперативі құрылды, оның ішінде 9,7 млрд теңгеден астам сомаға 442 кооператив қаржыландырылды.

Сонымен бірге жобаны іске асыру шеңберінде республиканың 166 ауданы мен 16 қаласындағы 2 260 ауылдық округіне скрининг өткізілді, қорытындысы бойынша жеке қосалқы шаруашылықтың мамандандырылуы төмен, орташа және жоғары ауыл шаруашылығы округтері айқындалды. Жеке қосалқы шаруашылықтарға микрокредит беру әлеуеті және кооперацияны дамыту перспективасы айқындалды.

Өңірлер арасындағы экономикалық дамудағы, кіріс пен тұрмыс сапасындағы айырмашылықтар ішкі көші-қон бағыттарын қалыптастырады. Қалалар экономикасының дамуына байланысты өңірлерде ауылдық елді мекендерден қарқынды көші-қон процесі жалғасуда. Ішкі көші-қонда ең белсендісі 20-34 жастағы топ, ол Қазақстандағы жалпы көші-қон легінің 34,5 %-ын құрайды.

Халықтың ең көп кетуі Оңтүстік макроөңірінде, әсіресе Түркістан (184,8 мың адам), Жамбыл (116,4 мың адам), Алматы (85,5 мың адам) облыстарында, сондай-ақ Қызылорда (48,6 мың адам), Шығыс Қазақстан (67,9 мың адам), Солтүстік Қазақстан (47,6 мың адам) және Қарағанды облыстарында (47,4 мың адам) байқалады.

Қазақстанның 2020 – 2024 жылдар аралығындағы демографиялық жағдайы оң серпінмен ерекшеленеді. Халық саны 1,4 миллион адамға өсті және 2024 жылдың қорытындысы бойынша 20,28 млн адамды құрады.

Халық санының өсуі республикалық маңызы бар қалаларда және оңтүстік және батыс өңірлерде, халық санының азаюы Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарында, сондай-ақ Абай және Жетісу облыстарында байқалады. Бесжылдық кезеңде бұл өңірлердегі халық саны 81,7 мың адамға азайды.

2020 – 2022 жылдар аралығында елімізде көші-қонның теріс сальдосы байқалды, 2023 жылдан бері оң мән байқалды, соңғы 2 жылда келгендердің саны кеткен адамдардың санынан 25,8 мың адамға артық болды.

Өңірлер бөлінісінде 2020 – 2024 жылдары көші-қон легі есебінен халық санының өсуі Маңғыстау облысында, Астана, Алматы және Шымкент қалаларында байқалды. 2022 жылдан бері бұл тізімге Алматы облысы қосылды, соңғы екі жылда миграциялық лек есебінен облыс халқының саны 9,9 мың адамға өсті.

Ішкі көші-қон процестерінде республикалық маңызы бар қалалар халықтың тартылыс нүктелері болып табылады. 2024 жылы елдің басқа өңірлерінен келген адамдар саны басқа өңірлерге кеткендер санынан Астана қаласында – 73,2 мың адамға, Алматы қаласында – 36,1 мың адамға, Шымкент қаласында – 9,4 мың адамға асып түсті.

Сыртқы көші-қон легі Алматы, Маңғыстау, Түркістан облыстарында, Шымкент қаласында байқалады. Басқа өңірлерде елден кеткендер саны келгендер санынан асып түседі. Бұл өңірлерге көршілес елдерден (Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғызстан, Қытай, Моңғолия) қандастар қоныс аударуда.

2024 жылы елдегі урбандалу деңгейі 63,0 %-ды құрады. Болжамға сәйкес 2030 жылға қарай урбандалу деңгейі 63,9 %-ды құрайды. Бұл ретте бірқатар өңірлерде урбандалу төмен деңгейде қалып отыр (Алматы облысында – 19,4 %, Түркістан облысында – 25,1 %, Жамбыл облысында – 43,8 %, Жетісу облысында – 44,8 %).

Көптеген өңірлерде халық санының өсуі табиғи өсім есебінен жүзеге асуда. Солтүстік өңірлерде табиғи азаю және табиғи өсім мәнінің төмен болуы байқалады. Солтүстік Қазақстан облысында 2020 жылдан бері халық саны табиғи жолмен кеміген, табиғи кему есебінен өңірдің жалпы шығыны 4,3 мың адамды құрады. 2024 жылғы жағдай бойынша Шығыс Қазақстан облысында табиғи өсім коэффициенті 1000 адамға шаққанда небәрі 0,40, Қостанай облысында 1000 адамға шаққанда 0,86-ны құрады.

Демографиялық даму деңгейі бойынша өңірлерді 3 топқа бөлуге болады:

Өңірлердің бірінші тобында халық санының ең жоғары өсімі байқалады және күтілуде. Бұл – Алматы, Атырау, Маңғыстау, Түркістан облыстары, Астана, Алматы, Шымкент қалалары.

Өңірлердегі халық санының өсу үрдісі тиісті инфрақұрылыммен озыңқы қамтамасыз ету және жұмыс орындарын құру шараларын қабылдауды талап етеді.

Екінші топқа халық санының өсімі тұрақты өңірлер жатады. Бұл – Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда облыстары.

Бұл өңірлерде халықтың табиғи өсімін сақтап қалу және көшіп кетуді азайту маңызды міндет болып табылады.

Үшінші топқа халық саны азайып бара жатқан немесе көшіп кету және табиғи өсім деңгейінің төмен болуы (немесе табиғи кему) есебінен халықтың өсу қарқынының деңгейі төмен өңірлер жатады. Бұл – Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Ақмола, Қарағанды, Абай, Жетісу, Ұлытау облыстары. Төменде көші-қон үрдісі ескерілген Қазақстандағы демографиялық жағдайдың болжамы келтірілді.

1-кесте. Көші-қон процестері ескерілген демографиялық жағдай болжамы

	Халықтың орташа жылдық саны, мың адам					
	2025	2026	2027	2028	2029	2030
Қазақстан Республикасы	20 380,5	20 618,0	20 853,6	21 089,5	21 327,5	21 568,5
Абай	602.4	598.6	594.6	590.4	586.1	581,7
Ақмола	791.3	792,0	792.5	792,8	792,9	792,9
Ақтөбе	953.2	962.4	971.3	980,0	988,5	996,9
Алматы	1568,7	1592,9	1 616,8	1640,8	1 665,1	1689,7
Атырау	720.7	731.3	741,8	752.3	762.8	773.4
Б а т ы с Қазақстан	697.4	700,5	703.4	706,0	708.5	710.9
Жамбыл	1 235,1	1 241,2	1 247,2	1 253,3	1 259,5	1266,0
Жетісу	694,8	692.5	689,9	687.1	684.2	681.2
Қарағанды	1 130,7	1 128,2	1 125,3	1 122,2	1 118,8	1 115,3
Қостанай	820.9	815.7	810.1	804.3	798.3	792,0
Қызылорда	856.4	864.9	873.2	881,5	889,9	898.4
Маңғыстау	819,8	841,0	862.5	884.2	906.4	929.1
Павлодар	748.1	744,8	741.1	737.2	733.1	728.9
Солтүстік Қазақстан	520,0	513.9	507.7	501.3	494,8	488.2
Түркістан	2 192,1	2 221,4	2 251,3	2 282,4	2 314,8	2 348,8
Ұлытау	221.9	221.9	221.8	221.7	221.6	221.4
Ш ы ғ ы с Қазақстан	720.3	715.8	710.9	705.9	700,7	695.4

Астана қаласы	1504,2	1564,5	1 625,2	1686,4	1748,0	1 810,2
Алматы қаласы	2 316,7	2 379,4	2 442,7	2 506,4	2570,4	2 634,8
Шымкент қаласы	1 265,8	1295,0	1324,2	1353,5	1383,2	1413,1

Дереккөз: "Экономикалық зерттеулер институты" АҚ болжамдық деректері

Өңірлердің жай-күйі мен даму перспективаларына кешенді баға беруде қазіргі жағдайды талдау негізгі екі бағыт бойынша жүргізілді. Ол тіршілікті қамтамасыз етудің іргелі шарттарын және экономикалық факторларын, өңірдің негізгі инфрақұрылым объектілерімен қамтамасыз етілуін, сондай-ақ өңірлердің экономикалық даму деңгейін қамтиды.

Инфрақұрылымдық қамтамасыз етілуді бағалау өңірлерде өмір сүру үшін жағдайдың қаншалықты жақсы жасалғанын көрсетеді, ал экономикалық дамуды талдау одан әрі өсу мен инвестиция тартудың қажеттігі мен әлеуетін ашады.

Осы аспектілерді кешенді түрде қарастыру қазіргі жағдайды кеңінен түсінуге мүмкіндік береді және олардың орнықты дамыту мақсатында нақты өңірлерге тән кедергілерді жоюға бағытталған өңірлік саясат саласындағы негізді шараларды әзірлеуге және іске асыруға бағытталды.

2.3. Институционалдық қамтамасыз ету

Қазақстанда қалыптасқан өңірлік саясатты іске асыру практикасы бірқатар институционалдық кедергілерге тап болады.

Тиімді өңірлік саясатты іске асыру көптеген әлеуметтік-экономикалық факторларды және тиісті саясатты кешенді түрде есепке алуды көздейді, бұл әртүрлі ведомстволардың үйлестірілген жұмысын талап етеді және олардың өзара үндескен іс-қимылына тікелей байланысты.

Сонымен қатар орталық және жергілікті атқарушы органдар арасындағы өзара іс-қимылдың біртұтас экожүйесінің болмауы және кері байланыстың әлсіздігі орталық пен өңірлер арасындағы үйлестірудің жеткіліксіздігіне алып келеді. Бұл өңірлік саясаттың басқа мемлекеттік стратегиялармен, оның ішінде өңірлерді дамытуға бағытталған бағдарламалық құжаттарды орындауда өзара байланыстың әлсіз болуынан көрінеді.

Бүгінгі күні орталық деңгейде 20-дан астам түрлі мемлекеттік орган өңірлік даму мәселелеріне қатысты тиісті саясат саласында іс-шараларды жүзеге асыруда. Жергілікті атқарушы органдар орталық мемлекеттік органдарымен де, сондай-ақ олардың аумақтық бөлімшелерімен де ұқсас мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасайды.

Бұл ретте орталық мемлекеттік органдар мен олардың аумақтық бөлімшелері деңгейінде жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жасауда қайталану байқалады.

Бұл жағдай орталықтың өңірлерді шамадан тыс реттеуіне алып келеді және жергілікті атқарушы органдарға қосымша әкімшілік жүктеме түсіреді.

Орталық мемлекеттік органдар негізінен жетекшілік ететін салалар мен бағыттар шеңберінде республикалық және ведомстволық міндеттерді іске асыруға ден қойып, өңірлік аспектіге дұрыс көңіл бөлген жоқ және өңірлер қызметінің негізгі көрсеткіштерін "жоғарыдан төмен" қағидатымен белгіледі, бұл оларды негізді жоспардың жеткіліксіз болуына әкеп соғады.

Сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар алға қойылған міндеттерді іске асыру үшін, әсіресе ауылдық округтер деңгейінде, мысалы, елді мекендерді тазарту, абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарын ұйымдастыру, келісімшарт бойынша жұмыскерлерді жалдау, ақылы негізде қызмет көрсету және т.б. бөлігінде өкілеттіктер мен ресурстардың жетіспеуі проблемасына тап болады.

Бұдан басқа, қазіргі уақытта жергілікті атқарушы органдарды заңнама мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын дұрыс сақтау жөніндегі ұсынымдармен және кадамдық нұсқаулықтармен қамтамасыз ету бөлігінде орталық тарапынан әдістемелік көмекті күшейту қажеттігі туындап отыр.

Қолданыстағы бюджетаралық қатынастар жүйесінде өңірлердің қаржылық дербестігін арттыру әлеуеті сақталады. Жергілікті бюджеттер негізінен республикалық бюджеттен түсетін қаражатқа біршама дәрежеде тәуелді болып қала береді.

Атырау облысын, Астана және Алматы қалаларын қоспағанда, барлық басқа өңірлердің бәрі субвенция алатын өңірлерге жатады.

Жергілікті атқарушы органдар тарапынан да трансферттерге тәуелділікті азайтуға және жергілікті бюджеттердің кіріс бөлігін басқа көздерден толықтыруға мүдделілік төмен, өйткені олардың қызметінің тиімділігіне қарамастан, нысаналы трансферттер өңірлердің жергілікті бюджетіне кепілді түрде түседі. Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер әлеуметтік-экономикалық проблеманы және даму мәселелерін шешудің негізгі қаражат көзі болып қалып отыр.

Мемлекеттік сектор деректерінің орталықтандырылған бірыңғай экожүйесі жоқ.

Есеп беру тым көп және бірін-бірі қайталайды. Мемлекеттік органдар қалыптастыратын есептіліктің бірыңғай тізілімінде 750-ден астам есептік деректері көзделген, оларды орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар ведомствоаралық тапсыру үшін жасайды, оның түрлі форматтағы 317 есептілік дерегін жергілікті атқарушы органдар орталық мемлекеттік органдарға ұсынады.

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің, сондай-ақ "электрондық үкімет" govarch.kz сәулеттік порталының деректері бойынша мемлекеттік органдар мен ұйымдар шашыраңқы сақтау қоймаларындағы түрлі тізілімдер мен дерекқорларда қомақты деректер ауқымын

жинақтаған, бұл деректер 400-ден астам ақпараттық жүйеде (оның ішінде орталық мемлекеттік органдар – 223 бірлік, жергілікті атқарушы органдар – 137 бірлік) бар, негізінен деректерді тігінен беру мүмкіндігі жоқ.

Есептілікті жинаудың қолданылып жүрген дәстүрлі әдісінде қолмен толтыру көзделген, бұл деректерді түзету және анық емес ақпарат беру мүмкіндігін жоққа шығармайды.

Деректерді жинауда проблемалар бар, түрлі деңгейлер арасындағы деректер үйлеспейді және бастапқы дереккөз тексерілмейді. Деректерді жергілікті атқарушы органдардан статистикалық органдардың аумақтық бөлімшелеріне және бейінді ведомстволарға дейін тігінен жинау процесінде адами факторлардан да, басқа себептерден де алшақтықтар туындауы мүмкін.

Бағаланатын көрсеткіштерді тұжырымдау сатысында да проблемалар туындайды, олар көбінесе SMART-өлшемшарттарына сәйкес келмейді (нақты, өлшенетін, қол жеткізуге болатын, өзекті және уақыт жағынан шектеулі), өлшеу әдіснамасы анық емес және декомпозициясы қате, бұл мемлекеттік органдар қызметінің шын мәніндегі тиімділігін бағалауда қиындықтарға алып келеді.

2.4. Аумақтық дамудың негізгі үрдістері

Агломерациялардың дамуы

Қалалық агломерациялар объективті түрде әлемнің көптеген елдерінде заманауи қоныстандырудың негізгі нысандарына айналып келеді. World Urbanization Prospects зерттеуінің нәтижелері бойынша әлемнің қала тұрғындарының 40 %-ы халқы 1 млн адамнан асатын қалаларда, 22 %-ы 1-5 млн адам тұратын қалаларда, 41 %-ы 300 мың адамға дейін халқы бар қалаларда тұрады.

АҚШ-та жалпы халықтың 76 %-дан астамы агломерацияларда тұрады, олардың ең ірісі Нью-Йорк (12,0 мың шаршы км, 19,77 млн адам) және Лос-Анджелес (6,3 мың шаршы км, 15 млн адам) агломерациялары болып табылады.

Еуропадағы әлемдік деңгейдегі агломерацияларға Лондон (4 769 шаршы км, 14,1 млн адам) және Париж (814 шаршы км, 7 миллионнан астам адам) кіреді.

Урбанизацияланған аумақтар Қытайда – Шанхай (7,1 мың шаршы км, 34,1 млн адам), Бразилияда – Рио-де-Жанейро (10,3 мың шаршы км, 11,8 млн адам), Аргентинада – Буэнос-Айрес (7,2 мың шаршы км, 15,6 млн адам), Үндістанда – Калькутта (1,4 мың шаршы км, 18,5 млн адам) және басқа дамушы елдерде жылдам қарқынмен қалыптасып келеді.

Дамушы елдердегі агломерациялардың дамуының әлеуметтік-экономикалық, демографиялық және инфрақұрылымдық факторлармен анықталатын өзіндік ерекшеліктері бар. Негізгі ерекшеліктер қарқынды урбанизацияны қамтиды, онда агломерациялардың дамуы инфрақұрылымның дамуынан озып кетеді, бұл жолдарға, қоғамдық көліктерге, сумен жабдықтауға, энергетикаға және басқа салаларға

ауыртпалық түсіреді. Сондай-ақ тұрғын үйлердің бейберекет салынуы, орталық және шеткі аудандардың тұрғындары арасында әлеуметтік жікке бөлінудің артуы байқалады.

Елдердің экономикалық дамуында қалалар маңызды рөл атқарады, оған елдің ЖІӨ негізгі үлесінің қалаларда қалыптасуы дәлел. Бұл үрдістерді Қазақстанда да байқауға болады. Бүгінгі күні Қазақстанда орталықтары Астана, Алматы, Шымкент, Ақтөбе және Қарағанды қалаларында орналасқан бес агломерация белгіленген.

Қалыптасып келе жатқан қалалық агломерацияларда елдің жалпы халқының үштен біріне жуығы шоғырланған және бұл көрсеткіш жыл сайын артып келеді.

Сонымен қатар Астана, Алматы, Шымкент, Ақтөбе және Қарағанды қалалары тұрғындарының саны қазірдің өзінде Қазақстан жағдайында агломерациялық әсер іске асырылатын деңгейден (500 мың адам) асып кетті.

Сонымен бірге елімізде қалалық агломерацияларды дамытуды ынталандыруға бағытталған шараларды іске асыру жалғасуда. Мәселен, агломерацияларды басқару үшін институционалдық жағдай жасау мақсатында "Агломерацияларды дамыту туралы" Заң (бұдан әрі – Заң) қабылданды. Заң қала маңындағы аймақтардың қала құрылысы мен сәулеттік жоспарлауының бірыңғай саясатын жүргізуге, агломерация орталықтары мен қала маңындағы аймақтар арасында жаңа көлік моделін енгізуге, агломерацияларда экологиялық жобаларды іске асыруға, қала маңындағы елді мекендердегі жобаларды деңгейлес трансферттеу тетігі аясында қаржыландыруға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, "Агломерациялардың тізбесі мен құрамын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылы 19 маусымдағы № 486 қаулысында "бірінші деңгейдегі" агломерациялар – Алматы, Астана және Шымкент, "екінші деңгейдегі" агломерациялар – Ақтөбе және Қарағанды болып белгіленді.

Бірқатар маңызды әкімшілік-аумақтық өзгеріс жүргізілді. Мәселен, Астанаға серіктес қала әлеуетін іске асыру мақсатында Қосшыға облыстық маңызы бар қала мәртебесі берілді. Астанамен тығыз экономикалық және әлеуметтік байланыс оны елдің бас қаласымен іргелес қала маңындағы елді мекендерді интеграциялау стратегиясын іске асыруға белсенді қатысатын негізгі орталыққа айналдырады. Қала астаналық кәсіпорындарды тұрғын үй инфрақұрылымымен және жұмыс күшімен қамтамасыз ететін Астананың экономикалық тізбегінің маңызды буыны болып табылады. Астанаға жақын орналасуы қала тұрғындарына оның білім беру, медициналық және мәдени ресурстарын пайдалануға мүмкіндік береді. Қосшы қаласы елорданың көлік жүйесіне интеграцияланған, бұл тұрғындарды ыңғайлы логистикамен қамтамасыз етеді және ұтқырлыққа ықпал етеді, көліктік жаңа модельді дамыту агломерация орталығымен байланысты жақсартады.

Жетіген ауылын Алатау қаласы етіп өзгерту Алматы агломерациясын дамытудағы маңызды шешім болды. Осы жоба шеңберінде халықаралық қаржы, білім беру және медицина орталықтары, сауда-логистикалық хаб, заманауи академиялық кластер, тұрақты урбанизм мен сәулет орталығын, интеграцияланған курорт құру көзделеді.

Алатау қаласын дамыту бекітілген Алатау қаласының Бас жоспары мен құрылған "Алатау" арнайы экономикалық аймағының аясында жүзеге асырылады.

Алатау қаласының құрылуы Алматы агломерациясының көп орталықты дамуына ықпал етеді және "G4 City" тұжырымдамасын жүзеге асырудың негізіне айналады.

Бұдан басқа, 2019 жылдан бері ірі қалаларды дамытудың 2050 жылға дейінгі стратегиялары іске асырылуда.

Моно- және шағын қалалар

Қазіргі уақытта Қазақстанда 20 моноқала (Курчатов, Степногорск, Хромтау, Құлсары, Алтай, Риддер, Ақсай, Абай, Балқаш, Теміртау, Шахтинск, Жітіқара, Лисаковск, Рудный, Жаңаөзен, Ақсу, Екібастұз, Кентау, Қаражал, Сәтбаев) бар, оларда 1 349 224 адам тұрып жатыр (елдегі қала халқының шамамен 11 %-ы), олардың ішінде:

облыстық маңызы бар 14 қала (Курчатов, Степногорск, Риддер, Балқаш, Теміртау, Шахтинск, Лисаковск, Рудный, Жаңаөзен, Ақсу, Екібастұз, Кентау, Қаражал, Сәтбаев);
аудандық маңызы бар 6 қала (Хромтау, Құлсары, Ақсай, Алтай, Абай, Жітіқара) бар

Соңғы жылдары елімізде моноқалалар саны 27-ден 20 бірлікке дейін азайғанын атап өту қажет.

Моноқалалар тізбесінің қайта қаралуы олардың әлеуметтік-экономикалық дамуын басқаруды жетілдірудегі негізгі қадам болды. Бұдан он шақты жыл бұрын Өңірлерді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында қалыптасқан моноқалалар тізімі қазіргі экономикалық жағдайды көрсетпейді. Экономикалық трансформациялар, экономиканы әртараптандыру және әкімшілік мәртебенің өзгеруі нәтижесінде тізімді қайта қарау қажет екені түсінікті болып отыр.

2023 жылы Қазақстандағы моноқалалардың жаңа тізбесі бекітілді. Тізімнен жеті моноқала: Арқалық, Жаңатас, Жезқазған, Қаратау, Саран, Серебрянск, Текелі шығарылды. Әр қала бойынша жеке шешім қабылданды.

Жалпы моноқалалардың көбінде халық саны ұлғайып отырған жоқ. Мәселен, 2019 – 2023 жылдар аралығында моноқалалар халқының саны 1 357,6 мың адамнан 1 349,2 мың адамға дейін немесе 0,6 %-ға азайды.

Инфрақұрылымның жеткілікті дамымауы инвестиция тартуды және кәсіпкерлікті дамытуды едәуір тежейді, бұл өз кезегінде моноқалалардың экономикалық проблемаларын күрделендіре түседі.

Бүгінгі күні моноқалаларда инженерлік және көліктік инфрақұрылымды жаңғырту талап етіледі. Мәселен, 8 моноқалада жолдардың 25 %-дан астамы қанағаттанарлықсыз жағдайда (Лисаковск қаласында жолдардың 15,8 %-ы ғана қанағаттанарлық жағдайда, бұл барлық моноқалалар арасындағы ең төменгі көрсеткіш).

Инженерлік инфрақұрылымның тозуы да едәуір жоғары болып отыр: кәріз желілерінің тозуы – 66,5 %, сумен жабдықтау желілерінің тозуы – 55,8 %, электр желілерінің тозуы – 61,3 %. Мысалы, жергілікті атқарушы органдардың деректері

бойынша 2023 жылы Алтай қаласында инженерлік желілердің тозуы: жылу желілерінде 89 %-ды, сумен жабдықтау желілерінде 90 %-ды, кәріз желілерінде – 88 %-ды, электр желілерінде 56 %-ды құрады.

Моноқалалардағы коммуналдық инфрақұрылым объектілерінің ішінде бірқатар ЖЭО жаңғыртуды талап етеді. Жылу желілерінің орташа тозуы 59 %-ды құрайды. Екібастұз (91 %), Степногорск (80,7 %), Хромтау (78 %), Балқаш (78 %), Абай (69 %), Алтай (68 %), Шахтинск (68 %), Рудный (66 %), Кентау (65 %), Теміртау (62 %), Риддер (60 %) қалаларында желілер ең көп тозған.

Әлеуметтік-экономикалық даму мақсатында мемлекет тарапынан қолдау шараларын іске асыру жалғасуда.

Моноқалалардың көпшілігінде өнеркәсіп шикізатты өндіруге және оларды бастапқы өңдеуге негізделген. Моноқалалардың экономикасы қызметі пайдалы қазбаларды өндіруге негізделген қала түзуші кәсіпорындарға тәуелді. Осыған байланысты көптеген моноқалалар үшін баламалы даму жолдарын дамыту өзекті мәселе болып табылады.

Қазақстан өңірлерінің және тұтастай алғанда елдің минералдық-шикізаттық базасын толықтыру, сондай-ақ Абай, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстары шегінде орналасқан моноқалалар маңындағы аумақтардың геологиялық-геофизикалық зерттелуін жақсарту мақсатында қатты пайдалы қазбаларды (сирек және жерде сирек кездесетін металдар) алу перспективасы бар учаскелердің жер қойнауына геологиялық зерделеу жүргізілуде.

Сондай-ақ бірқатар моноқалаларда реттелетін сатып алу және оқшаулау, атап айтқанда ұлттық режимнен алып қою шеңберінде тауарларды жеткізу мерзімдері мен отандық өндірушілер үшін төлем мерзімдері, бас мердігерлік ұйымдар тарапынан құрылыс-монтаждау жұмыстары кезінде төлемдерді кейінге қалдыру және басқа проблемалық мәселелер бар.

ШОБ белсенді қолдау моноқалаларды дамытудың басым бағыты болып қалуда. Олардың әрқайсысында бастамаларды дамытуға және жергілікті экономиканы нығайтуға ықпал ететін кәсіпкерлікті қолдау орталықтары табысты жұмыс істейді.

Сонымен қатар 2019 – 2024 жылдар аралығында "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ моноқалалардағы 41 ірі жобаны қаржыландырып, оларды жүзеге асыруға 393,8 млрд теңге бөлді.

Бұл қаражат Балқаш қаласындағы күн электр станциясы, Алтай қаласындағы Тұрғысын ГЭС, Екібастұз қаласындағы ферроқорытпа зауыты, Кентау қаласындағы жылыжайлар желісі, Хромтау қаласындағы шламды өңдеу зауытының құрылысы және т.б. жобаларды жүзеге асыруға жұмсалды.

Степногорск, Балқаш, Алтай, Арқалық, Жаңатас, Жітіқара, Қаратау, Лисаковск, Риддер, Серебрянск сияқты 10 моноқаланы дамытудың кешенді жоспарлары

қабылданды. Қазақстандағы моноқалаларды дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатқа сәйкес ӨСЖ 5 жыл мерзімге әзірленеді және облыстың және жалпы мемлекеттің даму стратегиясына сәйкес келуге тиіс.

10 моноқаланы дамытудың кешенді жоспарлары Қазақстандағы моноқалалардың тізімі нақтыланбай тұрып-ақ бекітілді. Жаңартылған тізімнен шығарылған кейбір қалалардың мәртебесінің өзгеруіне қарамастан, оларды дамыту қабылданып қойған кешенді жоспарлар аясында жалғасады.

Елдегі моноқалалардың экономикасын әртараптандыру шеңберінде жалпы сомасы 1,6 трлн теңгені құрайтын 10 мың жұмыс орнын құру көзделетін 45 "зәкірлік" инвестициялық жоба іске асырылуда.

Бірқатар моноқалада мемлекеттік қолдау шаралары оң нәтиже берді. Саран қаласы табысты әртараптандырудың жарқын үлгісіне айналды. Айталық, "Saran" индустриялық аймағының тиімді жұмыс істеуі және уақтылы қабылданған басқарушылық шешімдер қалаға қомақты көлемде инвестиция тартуға және бірқатар жоғары технологиялы өндірістерді іске қосуға мүмкіндік берді.

Саран қаласының географиялық тұрғыдан қолайлы жерде орналасуы, дамыған өндіріс инфрақұрылымының және білікті мамандардың болуы, индустриялық аймақтың құрылуы, сонымен бірге отандық тауар өндірушілер мен жергілікті инвесторлардың болуы оның табысты дамуының түйінді факторлары болды.

Саранның табысты тәжірибесі экономиканы әртараптандыру және ресурстық емес секторларда балама өндіріс құру құралы ретінде индустриялық аймақтардың маңыздылығын көрсетеді.

Бүгінгі күні Саран қаласының тәжірибесін елдің басқа моноқалаларына қолдану шаралары жүзеге асырылуда.

Республикада моноқалалардан басқа 50 шағын қала бар, оларда 1 392,3 мың адам тұрып жатыр, бұл елдегі жалпы қала халқының 11,1 %-ын құрайды. Шағын қалалардың ішінде 8 қала облыстық маңызы бар қала мәртебесіне ие (Қосшы, Алатау, Текелі, Саран, Приозерск, Арқалық, Байқоңыр, Арыс), 37 қала аудан орталығы (Аягөз, Шар, Ақкөл, Атбасар, Макинск, Степняк, Ерейментау, Есіл, Державинск, Шучинск, Алға, Қандыағаш, Шалқар, Есік, Қаскелең, Талғар, Жаңатас, Қаратау, Үшарал, Үштөбе, Жаркент, Сарқан, Қарқаралы, Тобыл, Арал, Қазалы, Форт-Шевченко, Булаев, Мамлютка, Сергеевка, Тайынша, Сарыағаш, Жетісай, Леңгір, Шардара, Шемонаиха, Зайсан), 5 аудандық маңызы бар қала (Темір, Ембі, Жем, Шу, Серебрянск) бар.

Агломерациялардың құрамына ірі өзек қалалармен біртұтас экономикалық кеңістікте орналасқан 7 шағын қала (Алға – Ақтөбе; Алатау, Талғар, Қаскелең, Есік – Алматы; Саран – Қарағанды; Леңгір – Шымкент агломерациялары) кіреді.

12 шағын қалада халық саны 10 мың адамнан аспайды (Шар, Степняк, Державинск, Жем, Темір, Серебрянск, Қарқаралы, Қазалы, Форт-Шевченко, Булаев, Мамлютка,

Сергеевка), бұл "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының нормаларына қайшы келеді.

Шағын қалаларды дамытудың экономикалық көрсеткіштерін талдау тұрғындарды жұмыспен қамту және кірісін қамтамасыз ету мәселелері шағын қалалардың көпшілігінің негізгі проблемалары екенін көрсетті.

Сонымен қатар инфрақұрылымның тозуы, кен орындарының сарқылуы және өндірістік әлеуеттің төмендеуі байқалады, бұл аталған қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуын едәуір күрделендіреді.

Сондай-ақ инженерлік, көліктік және әлеуметтік инфрақұрылымдармен қамтамасыз етілу жетіспейді.

Сонымен бірге шағын қалалардың көпшілігінің (агломерациялар құрамындағы шағын қалаларды қоспағанда) ірі өткізу нарықтары мен ірі қалалардан шалғай орналасуы олардың дамуын қиындатады.

Шағын қалалардың өнеркәсіптік мамандануы негізінен монобағдарлы, өнеркәсіп секторларын дамытуға және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге бағытталған.

Ауылдық және шекара маңындағы аумақтар

Қазақстанда ауылдық жерлердің бірнеше түрі бар, олардың игерілуі және ауыл шаруашылығында пайдаланылу сипаты, даму әлеуеті мен шектеулері әртүрлі.

Бірінші тип – ауыл халқының тығыздығы салыстырмалы түрде жоғары және ауыл экономикасы полифункционалды, ауыл шаруашылығы қала маңы үлгісіндегі және ауылдық жерді дамытудың әлеуметтік жағдайлары қолайлы өңірлер (Жетісу, Алматы, Жамбыл, Түркістан, Қызылорда облыстары).

Екінші тип – ауыл халқының тығыздығы салыстырмалы түрде төмен және ауылдық жерлер негізінен егіншілікке маманданған, табиғи және әлеуметтік даму жағдайлары қолайлы өңірлер (Ақмола, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары).

Үшінші тип – халық тығыздығы төмен және ауыл шаруашылығын жүргізу үшін табиғаты қолайсыздау өңірлер (Абай, Ұлытау, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды облыстары).

Төртінші тип – ауылдық жерлерді дамытудың ошақты игерілуі әлсіз және оны дамыту үшін табиғаты қолайсыз өңірлер (Атырау және Маңғыстау облыстары).

Орнықты даму міндеттерін іске асыру ауылдық аумақтардың салыстырмалы артықшылықтарын пайдалану, "өсу нүктелерін" іздеу, дамудың басым бағыттарын анықтау және қолдау, аудандар мен ауылдық округтердің жеке кіріс базасын қаржылық қолдау және дамыту тетігін жетілдіру негізінде жүзеге асырылуға тиіс.

Бұл ретте кейбір жекелеген өңірлерде бір облыстың ішінде ауылдық жерлердің бірнеше түрі болуы мүмкін.

2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республикада 6176 АЕМ болды. Елдегі ауыл халқының саны 7 510,3 мың адамды құрайды.

Ауыл халқының 90 %-дан астамы халық саны 500 адамнан асатын ауылдарда тұрады. Бұл ретте шамамен 550 АЕМ халық саны аз (50 адамнан кем) елді мекендер санатына жатады. Бұл елді мекендерде тұратын адамдардың жалпы саны шамамен 15 мың адамды құрайды, яғни еліміздің ауыл халқының 1 %-ына жетпейді.

Соңғы 5 жылда АЕМ саны 137 бірлікке азайды (2020 ж. – 6 316 АЕМ, 2025 ж. – 6 179 АЕМ).

Таратылған ауылдардың көбі Түркістан (40), Қостанай (28), Жамбыл (14), Батыс Қазақстан (13) және Алматы (12) облыстарына тиесілі.

Жергілікті атқарушы органдар әкімшілік-аумақтық құрылыс туралы заңнамаға сәйкес халық саны 50 адамнан аз елді мекендерді тарату жұмысын жүргізді (бұл ретте мұндай АЕМ тұрғындарының сол жерде қала беруіне болады немесе Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидаларына сәйкес көшу үшін тұрғын үй беруді және жұмысқа орналастыруды қамтитын мемлекеттік қолдауды пайдалана алады ("Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 234 бұйрығы, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 23 маусымда № 32880 болып тіркелген).

Сондай-ақ Алматы облысының 12 АЕМ Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес құрылған жаңа Алатау қаласының құрамына енгізілді, Жамбыл облысының 14 АЕМ Тараз қаласының құрамына кірді.

Ауыл халқының тұрмыс сапасын арттыру мақсатында елдегі ауыл халқының 90 %-дан астамы тұратын даму әлеуеті бар 3,5 мың ауылдың (1,2 мың тірек және 2,3 мың серіктес) инфрақұрылымын дамыту жөніндегі шаралар іске асырылады.

Мәселен, 2019 – 2024 жылдары 2,5 мың АЕМ қамтылып, әлеуметтік, инженерлік және көліктік инфрақұрылымды дамытуға 6,8 мыңға жуық жобаны іске асыруға 740 млрд теңге бөлінді. Осы кезеңде даму әлеуеті бар ауылдарда 772 ТКШ объектісі, 2 мың әлеуметтік объект және 3,8 мыңға жуық кент ішіндегі жол салынды және жаңғыртылды.

1-сурет. "Ауыл – Ел бесігі" жобасы аясында ауылдық инфрақұрылымды қаржыландыру

2024 жылы "Ауыл – Ел бесігі" жобасын іске асыруға 500 жуық АЕМ қамтитын 1,4 мың жобаны іске асыруға 178,9 млрд теңге бөлінді. 182 ТКШ жобасын, 348 әлеуметтік инфрақұрылым жобасын, сондай-ақ 870 көліктік инфрақұрылым (кент ішіндегі жолдар) жобасын іске асыру жоспарлануда.

Ағымдағы жылы "Ауыл – Ел бесігі" жобасын іске асыруға шамамен 500 АЕМ қамтылған 900 жуық жобаны іске асыруға 176,4 млрд теңге бөлінді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің ауыл тұрғындарына қолжетімді болуы үшін 2023 жылғы 1 мамырдан бастап Ұлттық пошта операторы арқылы мемлекеттік қызметтер көрсету жобасы іске қосылды.

"Пошта туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Ұлттық пошта операторы мемлекеттік қызметтерді көрсету саласындағы уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес АЕМ тұратын халықтың мемлекеттік қызметтерге қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Жобаны іске асыру шеңберінде "Қазпошта" АҚ желісінде Халыққа қызмет көрсету орталықтары үшін интеграцияланған ақпараттық жүйеге (бұдан әрі – ХҚКО ААЖ) қолжетімділікті қамтамасыз етуге "Қазпошта" АҚ, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" АҚ және "Қазақтелеком" АҚ ІР-мекенжайлары байланыстырылды. Сондай-ақ халыққа қызмет көрсету орталығының бөлімдерінде ауылдық пошта байланысы операторларын (бұдан әрі – АПБО) оқыту жүргізілді.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасы бойынша 200 АПБО жұмыс істейді, оларда жұмыс істеу кезеңінде 39 468 мемлекеттік қызмет көрсетілді (2023 жылы – 17 765, 2024 жылы – 21 703).

"Ауыл – Ел бесігі" жобасындағы ауылдың экономикалық дамуына ықпалының басты көрсеткіш халық санының өсуі болып табылады.

Даму әлеуеті бар ауылдардың 2019 – 2023 жылдардағы демографиялық жағдайын талдау халық санының өскенін көрсетеді. Мәселен, қарастырылып отырған кезеңде даму әлеуеті бар ауылдардың халқы 2 %-ға немесе 136,7 мың адамға артты.

Тірек және серіктес ауылдар халқының ең көп өсуі Қостанай (28,4 %), Қызылорда (16,0 %), Атырау (12,9 %) және Маңғыстау (11,3 %) облыстарында байқалды.

Даму әлеуеті бар ауылдардың халық санының артуы "адамдардан-инфрақұрылымға" қағидатының іске асырылуын және оларға халықтың шоғырлануын көрсетеді.

Даму әлеуеті бар ауылдарда инфрақұрылымды жаңғырту және инвестициялық жобаларды жүзеге асыру ШОБ дамуына оң әсерін тигізді. Осылайша, даму әлеуеті бар ауылдарда "Ауыл – Ел бесігі" жобасын іске асыру кезеңінде шаруашылық жүргізуші субъектілер саны едәуір артты.

2019 – 2023 жылдар аралығында шаруашылық жүргізуші субъектілердің саны 61,4 %-ға немесе 208,4 мың бірлікке өсті. Шаруашылық субъектілерінің белсенді дамуы Павлодар (7 есе өскен), Жамбыл (2,4 есе), Қызылорда (56,2 %), Алматы (45,9 %) және Ақтөбе (44,2 %) облыстарында байқалды.

Даму әлеуеті бар ауылдардың инфрақұрылымын жаңғырту ауылдық жерлердегі инвестициялық белсенділікке де әсерін тигізді.

"Ауыл – Ел бесігі" жобасы іске асырыла бастағаннан негізгі капиталға құйылған инвестиция көлемі де едәуір артты. Мәселен, 2019 – 2023 жылдары ауылдық жердегі негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 7,6 %-ға немесе 568,8 млрд теңгеге ұлғайып, 2023 жылы 8 трлн теңгені құрады. Негізгі капиталға инвестиция көлемінің ең

көп өсуі Қостанай (2,1 есе), Түркістан (2 есе), Павлодар (2 есе), Маңғыстау (1,9 есе) және Жамбыл (1,9 есе) облыстарында байқалды.

Жалпы тірек және серіктес ауылдардың экономикалық көрсеткіштерін талдау даму әлеуеті бар ауылдарды белсенді қолдау және "Ауыл – Ел бесігі" жобасын іске асыру осы ауылдардың экономикасымен және инфрақұрылымымен қамтамасыз етілуіне едәуір оң әсер еткенін көрсетеді.

2024 жылы Қазақстанда ауылдық жерлерде барлығы 3 467 мың адам жұмыспен қамтылды. Соңғы үш жылда бұл көрсеткіш 1 %-ға немесе 5 мың адамға төмендеді.


Ауылда өзін-өзі жұмыспен қамтығандар арасында жастар 38 %-ды, ал зейнеткерлік жастағы адамдар 6 %-ды құрайды.

2025 жылдың басында АЕМ-де денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету саласының 182 мың маманы жұмыс істейді. 2022 – 2024 жылдары мұндай мамандардың саны 7 мың бірлікке артты (3,9 %).

Ауылдық жерлерде білім беру саласында барлығы 326 мың маман жұмыс істейді. Қарастырылып отырған кезеңде мұндай жұмыскерлердің саны 3 мың бірлікке қысқарды.

2009 жылдан бері Қазақстанда кадр тапшылығы бар ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген мамандарды ұстап қалуға бағытталған "Дипломмен ауылға" жобасы іске асырылады.

Жалпы соңғы 5 жылда (2020 – 2024 жылдары) 46 мың маман көтерме жәрдемақы алу бөлігінде жоба шарттарын пайдаланды, оның ішінде 20,7 мың маман тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит алды.



2-сурет. "Дипломмен ауылға" жобасының іске асырылуы

2020 жылы "Дипломмен ауылға" жобасын қаржыландыру жылына 20 миллиард теңгеге дейін артты. 2022 жылы бұл сома 22,5 млрд теңгеге дейін өсті, оның 20 млрд теңгесі бюджеттік кредиттерге, ал 2,5 млрд теңгесі көтерме жәрдемақыға бөлінді.

2023 жылы жобаны қаржыландыру көлемі 21,9 млрд теңгені, оның ішінде 18,6 млрд теңге бюджеттік кредиттерді және 3,3 млрд теңге көтерме жәрдемақыны құрады.

2024 жылы 3,6 мың маманға баспана сатып алуға 30 миллиард теңге бюджеттік кредит көзделген. 2024 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 453 маманға арналған біржолғы жәрдемақы ретінде 3,7 млрд теңге бөлініп, 422 маман бюджеттік кредит алды.

2020 – 2024 жылдар аралығында сұраныс жоғары сала – білім беру саласы болды және осы кезеңде ауыл мектептерінде 29,6 мың адам (64,5 %) жұмысқа орналасты.

Екінші орында 9,9 мың адам (21,5 %) таңдаған денсаулық сақтау саласы болды. Олардан кейінгі орында АӨК – 2,0 мың адам (4,4 %) және спорт 1,6 мың адам – (3,5 %), мәдениет саласы – 1,4 мың адам (3,0 %), әлеуметтік қамсыздандыру – 559 адам (1,9 %), мемлекеттік қызметшілер – 894 адам (1,3 %).

Өңірлер бөлінісінде соңғы бес жылда "Дипломмен ауылға" жобасы аясында мамандардың көбі Түркістан облысының ауылдарына 7,1 мың адам немесе жалпы санының 15,4 %-ы, Алматы облысына 4,9 мың адам немесе 11,0 %-ы, Батыс Қазақстан облысына 4,4 мың адам немесе 9,5 %-ы тартылды.

2-кесте. Өңірлер бөлінісінде "Дипломмен ауылға" жобасы шеңберінде көтерме жәрдемақы алған мамандар саны

	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	Жиыны
Абай	-	-	253	322	319	894
Ақмола	627	688	539	854	738	3 446
Ақтөбе	575	421	459	451	518	2 424
Алматы	996	1 046	959	1 066	831	4 898
Атырау	120	130	126	128	143	647
Шығыс Қазақстан	459	603	312	325	417	2 116
Жамбыл	582	503	511	395	487	2 478
Жетісу	-	-	446	469	442	1 357
Батыс Қазақстан	861	761	1 031	891	809	4 353
Қарағанды	587	401	351	352	360	2 051
Қостанай	510	487	473	535	422	2 427
Қызылорда	652	608	661	533	731	3 185
Маңғыстау	434	444	423	360	395	2 056
Павлодар	487	550	580	526	515	2 658
Солтүстік Қазақстан	547	702	872	753	670	3 544
Түркістан	1 389	1 405	1 618	1 390	1 263	7 065

Ұлытау	-	-	76	83	117	276
Жиыны	8 826	8 749	9 690	9 433	9 177	45 875

"Дипломмен ауылға" жобасына мамандардың сұранысын ескере отырып түзетулер енгізілгенін атап өту қажет. Осылайша, АӨК мамандары мен ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілерін қосу арқылы мамандықтар тізбесі кеңейтілді. 2023 жылдан бері жобаны іске асыру шеңберінде сенім берілген өкіл (агент) "Отбасы Банкі" тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" акционерлік банкі болып табылады. "Баспана Маркет" порталында қызмет алушының өтініш берген кезден бастап бюджеттік кредит алғанға дейінгі процестері автоматтандырылған.

Тұрғын үй нарығындағы бағаның жыл сайынғы өсуін ескере отырып, 2023 жылы мамандарға көрсетілетін әлеуметтік қолдау шараларының көлеміне қатысты кейбір өзгерістер енгізілді. Мәселен, 2024 жылдан бері аудан орталықтарына келген мамандар үшін бюджеттік кредиттің мөлшері 15 жыл мерзімге кредиттің сомасынан жылдық 0,01 % мөлшерде сыйақы мөлшерлемесімен 1500 АЕК-тен 2500 АЕК-ке немесе 9,2 миллион теңгеге, АЕМ үшін 2000 АЕК-ке (7,3 миллион теңге) дейін ұлғайтылды.

Жалпы ауылдық елді мекендердің инфрақұрылымын дамытуда іске асырылып жатқан шаралардың нәтижесінде 2027 жылға қарай тірек ауылдардың инфрақұрылымын ӨСЖ талаптарына сәйкес келтіру жоспарланып отыр.

Жергілікті өзін-өзі басқару

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметі басқарудың негізгі қағидаттарының бірі – халықтың өзін-өзі ұйымдастыруы үшін жағдайлар қамтамасыз етуді іске асыруға мүмкіндік береді.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, жергілікті өзін-өзі басқарудың тиімді институтының болуы ауылдық аумақтардың орнықты дамуының негізгі факторларының бірі болып табылады.

Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқару аудандық маңызы бар қалалар мен ауылдық округтер деңгейінде жұмыс істейді.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілеттіктеріне жатқызылған жергілікті маңызы бар мәселелер әлеуметтік міндеттердің кең ауқымын қамтиды.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының тиісті өкілеттіктерді тиімді орындауы ауылдық аумақтардың орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін қажетті шарт болып табылады.

Қазақстанда 2,2 мың ауылдық округ және 48 аудандық маңызы бар қала бар. Орташа алғанда бір ауылдық округте шамамен 3 ауыл және 3,3 мың ауыл тұрғыны, ал аудандық маңызы бар бір қалаға 24 мың тұрғыннан келеді.

Практика көрсеткендей, тұрғындарының саны аз ауылдық округтердің өздеріне тапсырылған жергілікті маңызы бар мәселелерді тиімді шешуіне көбінесе жағдайлары болмайды, өйткені бұл үшін жеткілікті қаржы да, кадрлық ресурстар да жоқ. Бұл

әсіресе ауыл халқының тығыздығы төмен солтүстіктегі, орталықтағы және шығыстағы облыстарға тән.

Ресурстардың жетіспеушілігі көптеген ауылдық округтердің әлеуметтік-экономикалық сипаттағы мәселелерді негізінен мемлекеттің қолдауымен шешуіне алып келеді. Азаматтарды ЖӨБ органдарының қызметіне, қоғамдық маңызы бар мәселелерді талқылауға және шешім қабылдауға тарту дәрежесі төмен болып қалып отыр.

Қазіргі уақытта бюджеттің төртінші деңгейінің кірістері мыналардан:

- 1) салық түсімдерінен (салықтар мен төлемдер);
- 2) салықтық емес түсімдерден (айыппұлдар, ерікті алымдар, коммуналдық меншіктен түсетін кірістер);
- 3) негізгі капиталды сатудан;
- 4) аудандық бюджеттен берілетін трансферттерден қалыптасады.

ЖӨБ бюджетінің өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейі жыл сайын артып келеді.

Мәселен, бюджеттің төртінші деңгейі (2018 жыл) енгізілген кезден бастап түсімдер серпіні 2 есеге ұлғайды. 2023 жылдың қорытындысы бойынша жоспар 308 млрд теңге болған кезде нақты түсім 320 млрд теңгені, өзін-өзі қамтамасыз ету үлесі 21,2 %-ды құрады.

Сонымен қатар ЖӨБ бюджеттерінің жоғары тұрған бюджеттерге (аудан және облыс) тәуелділігі жоғары болып қала береді.

Шекара маңындағы өңірлерді дамыту

Шекара маңындағы өңірлерді дамытуға да ерекше көңіл бөлінуде. Мәселен, Үкімет Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын және 2022–2025 жылдарға арналған шекара маңындағы аумақтарды дамыту жөніндегі жол картасын іске асыру жөніндегі шараларды жоспарлы түрде жүзеге асыруда, олардың шеңберінде іс-шаралар көзделген (шекара маңындағы аудандар экономикасын дамытуға жағдай жасау, әлеуметтік саладағы қызметтердің сапасын арттыру, әлеуметтік саясат шараларын дамыту, шекара маңындағы ынтымақтастықты дамыту, Мемлекеттік шекараның өткізу орындарын жайластыру, экспорттық және импорттық тауарлардың шекара маңындағы аудандар арқылы өтуіне жағдай жасау, жаңа көлік, сауда-логистикалық орталықтар салу шаралары, туристік-рекреациялық әлеуетті дамыту, шекара маңындағы аудандарды төтенше жағдайлардың туындауынан қорғау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету және т.б.).

Шекара маңындағы аумақтар – Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасынан 50 км дейінгі қашықтықта орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктер мен елді мекендердің аумақтары.

Шекара маңындағы аудан – әкімшілік-аумақтық бірліктер аумағының шегінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарамен шектесетін Қазақстан Республикасы аумағының бір бөлігі.

Қазіргі уақытта 14 облыс Ресей Федерациясы (бұдан әрі – РФ), Қытай Халық Республикасы (бұдан әрі – ҚХР), Өзбекстан, Қырғызстан және Түрікменстан аумақтарымен шектеседі.

Шекара маңындағы аумақтарда 2,1 млн адам халқы бар 67 аудан орналасқан.

Тікелей шекара белдеуінде Мемлекеттік шекарадан 50 км дейінгі қашықтықта 1 366 шекара маңы АЕМ орналасқан, онда 1,8 млн адам тұрады.

1 366 шекара маңындағы АЕМ-нің ішінде 234-і тірек, 547-сі серіктес, 213-і стратегиялық және 372-сі өзге АЕМ болып табылады.

Бұдан басқа, шекара маңындағы аймақтарда 85,8 мың халқы бар 2 моноқала (Жітіқара, Риддер) және 244,0 мың халқы бар 8 шағын қала (Жаркент, Зайсан, Шемонаиха, Жетісай, Сарыағаш, Шардара, Мамлютка, Булаево) орналасқан.

Өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкес шекара маңындағы аумақтардағы кейбір АЕМ объектілермен және көрсетілетін қызметтермен (игіліктермен) қамтамасыз етілу деңгейі 50 %-дан аспайды.

Географиялық орналасуы мен экономикалық әлеуетін ескере отырып, шекара маңындағы аумақтар шартты түрде үш типке бөлінген:

1) солтүстіктегі шекара маңындағы аумақтар – РФ шектесетін аудандар (Ақтөбе, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Атырау, Батыс Қазақстан облыстарындағы аудандар);

2) шығыстағы шекара маңындағы аумақтар – ҚХР-мен шектесетін аудандар (Алматы, Шығыс Қазақстан облыстарындағы және Жетісу және Абай облыстарындағы аудандар);

3) оңтүстік және оңтүстік-батыстағы шекара маңындағы аумақтар – Қырғызстанмен және Өзбекстанмен (Жамбыл және Түркістан облыстарындағы аудандар), Өзбекстанмен және Түрікменстанмен (Ақтөбе, Маңғыстау және Қызылорда облыстарындағы аудандар) шектесетін өңірлер.

Жалпы соңғы 3 жылда (2022 – 2024 жылдары) Қазақстанның шекара маңындағы 67 (77,6 %) ауданының 52-сінде халық санының азаюы байқалады. Халық кірісінің төмендігі, адамдардың өмір сүру сапасы деңгейінің қанағаттанарлықсыз болуы, көлікпен жол жүруге қолжетімділіктің төмендігі (жекелеген аудандарда), сондай-ақ әлеуметтік және инженерлік-жол инфрақұрылымымен жеткілікті қамтамасыз етілмеуі негізгі себептер болып табылады.

Соңғы 3 жылдағы (2022 – 2024 жылдар) солтүстік шекара маңы аумақтарының демографиялық ахуалы, оның ішінде көші-қонның теріс көрсеткіштерінің сақталуы есебінен халық санының (21,5 мың адамға) қысқаруымен сипатталады.

Бұл өңірлерде халықтың тығыздығы орташа алғанда бір шаршы км 3,3 адамнан аспайды және орташа республикалық (Қазақстан Республикасы бойынша орташа алғанда бір шаршы км 7 адам) деңгейден 2 еседен астам төмен, бұған ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер аумақтарының көлемді болуы әсер етті.

Шығыстағы шекара маңындағы аудандардағы демографиялық жағдай басқа қалалар мен аудандарға ішкі көші-қон есебінен соңғы 3 жылда халық санының 25,8 мың адамға қысқаруымен сипатталады.

ҚХР-мен шекара маңындағы аудандардағы халықтың тығыздығы ел бойынша орташа деңгейден төмен және бір шаршы км орташа алғанда 5,5 адамнан келеді (Қазақстан Республикасы бойынша орташа алғанда бір шаршы км 7 адам). Шекара маңындағы жекелеген шалғай аудандарда бұл көрсеткіш бір шаршы км 0,6 адамды құрайды.

Соңғы 3 жылда оңтүстік және оңтүстік-батыс шекара маңындағы аумақтардың демографиялық жағдайы халық санының 5,4 мың адамға, оның ішінде туу көрсеткіштерінің жоғары болуымен сипатталады. Халықтың тығыздығы орташа алғанда бір шаршы км 34,5 адамды құрайды.

Шекара маңындағы барлық аумақтардың экономикасы табиғи-ресурстық және туристік әлеуетті жеткіліксіз пайдалануымен, құрылымның көпбейінділігімен, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің трансшекаралық факторларды пайдаланудағы белсенділігінің төмен болуымен, тұтастай алғанда, халықаралық экономикалық жүйемен әлсіз интеграциялануымен сипатталады.

"Ауыл – Ел бесігі" бағдарламасы шеңберінде шекара маңындағы ауылдарда әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамытуға ерекше назар аударылады.

Сонымен қатар шекара маңындағы АЕМ әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын қаржыландыру "2023–2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және басқа да бюджеттік бағдарламаларға сәйкес, сондай-ақ жергілікті бюджеттің қаржылық мүмкіндіктері ескеріле отырып және бюджеттен тыс қаражат есебінен жүзеге асырылады.

Шекара маңындағы АЕМ кадр тапшылығы проблемасын шешу мақсатында "Дипломмен – ауылға" жобасы іске асырылады.

Шекара маңындағы аумақтар экономикасының негізгі салаларының бірі – ауыл шаруашылығы, оның экономика құрылымындағы үлесі 31,6 %-ды құрайды (республика бойынша – 5,1 %). Шекара маңы аумақтарының ауыл шаруашылығы алқаптарының ауданы 41,1 млн га, мал саны (ІҚМ, жылқы, түйе, құс және т.б.) 20,1 млн басты құрайды.

2022 – 2024 жылдары шекара маңындағы аудандардың өнеркәсіп өнімінің көлемі 17,3 трлн теңге болды (жалпы республикалық көлемдегі үлесі – 31,4 %).

2024 жылы шекара маңындағы аудандардың негізгі капиталына инвестиция көлемі 1 860,0 млрд теңгеден 2 633,2 млрд теңгеге дейін немесе 39 %-ға ұлғайды (республика бойынша өсу 23 %-ды құрады).

Орташа айлық жалақы мөлшері 639,3 мың теңге.

Жұмыссыздық деңгейі – орта есеппен 4,6 % (республика бойынша – 4,7 %).

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін дамытуда көліктік және логистикалық шығыстардың жоғары болуы, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін жалпы жағдайларды қамтамасыз ететін жол, инженерлік және коммуникациялық инфрақұрылымның дамымауы сияқты проблемалар бар.

2024 жылдың қорытындысы бойынша жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 26,3 мың бірлікті немесе ел бойынша жалпы санының шамамен 24 %-ын құрады, бұл ретте шекара маңындағы 3 аудан бойынша олардың саны азайған (республика бойынша өсу 27 %-ды құрады). Алайда өткен жылдармен салыстырғанда шағын және орта кәсіпкерліктің белсенді субъектілері санының 25 мың бірлікке аздан ұлғайған.

Бағдарламалық құжаттар шеңберінде ауылдық жерлерде шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі шаралар іске асырылады.

Барлық дерлік шекаралас облыстарда туризмді дамыту әлеуеті бар. Алайда қазіргі уақытта шекара маңындағы аумақтардағы туристік қызмет негізінен ішкі туризмге бағдарланған күйінде қалып отыр.

Сонымен қатар Алматы облысында Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасында трансшекаралық туристік маршруттар дамуда.

Туристік маршруттар мен туристік инфрақұрылымды дамыту қажет.

Бірқатар шекара маңындағы аудандардың шалғайда орналасуы және жол инфрақұрылымының қанағаттанарлықсыз жағдайда болуы олардың экономикалық өсу орталықтарымен көліктік байланысының әлсіз болуына себеп болып отыр.

Мәселен, жекелеген өңірлерде (оның ішінде, шекара маңындағы) қанағаттанарлықсыз жағдайдағы республикалық және жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының үлесі 2024 жылы 5 мың км құраған.

Тозуды азайту мақсатында елдің шекара маңындағы аудандарында тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылым көрсеткіштерін жақсарту жөнінде тиісті шаралар қабылдау талап етіледі.

Шекара маңындағы 1 366 АЕМ-нің ішінде 1 242 АЕМ-де немесе олардың 90,9 %-ында сумен жабдықтау қызметтері қолжетімді.

Газдандырылған шекара маңындағы АЕМ саны 664 бірлікті немесе 48,6 %-ды құрады.

"Қолжетімді Интернет" ұлттық жобасы аясында 2023 жылы шекара маңындағы 71 АЕМ 44 мың халықты қамти отырып, талшықты-оптикалық байланыс желілері арқылы жоғары жылдамдықты Интернетпен (≥ 100 Мбит/с) қамтамасыз етілді. Бұдан басқа,

1123 ауылды (оның ішінде шекара маңындағы 514 АЕМ) қамтитын талшықты-оптикалық байланыс желілері арқылы жергілікті желілер құрылысын іске асыру жобасы жүзеге асырылуда.

Шекара маңындағы барлық елді мекендер "ОТАУ TV" көрсететін қызметке қосылған.

Шекара маңындағы өткізу пункттерінің, сондай-ақ шекара маңындағы бөлімшелердің (заставалардың) инфрақұрылымын дамыту мәселелері ерекше назар аударуды талап етеді. Жалпы шекара маңындағы аудандарда 52 сыртқы және ішкі автомобиль өткізу пункті ұйымдастырылған. Алайда шекара маңындағы кейбір аудандарда өткізу пункттері мен оларға іргелес автомобиль жолдарында заманауи инфрақұрылымының болмауы олардың транзиттік және туристік әлеуетін толық көлемде жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді.

Кейбір өңірлерде өңір халқының қазіргі өсу қарқыны сақталатын болса, әлеуметтік объектілер – білім беру және медицина мекемелерінің, сондай-ақ инфрақұрылымның жетіспеушілігіне байланысты проблемалар туындауы мүмкін.

Мәселен, шекара маңындағы кейбір аудандардың білім беру және денсаулық сақтау салаларында білікті кадрлардың тапшылығы, материалдық-техникалық базасының жеткіліксіз деңгейі және қызметтер көрсету сапасының нашар болуы проблемалары сақталып отыр.

Өңірлік стандарттар жүйесі

Жыл сайын ӨСЖ сәйкес елді мекендердің инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу деңгейіне мониторинг жүргізіледі.

Елді мекендердің ӨСЖ сәйкес объектілермен және көрсетілетін қызметтермен (игіліктермен) қамтамасыз етілу деңгейін мониторингтеу әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымға қол жеткізудегі өңіраралық және өңірішілік теңгерімсіздік ауқымын шынайы бағалауға мүмкіндік береді.

Елді мекендердің ӨСЖ сәйкес объектілермен және қызметтермен (игіліктермен) қамтамасыз етілуі 2024 жылы республика бойынша орта есеппен 66,1 %-ды, оның ішінде қалалар бойынша 89,0 %-ды, ауылдар бойынша 65,8 %-ды құрады.


2024 жылы ӨСЖ сәйкес объектілермен және көрсетілетін қызметтермен (жеңілдіктермен) қамтамасыз етудің ең жоғары көрсеткіштері Алматы (90,9 %), Шымкент (87,9 %) және Астана (87,6 %) қалаларында байқалады.

Өңірлер бөлінісінде Маңғыстау (74,6 %), Жамбыл (74,1 %) Қызылорда (68,8 %), Қостанай (68,5 %) және Алматы (68,1 %) облыстарында қамтамасыз етілу деңгейі ең жоғары.

Қамтамасыз етілудің ең төменгі көрсеткіштері жаңадан құрылған Ұлытау (55,3 %), Абай (58,1 %) және Шығыс Қазақстан (60,2 %) облыстарында тіркелді.

2024 жылы 2023 жылмен салыстырғанда ӨСЖ сәйкес елді мекендердің объектілермен және көрсетілетін қызметтермен (игіліктермен) қамтамасыз етілуі 64,7

%-дан 66,1 %-ға, оның ішінде өңірлер бойынша Абай облысында 59,9 %-дан 58,1 %-ға дейін, Ақмола облысында 65,7 %-дан 67,2 %-ға дейін, Алматы облысында 64,5 %-дан 68,1 %-ға дейін, Шығыс Қазақстан облысында 58,5 %-дан 60,2 %-ға дейін, Жамбыл облысында 69,3 %-дан 74,1 %-ға дейін, Жетісу облысында 65,4 %-дан 66,3 %-ға дейін, БҚО 60,2 %-дан 60,5 %-ға дейін, Қарағанды облысында 62,3 %-дан 65,2 %-ға дейін, Қостанай облысында 68,3 %-дан 68,5 %-ға дейін, Қызылорда облысында 67,0 %-дан 68,8 %-ға дейін, Маңғыстау облысында 74,0 %-дан 74,6 %-ға дейін, Павлодар облысында 66,3 %-дан 67,3 %-ға дейін, Солтүстік Қазақстан облысында 64,3 %-дан 66,5 %-ға дейін, Түркістан облысында 64,1 %-дан 66,3 %-ға дейін, Астана қаласында 86,4 %-дан 87,6 %-ға дейін, Шымкент қаласында 87,8 %-дан 87,9 %-ға дейін өскен. Ақтөбе, Атырау және Ұлытау облыстарында көрсеткіштердің төмендеуі байқалған.



3-сурет. ӨСЖ сәйкес өңірлердің инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу деңгейі

Сонымен бірге ӨСЖ талаптарын жетілдіру жалғасуда. Мәселен, 2023 жылы ӨСЖ-ге объектілер мен көрсетілетін қызметтердің (игіліктердің) қолданыстағы тізбесін кеңейту бөлігінде өзгерістер енгізілді.

Бюджеттік жоспарлауды ӨСЖ қамтамасыз етілу деңгейіне байланыстыру бойынша шаралар қабылданды. Бұл мемлекеттік бюджеттің инфрақұрылымға шығыстарын жоспарлау тиімділігін едәуір арттырады.

3-бөлім. Халықаралық тәжірибеге шолу

3.1 Халықты негізгі инфрақұрылыммен (әлеуметтік, инженерлік, көлік) және жайлы қалалық ортамен қамтамасыз ету

Базалық инфрақұрылымды және жайлы қалалық ортаны қамтамасыз етудегі өңірлік теңгерімсіздіктерді өзгертудің тиімді тетіктерін іске асыру мақсатында әлемдік тәжірибеге талдау жасалды. Негізгі инфрақұрылымдық жағдайларды және жайлы қалалық ортаны қамтамасыз етудің әлемдік тәжірибесі ауқымды шешімдерді қамтиды.

Бүкіл ел аумағында базалық өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету, ауылдық аумақтарды дамыту, сондай-ақ ауылдық жерлерде инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру тұрғысынан Қазақстан үшін Германияның тәжірибесі қызықты.

Германияда өңірлік теңгерімсіздіктерді теңестіру "еркін қол жеткізу" (Daseinsvorsorge) тетігі арқылы жүзеге асырылды, бұл барлық өңірлерде базалық өмір сүру жағдайларына кепілдік береді. Стратегия көлік желісін (автомобиль жолдары, темір жолдар) дамытуды және инженерлік инфрақұрылымды жаңғыртуды қамтиды.

Инфрақұрылымдық жобалар ЕО Өңірлік даму қоры (ERDF) және "Ауылдық аумақтарды дамыту бағдарламасы" сияқты ұлттық бағдарламалар есебінен қаржыландырылатын ауылдық жерлерге ерекше назар аударылады, жол салу, инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту және ауыл мектептерін дамыту жобалары қаржыландырылады.

Әлеуметтік инфрақұрылым инновациялық кластерлерді ынталандыру және мамандар мен инвестиция тарту үшін дамуы неғұрлым төмен өңірлерде ғылыми орталықтар құру арқылы дамытылуда.

АҚШ-тың ауылдық аумақтарды дамыту тәжірибесі әкімшілік шығыстарды бөлу бөлігінде зерделенді. Мәселен, олар штаттар мен федералдық үкімет арасында бөлінеді, бірақ бағдарламалардың өзі федералдық бюджеттен қаржыландырылады. Іске асырылып жатқан ірі жобалар, әдетте, инфрақұрылымды (сумен жабдықтау, су бұру, көлік) дамытумен байланысты. Бұл тетік ауылдық жерлерде инфрақұрылымды дамыту іс-шараларын қаржыландыру кезінде қолданылды.

Ресей Федерациясында "Болашақ ауылы" жобасы іске асырылуда, оның мәні – халықты жұмыспен қамтамасыз ету және ауылдың әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін сақтай отырып, қала деңгейіне жақын инфрақұрылым құру.

Осы жобаны іске асыру кезінде әлеуетті даму перспективасы бар, қала сыртында жайлы өмір сүрудің үлгісі бола алатын, барлық әлеуметтік игіліктер халыққа қалалардағы сияқты қолжетімді болатын елді мекендер айқындалды.

Аумақтардың көлікпен байланысын қамтамасыз ету және өңірлердегі экономикалық белсенділікті ынталандыру бойынша Оңтүстік Кореяның тәжірибесі зерделенді.

Оңтүстік Корея мыналарды:

автомобиль жолдарын жаңғыртуға және ауыл мен қаланы байланыстыратын жоғары жылдамдықты теміржол желілерін құруға инвестиция салуды;

шалғай аудандарда экономикалық өсуді ынталандыратын және халықтың мегаполистерге көшуін азайтатын индустриялық өңірлер құруды;

әлеуметтік объектілерді орталықсыздандыру арқылы медициналық, білім беру және мәдени қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етуді қамтитын өңірлік тепе-теңдік саясатын белсенді түрде дамытуда.

Дания тәжірибесі шағын қалалардың халық тартылатын жергілікті орталық ретінде дамуымен ерекшеленеді.

Данияның кеңістіктік саясатында шалғай аудандардың орнықты дамуы мен интеграциясына назар аударылады. Негізгі шаралар мыналарды:

жасыл көлік инфрақұрылымына инвестиция салу (велосипед жолдары, шығарындысыз қоғамдық көлік);

шағын қалаларды жергілікті тартылыс орталықтары ретінде дамыту;

қолжетімді тұрғын үй құрылысын ынталандыруды және сумен жабдықтау мен кәрізді қоса алғанда, инженерлік желілерді дамытуды қамтиды.

Аумақтардың көліктік байланысын нығайту және ірі көлік дәліздерінің әлеуетін іске асыру тұрғысынан Қазақстан үшін Польша тәжірибесі қызықты.

Польшаның қазіргі аумақтық саясатында ірі қалаларды шеткі аудандармен байланыстыратын автомобиль жолдары мен теміржол желісі арқылы көлік инфрақұрылымын дамыту көзделген (National spatial development concept 2030).

Ауылдық жерлерді қолдау үшін Еуропалық одақтың (бұдан әрі – ЕО) мектептер, ауруханалар мен спорттық объектілер салуға бағытталған қорлары пайдаланылады.

Мысал ретінде елдің шығыс және батыс өңірлерін байланыстыратын А2 автожолын салуды келтіруге болады. Бұл дамуы неғұрлым төмен өңірлердің экономикалық дамуын ынталандырады. Сонымен қатар ЕО құрылымдық қорларының қаражаты сумен жабдықтауды және кәріз жүйелерін қоса алғанда, ауылдық жерлердегі коммуналдық инфрақұрылымды жаңғыртуға жұмсалады.

Ұлыбританияның тәжірибесін Қазақстанда елдің белгілі бір аймағын дамыту бастамаларын жүзеге асыру кезінде пайдалануға болады. Ол инфрақұрылымды дамыту, білім мен ғылымға инвестиция салудың аумақты дамытуға және жұмыссыздықты азайтуға қалай ықпал ететінін көрсетеді.

Ұлыбританияда өңірлік теңестіру стратегиясы "Солтүстік орталығы" (Northern Power house) бастамасы арқылы солтүстік өңірлерді дамытуға бағытталған, ол мыналарды:

жаңа теміржол магистральдарын және қолданыстағы жолдарды жаңғыртуды қоса алғанда, көлік желісін дамытуды;

мамандандырылған оқу және ғылыми орталықтарын құруды;

инвестиция тартуға және жұмыссыздықты азайтуға көмектесетін әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуды қамтиды.

Сауд Арабиясының тәжірибесін Қазақстанда ауқымды инфрақұрылымдық жобалармен қатар арнайы экономикалық аймақ құрылатын жаңа Алатау қаласын құру сияқты ірі жобаларда қолдануға болады.

Сауд Арабиясының Ұлттық кеңістіктік стратегиясы NEOM сияқты жаңа экономикалық орталықтарды дамытуға бағытталады. Жоба заманауи көлік жүйелерін, оның ішінде әуежайлар мен жылдамдығы жоғары автомобиль жолдарын салуды, сондай-ақ инфрақұрылымды басқарудың ақылды технологияларын енгізуді қамтиды.

АЭА инвесторлар үшін салықтық жеңілдіктер мен жеңілдетілген рәсімдер ұсынады.

Шалғай аудандарда әуежайларды, автомобиль жолдары мен сумен жабдықтау жүйелерін қоса алғанда, заманауи көліктік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту қамтамасыз етіледі.

Малайзия шеткі өңірлерді дамытуға бағытталған Ұлттық физикалық жоспарды іске асыруда. Инфрақұрылым, білім беру, денсаулық сақтау салаларына қомақты инвестиция алған Искандар (Iskandar) ауданының дамуын үлгі ретінде келтіруге болады. Бұл өңірде жаңа жұмыс орындарының ашылуына және өмір сүру сапасының жақсаруына ықпал етті. Қалаларды абаттандыру мен көгалдандырудың халықаралық тәжірибесі цифрлық шешімдердің, қатаң стандарттар мен кешенді тәсілдердің қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Мельбурнда (Аустралия) ағаштарды мониторингтеу және ағаш отырғызуды жоспарлау үшін ГАЗ жүйелері пайдаланылады. Финляндияда санитариялық инфрақұрылымды орналастыруда аумақтарға бөлу, жаяу жүргіншілер ағынын және тұрғындардан кері байланыс ескеріледі, ал Хельсинкиде тазарту шаралары аудандардағы жүктемеге бейімделеді.

Швецияда Vision Zero тұжырымдамасы ЖКО-да өлім-жітімді 85 %-ға азайтты, Нидерландыда қауіпсіздік көлік легін физикалық бөлумен және тұрғын үй аймақтарында жылдамдықты 30 км/сағ дейін төмендетумен қамтамасыз етіледі, ал Германияда авариялық аймақтарға және ақылды жол жүйелеріне баса назар аударылады. Аустралияда NDIS бағдарламасы мүгедектерді қолжетімділік стандарттарын әзірлеуге тартады, бұл қалалық ортаның қолайлылығын арттырады.

Берлинде әртүрлі қозғалыс түрлеріне арналған жабындар нақты аймақтарға бөлінеді, Ресей Федерациясының (бұдан әрі – РФ) Клин қаласында дизайн-кодта сәулет мұрасы мен көше өнері ескеріледі, ал Лондонда көрнекі тұтастықты сақтау үшін сыртқы жарнаманы орналастыру регламенттеледі. Бұл мысалдар қалалардың сәтті дамуы цифрландыруды, көлік қауіпсіздігін, инклюзивтілікті және функционалдықты эстетикамен үйлесімді үйлестіруді қамтитын кешенді шешімдерді талап ететінін көрсетеді.

Тұтастай алғанда Қазақстан үшін халықаралық тәжірибенің қолданылуына қатысты тиімді өңірлік саясат көліктік, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымға

инвестиция тартуға және қолайлы қалалық ортаны дамытуға бағытталған кешенді тәсілді талап ететінін атап өтуге болады. Ұлттық және жергілікті бастамаларды дұрыс үйлестіру, сондай-ақ жеке инвестиция тарту және халықаралық қорларды пайдалану арқылы табысқа қол жеткізуге болады. Бұл тәжірибе Қазақстан үшін өңірлік дамудың өзіндік стратегиясын әзірлеуде бағдар бола алады.

3.2. Экономикалық дамуды қолдау

Әлемдік тәжірибеден табысты өңірлік саясат орталықсыздандырылған басқарумен үйлескен "өсу орындарын" қолдауға бағытталуға тиіс екенін байқауға болады.

ҚХР өңірлік саясат бәсекелестік артықшылықтары бар, сондай-ақ экономикалық және инвестициялық әлеуеті жоғары өңірлерді қолдауға бағытталды. Таңдалған өңірлер инвестиция тарту орталықтарына айналып, ел экономикасының өсуін жеделдетуде шешуші рөл атқарады. Дамыған өңірлердегі экономиканың көтерілуі дамуға ілесуге және елдің төмен дамыған бөліктерінің экономикасын көтеруге ынталандырады.

1960 жылдардан бастап Канада Үкіметі өңірлік дамуды әрқелкі әлеуметтік-экономикалық дамуды жоюға бағытталған бірінші кезектегі міндет ретінде қарастырды.

Стратегия проблемалы өңірлерге тікелей трансферттер арқылы қаржылық қолдау көрсетуді және инфрақұрылымды жақсартуға және инвестиция тартуға бағытталған федералдық бағдарламаларды жүзеге асыруды қамтиды.

Өңірлік саясаттың мақсаттарына жету үшін Канада Үкіметі протекционизм мен тікелей шетелдік инвестицияны ынталандыруды қоса алғанда, нарықтық және нарықтық емес реттеу әдістерін пайдаланады.

Осы аумақтардың экономикалық әлеуетін арттыратын протекционистік шаралар арқылы ауыл шаруашылығына маманданған өңірлерді қолдауға ерекше назар аударылады.

Мемлекет эксклюзивті сатып алушы, ал жеке сектор эксклюзивті сатушы ретінде әрекет ететін ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізуді оңтайландыруға арналған бизнес-құрылымдарды құру маңызды шара болып табылады.

Үндістанның тәжірибесі ауылдардағы кооперацияны дамытудың сәтті үлгісі бола алады. Елде ұлттық кооператив одағы мен Ұлттық кооперацияны дамыту корпорациясы жұмыс істейді.

Ұлттық кооператив одағының қызметі кооперативтік қозғалысты ілгерілетуге және дамытуға, кооператив секторын құру мен кеңейтуде адамдарды үйретуге және оларға көмектесуге бағытталған.

Ұлттық кооперацияны дамыту корпорациясы өндірісті ұлғайту және өнімділікті арттыру үшін фермерлік кооперативтерді ілгерілетуге, нығайтуға және дамытуға бағытталған. Корпорация ауыл шаруашылығы маркетингі, ауыл шаруашылығы

өнімдерін қайта өңдеу, сақтау және өткізу инфрақұрылымын дамыту жөніндегі бағдарламаларды іске асырады.

Қабылданған шаралардың нәтижесінде Үндістан кедейліктің азаюына және жаңа жұмыс орындарын ашуға қол жеткізді, бұл көптеген ауыл тұрғындарын кооперативтік қозғалыспен қамтуға ықпал етті.

АҚШ-та өңірлік әділеттілік қағидаты заңнамада бекітілген бюджеттік және салықтық реттеу шаралары арқылы бюджеттік теңдікке қол жеткізуден тұрады.

АҚШ-та сатылас тепе-теңдік тұжырымдамасы қолданылады, мұнда тапшылық деңгейлес теңгерімділікке белсенді араласпай, штаттар деңгейінде трансферттер мен салықтық шаралар арқылы теңестіріледі. АҚШ-тың бюджет жүйесі өңірлерді теңестіруге федералдық орталықтың араласуын азайта отырып, барынша орталықсыздандырылған бәсекелестік моделіне және штаттардың қаржылық тәуелсіздігіне негізделген.

Штаттардың салық салудағы дербестігі жоғары дәрежеде, бұл бюджеттен сатылас теңгерімділігін нығайтады. Штаттар өз кірісінің шамамен 92,3 %-ын өз көздерінен алады, бұл олардың федералдық көмекке тәуелділігін 12 %-ға дейін азайтады. Федералдық мақсатты бағдарламалар өңірлік шығындардың шамамен 20 %-ын бірлескен қаржыландыру негізінде қаржыландырады. Мұндай бағдарламаларда әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыруға, халықтың әл-ауқатын арттыруға көңіл бөлінеді.

Тарихи тұрғыдан АҚШ-тың бюджеттік федерализм жүйесі дербестікке ұмтылудан және орталықтандырылған шараларға қанағаттанбаудан туындаған. Нәтижесінде ЖӨӨ-дегі алшақтықтар сақталса да, штаттардың өз экономикасын дамыту үшін едәуір ынтасы бар.

Германияда аумақтық әділдіктің кооперативтік моделі бюджеттік тетіктерді тиімді пайдалану арқылы әділеттілікке жетуге бағытталған. Модель макроэкономикалық көрсеткіштерді тұрақтандыруға және жалпы мемлекеттік кірісті қайта бөлуге өңірлік билік органдарының жоғары деңгейде қатысуымен сипатталады.

Белсенді бюджет саясаты мен салықтарды үлестік қатысу негізінде қайта бөлу арқылы деңгейлес теңгерімсіздіктерді азайтуға назар аударылады. Федерация мен штаттардың қаржылық мұқтажының теңдігі конституциялық түрде бекітілген, бұл салық түсімдерінің тең бөлінуінен көрінеді. Кооперативтік модель өңірлік бюджеттерді деңгейлес біркелкілендіруге және салық түсімдерін біркелкі бөлуге мүмкіндік жасай отырып, орталықтандырылған салық жинауды қамтамасыз етеді.

3.3. Институционалдық қамтамасыз ету

Әлемдік практика мен өңірлік саясатты іске асыру тетіктерін талдау Қазақстанға бейімдей отырып қолдануға болатын мынадай тәжірибені анықтады.

Орталық пен өңірлердің арасын үйлестіретін арнайы офистер

Орталық және өңірлік билік органдарын біріктіретін үйлестіруші органның болуы АҚШ, Канада, Бразилия, Франция және Аустралия сияқты дамыған елдерде қолданылатын әлемдегі озық практика болып табылады.

Айталық, орталық пен өңірлер арасындағы байланысты жақсарту үшін АҚШ Президентінің Әкімшілігінде Үкіметаралық істер басқармасы жұмыс істейді, оның бір бөлігі жергілікті мемлекеттік органдардың бұрынғы қызметкерлерінен тұрады. Сонымен қатар әрбір министрлік пен ірі федералдық агенттікте үкіметаралық мәселелермен айналысатын осыған ұқсас бөлімше болады. Әрбір штатта "штат-федерация" деңгейінде де, сондай-ақ "штат-муниципалитеттер" деңгейінде де үкіметаралық қатынастар үшін арнайы офистер жұмыс істейді.

Канададағы үкіметаралық қатынастар федералдық және өңірлік (провинциялық/аумақтық) басшылар арасындағы қарым-қатынасқа бағытталған. Бұл қатынас ақпарат алмасуға, келіссөздер жүргізуге және консенсусқа қол жеткізуге (мысалы, бірінші министрлердің конференцияларында) арналған алаңдармен қамтамасыз етеді.

Федералдық деңгейдегі үкіметаралық қатынастарға жауапкершілік әдетте премьер-министрге жүктеледі, оған үкіметаралық істер жөніндегі министр, ал өңірлік деңгейде бірінші министрлер көмек көрсетеді. Әрбір өңірде үкіметаралық қатынастарға жауапты жеке үйлестіру бөлімшесі жұмыс істейді.

Осындай үйлестіру құрылымдары мен тетіктері Бразилияда (үкіметаралық форумдар мен кеңестер, мысалы, денсаулық сақтауда CONASS, білім беруде CONSED), Францияда (әр өңірде мемлекеттік саясатты талқылауға және одан әрі орталыққа жіберу мәселелерін үйлестіруге қатысатын қауымдастықтар бар), Аустралияда (федералдық және өңірлік министрліктер деңгейіндегі тұрақты жұмыс істейтін Кеңес, өңірлердің басшылары қатысатын Аустралия Федералдық Кеңесі) бар.

Өңірлердің жоғары деңгейдегі фискалдық дербестігі

Өңірлерінің фискалдық дербестігі басым елдерде өңірлер анағұрлым біркелкі дамиды, сондай-ақ өмір сүру сапасы, үкіметтің тиімділігі жоғарылап, экономикалық теңсіздік деңгейі төмен болады.

Мәселен, Финляндия барлық көрсеткіштер бойынша көш бастап тұр және фискалдық дербестік деңгейі жоғары, сондай-ақ мемлекеттік басқару индикаторларындағы бағалар жоғары және кіріс теңсіздігінің көрсеткіштері төмен.

Финляндияда жергілікті билік органдарының салық саласында, оның ішінде орталық органдардың араласуынсыз салық мөлшерлемелерін белгілеу бөлігінде өкілеттіктері бар.

Салыстырып отырған елдер арасында мөлшерлемелерін жергілікті өзін-өзі басқару органдары белгілейтін салықтардан түсетін түсімдер Финляндияда салыстырмалы түрде жоғары, бұл жергілікті бюджеттердің жалпы салық түсімдерінің 81,9 %-ы. ЭЫДҰ

елдері ішінде Финляндия бұл көрсеткіш бойынша Ұлыбритания, Швеция, Канада және Даниядан кейінгі орында, оларда жергілікті билік салық түсімдерінің тиісінше 99 %, 97,5 %, 95,7 % және 89,6 %-ын бақылайды.

АҚШ-та бюджеттік федерализмнің мақсаты – заңдарда бекітілген бюджеттік және салықтық реттеу шаралары арқылы өңірлік әділеттілікке қол жеткізу.

АҚШ-та сатылас тепе-теңдік тұжырымдамасы жиі пайдаланылады, ол жағдайда штаттар деңгейіндегі бюджет тапшылығы біркелкілендіретін трансферлер мен салықтық шаралар арқылы теңестіріліп, деңгейлес теңгерімсіздікке белсенді араласу болмайды.

АҚШ-та күшті орталықсыздандыру, штаттардың қаржылық тәуелсіздігі және өңірлерді теңестіруге федералдық орталықтың қатысуының төмендігі есебінен тиімді экономикалық дамуға ықпал ететін бюджет жүйесінің бәсекеге қабілетті моделі жұмыс істейді.

АҚШ штаттарының салық салуда, оның ішінде корпоративтік пайда мен табыс салығын белгілеуде дербестік дәрежесі жоғары, бұл бюджет жүйесіндегі сатылас теңгерімділікті нығайтады. Штаттар бюджетінің орта есеппен үштен біріне жуығын федералдық қарыздар мен гранттар құрайды.

Нысаналы бағдарламалардың негізгі бөлігі атаулы әлеуметтік қолдау шарттарымен әлеуметтік бағдарламаларды іске асыруға және халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталып, шығыстар федерация мен штаттар арасында бөлінеді.

Германияда бюджеттік тетіктер арқылы аумақтық әділеттілікке қол жеткізуге бағытталған кооперативтік қайта бөлу моделі жұмыс істейді. Бұл модель макроэкономикалық көрсеткіштерді тұрақтандыруға және жалпы ұлттық кірісті қайта бөлуге өңірлік биліктің (жерлердің) қатысу деңгейінің жоғары болуымен сипатталады. Бюджет саясаты шеңберінде белсенді бюджет саясаты және салықтарды үлестік қатысу негізінде қайта бөлу арқылы деңгейлес теңгерімсіздіктерді азайтуға басты назар аударылады. Конституциялық деңгейде федерация мен жерлердің қаржылық қажеттіліктерінің теңдігі бекітілген, ол салық түсімдерінің тең бөлінуінен көрінеді. Кооперативті модель өңірлік бюджеттерді деңгейлес біркелкілендіру үшін елеулі мүмкіндіктер жасай отырып, салықты орталықтандыра жинауды қамтамасыз етеді. Модель бойынша қандай да бір аумақтарға әділетсіз қатынасты жоққа шығарып, салық кірістерін біркелкі бөлу қағидалары көзделген.

Аустралия Конституциясы штаттарға/аумақтарға көп өкілеттіктер береді, бірақ іс жүзінде олар федералдық үкіметпен тығыз жұмыс істейді, өйткені "орталық" барлық салық түсімдерінің 81 %-ын бақылайды.

Аустралияның өңірлік саясаты штаттар арасындағы үйлесімділікке және деңгейлес теңдікке бағытталған, федералдық трансферттер өңірлердегі өмір сүру деңгейін теңестіруді ескере отырып бөлінеді.

Мемлекеттік стратегиялық жоспарлау өңірлермен бірлесе отырып, жекелеген " келісімдер" арқылы жүзеге асырылады. Штаттар/аумақтар стратегиялық жоспардың негізгі мақсаттарына қол жеткізу үшін қаржы алады.

Персоналды басқару құралы ретінде ұтқырлықты кеңінен қолдану

Аустралияда мемлекеттік қызметте мемлекеттік қызметшілерді өңірлік, жеке және академиялық секторларға іссапарға жіберуді ынталандыратын "Ұтқырлық бағдарламасы" бар. Жергілікті халықтардың шалғайдағы және мұқтаж қоғамдастықтарына іссапарға жіберуге ынталандырудың арнайы жүйесі бар.

Бағдарламаның мақсаты персоналды басқарудың стратегиялық құралы ретінде ұтқырлықты пайдалануда қызметкерлер мен басшыларға көмек көрсету болып табылады.

Бағдарламада ротацияның мынадай үш нұсқасы көзделген:

1) жағдаяттық ротация: қызметкерлер жекелеген мемлекеттік органдарда кадрларға сұраныстың артуына байланысты қысқа мерзімдік міндеттерді шешу үшін іссапарға жіберіледі, мысалы: халық санағын ұйымдастыру, табиғи апаттар кезінде жұмылдыру;

2) нақты проблемаларды шешуге арналған ротация: белгілі бір сараптаманы қажет ететін проблеманы қарау және шешу үшін уақытша команда құрылады, проблема шешілгеннен кейін команда тарайды, мысалы: облыстағы қылмыстарды тергеу жөніндегі жедел топ;

3) дағдыларды дамытуға арналған ротация: қызметкерлер жаңа дағдыларды меңгеру немесе өңірде жұмыс істеуді қоса алғанда, жаңа ортаға кіру үшін лауазымдарын уақытша өзгертеді, мысалы: энергетика министрлігінің сарапшысы облыстық энергетика басқармасына жұмысқа ауысады.

Бағдарлама кіші, орта және жоғары буындағы мемлекеттік қызметшілерге жұмыс орнында ұтқырлықты қалай енгізу қажет екені жөнінде ресми ұсынымдар береді. Басшыларға арналған әдістемелік нұсқаулықта ротацияның тиісті мақсаттарын белгілеу туралы ақпарат болады.

Мемлекеттік қызметшілер ротация бағдарламасы аясында бос орындарды жариялау және іздеу үшін бөлек порталға қол жеткізе алады.

Аустралиялық мемлекеттік қызметшілердің 9,5 %-ы ғана ротацияға өздері бастама жасаған. Қызметкерлердің көпшілігі ротацияға өз басшысының немесе жұмыскерді іздестіруді жүзеге асыратын команда басшысының ұсынымдары негізінде ротацияға қатысуға шешім қабылдаған, бұл мемлекеттік органдар басшылары тарапынан ұтқырлық бағдарламасына қолдау көрсетудің маңыздылығын растайды.

Францияда мемлекеттік қызмет жүйесі шенеуніктерді (олардың жұбайларын қоса алғанда) өңірлік билік органдарына ротацияға едәуір ынталандырады.

Бірыңғай экожүйе және деректерді басқару стратегиясы

Ұлыбританияда Үкіметтің жанында Data Standards Authority деректер стандарттары жөніндегі басқарма (бұдан әрі – DSA) жұмыс істейді, ол деректерді жинау

стандарттарын белгілеу, сондай-ақ дерек алмасудың тиімділігін оңайлату және арттыру арқылы мемлекеттік сектордағы деректерді басқаруды жақсартуға жауап береді.

DSA ортақ мәселелерді бірлесіп шешу үшін мемлекеттік және жеке сектордан және академиялық орталардан мамандардың көптеген қоғамдастықтарымен үнемі өзара іс-әрекеттесе отырып, деректер стандарттары бойынша үкіметаралық диалогты басқарады. DSA сарапшылар қоғамдастығымен ынтымақтаса отырып пайдаланушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын стандарттарды жақсартады және енгізеді.

Өз бағдарламаларын әзірлейтін немесе басқа ведомстволардың бағдарламалары үшін деректер жинайтын мемлекеттік органдар DSA командасынан алмасу және есептілік үшін SMART қағидаттарына сәйкес деректерді жинау және өңдеу жөнінде оқудан өтеді.

DSA-ны басқаруды басқарушы кеңес жүзеге асырады, оның құрамына деректер сәулетшілері мен әртүрлі министрліктердің өкілдері кіреді. Кеңес мемлекеттік сектордағы деректерді басқару мәселелері бойынша алқалы шешімдер қабылдайды. DSA сонымен қатар үкіметтік деректер сәулеті қоғамдастығы және API және дерек алмасу практикасы қоғамдастығы сияқты цифрландыру қоғамдастықтарынан тәуелсіз сарапшыларды тартады. Кеңес отырыстарының хаттамалары ашық қолжетімділікте жарияланады.

DSA мемлекеттік органдарға түрлі ресурс ұсынады. Мысалы, GOV.UK Service Standard қызмет көрсету стандарттары, олар мемлекеттік қызметтерді көрсету, оның ішінде деректермен жұмыс істеу бойынша практикалық ұсынымдарды қамтиды.

Канадада 2023 – 2026 жылдарға арналған мемлекеттік сектордың деректері туралы федералдық стратегия іске асырылуда, ол цифрлық бастамаларды келісуге және федералдық үкімет, провинциялар мен аумақтар арасындағы деректер легін жақсартуға бағытталған. Ол деректерді бірлесіп пайдалану, ұсынылатын цифрлық қызметтерді жақсарту, сондай-ақ берік федералдық-өңірлік деректер экожүйесі деректерін құру проблемаларын шешуге бағытталған.

Стратегия мынадай 4 негізгі бағыт бойынша іске асырылады:

1) Data by Design: мемлекеттік сектордағы деректерді басқару саласындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктерді бөлу бойынша нұсқаулықтар әзірлеу, мемлекеттік жоспарлау мен басқарудағы деректердің маңыздылығы туралы хабардар ету шаралары;

2) шешім қабылдауға арналған деректер: деректердің бірыңғай стандартын пайдалану кезінде мемлекеттік органдарға қолдау көрсету және деректер сапасын бақылау (Үкімет және Канаданың статистика басқармасы жанында), ел басшылары үшін сапалы деректерді пайдалану және тиімді шешімдер қабылдау бөлігінде мемлекеттік органдармен жұмыс істеу, мемлекеттік органдармен дата-шешімдерді (дата-хабтар) масштабтау бойынша жұмыс;

3) дата-қызметтерді дамыту: деректерді пайдалану әдебі бойынша нұсқаулықтар әзірлеу, дата-қызметтерді әзірлеу және басқару кезінде құпиялылық пен қауіпсіздік шаралары бойынша нұсқаулықтар әзірлеу, мемлекеттік сектордағы деректерді басқару саласындағы проблемаларды анықтау бойынша мемлекеттік органдармен жұмыс;

4) мемлекеттік қызметте АТ-дағдылары дамыту: мемлекеттік секторға дарынды АТ-мамандарды тарту бойынша шаралар кешенін қабылдау, мемлекеттік қызметшілерге арналған міндетті тренингтер тізбесіне АТ– дағдыларды енгізу, негізгі цифрлық құралдар мен бағдарламалар, сондай-ақ барлық мемлекеттік органдарға қолжетімді open-source тәсілдері бойынша нұсқаулық әзірлеу.

4-бөлім. Өңірлерді дамыту пайымы

Қазіргі жағдайда теңгерімді өңірлік саясатты жүзеге асыру Қазақстан Республикасы үшін негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

Қоғамның орнықты әлеуметтік-экономикалық моделіне қол жеткізу және өңірлік айырмашылықтардың болатынын мойындау үшін өңірлік теңгерімсіздікті барынша азайту қажет.

Өңірлер арасындағы әлеуметтік-экономикалық, демографиялық және басқа да айырмашылықтар аса маңызды теңсіздіктерді жоюға және әрбір өңірдің экономикалық әлеуетін ашуға бағытталған өңірлік саясатты, қала құрылысы саясатын қалыптастыру мен іске асыру тәсілдерін үнемі жетілдіріп тұруды талап етеді.

Қазақстан географиясының бірегейлігі және табиғи ресурстарының алуан түрлілігі оған орнықты әлеуметтік-экономикалық даму үшін едәуір мүмкіндіктер береді. Алайда өңірлер арасындағы экономикалық белсенділік, инфрақұрылымдық қамтамасыз ету және халықтың өмір сүру сапасы деңгейіндегі теңгерімсіздік бұл әлеуетті іске асыруды шектейді.

Қазақстан Республикасының өңірлік дамуының 2025–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) жаңа сын-қатерлерді ескеріп және орнықты өсу мүмкіндіктерін пайдалана отырып, аталған мәселелерді шешуге бағытталған.

Тұжырымдама Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жоспарлау жүйесіне сәйкес әзірленді.

Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді (2050 жылға дейін) аумақтық-кеңістіктік дамуының басымдықтары Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасында баяндалған. Құжатта қоныстандыру және өндіргіш күштерді орналастыру жүйесін кешенді дамыту, әлеуметтік, рекреациялық, инженерлік және көліктік инфрақұрылымды дамыту, республикалық және өңіраралық маңызы бар ерекше қала құрылысын реттеу аумақтары мен объектілерін дамыту жөніндегі шаралар қамтылған.

Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарында өңірлердің алдына мынадай екі негізгі міндет қойылды, олар: ӨСЖ сәйкес әлеуметтік

игіліктермен және көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз етілудегі тым көп алшақтықтардың алдын алу және экономиканың екі есе өсуіне жәрдемдесу.

2030 жылға қарай өңірлерді дамытуда және өңірлік саясатты іске асыруда ел азаматтарының өмір сүру сапасын жақсартуға, сондай-ақ ұлттық экономиканың ұзақмерзімді және орнықты дамуына ықпал ететін мынадай сапалық өзгерістер болады:

өңірлердің білім беруді, денсаулық сақтауды, әлеуметтік қамсыздандыруды, мәдениетті, спортты, сондай-ақ инженерлік және көліктік инфрақұрылымды қоса алғанда, ӨСЖ сәйкес келетін негізгі игіліктермен және көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз етілуі қалалар үшін 96 %-ды және АЕМ үшін 71 %-ды құрайды;

қоғамдық кеңістіктерді ауқымды абаттандыру, көгалдандыру деңгейін арттыру, тазалық пен санитариялық жағдайды қамтамасыз ету, көшелердің қауіпсіздігін арттыру, әлеуметтік инфрақұрылымның қолжетімділігін жақсарту, сондай-ақ климаттық ерекшеліктер мен орнықты даму қағидаттарын ескере отырып, қалалар мен АЕМ сәулеттік келбетін сақтау және дамыту арқылы қолайлы қалалық ортаны қалыптастыру;

елдің елді мекендерін дамыту қала құрылысын жоспарлау талаптарын ескере отырып, оның ішінде барлық деңгейлерде сапалы қала құрылысы жобаларын (бас жоспарларды, егжей-тегжейлі жоспарлау және құрылыс салу жобаларын) әзірлеу есебінен жүзеге асырылады;

ірі кәсіпорындардың айналасында ШОБ белдеуін құра отырып, мұнай-газ секторында, тау-кен өнеркәсібінде және ауыл шаруашылығында терең өңдеуді дамыту;

қосылған құнды ұлғайтуға, отандық шикізатты жергілікті ел ішінде локализациялауға және барынша қайта өңдеуге баса назар аудара отырып, өндірістің жаңа тізбектерін дамытуды және өңдеу өнеркәсібі мен агроөнеркәсіп кешенінде дайын өнімді шығаруды ынталандыру;

көліктік байланысты арттыру, жоғары сапалы сервистік инфрақұрылым мен өңірлік транзиттік көлік тораптарын (хабтарды) дамыту арқылы өңірлердің көліктік-логистикалық әлеуетін іске асыру;

өңірлік ауқымда туристік тартылыс орындарын дамыту арқылы өңірлердің туристік әлеуетін дамыту;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты жанынан Бірыңғай үйлестіру орталығы – Өңірлік бастамалар басқармасын құру арқылы ведомствоаралық ынтымақтастықты күшейту;

блоктық бюджеттеуді толыққанды енгізу арқылы өңірлердің бюджеттік дербестігін одан әрі арттыру;

осы Тұжырымдама шеңберінде өңірлердің экономикалық әлеуетін ашудың жаңа инвестициялық жобаларын іске асыру, жергілікті бюджеттердің кірістерін біртіндеп одан әрі орталықсыздандыру, сондай-ақ басқа да жүйелі шараларды іске асыру арқылы салық салу базасын кеңейту есебінен жергілікті бюджеттердің кіріс бөлігін нығайту;

ынталандыру және мансаптық өсу тетіктерін әзірлей отырып, "өңір-орталық-өңір" қағидаты бойынша орта буын кадрларының ішкі ұтқырлығын арттыру арқылы жергілікті атқарушы органдардың кадрлық әлеуетін күшейту;

тұтас ұлттық деректер экожүйесін құру және дамыту, сондай-ақ мемлекеттік сектордағы деректерді басқару жүйесін оңтайландыру арқылы мемлекеттік сектордағы деректерді басқаруды жетілдіру;

өңірлер АӨК, индустриялық секторда, туризмде және басқа да салаларда дамыған мамандандырылған инфрақұрылыммен жабдықталады, бұл жеке инвестицияның едәуір өсуіне және олардың экономикалық құрылымының кезең-кезеңімен өзгеруіне алып келеді;

бес қалалық агломерацияның (Астана, Алматы, Шымкент, Ақтөбе, Қарағанды) ұлттық ауқымдағы экономикалық өсу орталықтары ретінде толыққанды қалыптасуы елдің қалған бөлігіне экономикалық өсу географиясын кеңейтуге жағдай жасайды;

көліктік, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымдағы жобаларды іске асыру арқылы қалалық агломерацияларды теңгерімді дамыту;

облыс орталықтарының әлеуметтік-экономикалық әлеуетін іске асыру арқылы жаңа "экономикалық өсу орталықтарын" қалыптастыру;

экономикалық өсу орталықтары бар моно- және шағын қалалардың көліктік қолжетімділігін арттыру;

өндірістік инфрақұрылымды дамыту және зәкірлік жобаларды іске асыру арқылы моноқалалар экономикасын әртараптандыру;

ауыл инфрақұрылымын жаңғырту ауыл тұрғындарының 90 %-дан астамының өмір сүру сапасын ӨСЖ талаптарына дейін жеткізуге мүмкіндік береді және ауылда қала деңгейіне барынша жақын өмір сүру жағдайларын қамтамасыз етеді;

халықтың тұрмыс жағдайын жақсарту есебінен елдің ауылдық және шекара маңындағы елді мекендердегі демографиялық жағдайдың едәуір жақсаруы;

ауыл халқының даму ресурстарының (қаржылық, материалдық, жер) қолжетімділігін арттыру кірістің едәуір өсуін және ауылдық жерлерде кедейлік деңгейін төмендетуді қамтамасыз етеді.

Осылайша, өңірлік даму пайымы және өңірлік саясатты іске асыру мынадай үш негізгі бағытты: өңірлер халқының жоғары сапалы базалық инфрақұрылыммен (әлеуметтік, инженерлік, көліктік) және жайлы қалалық ортамен, өнеркәсіпте, агроөнеркәсіптік және көлік-логистикалық кешендерде, туризмде іске асырылған экономикалық әлеуетпен қамтамасыз етілуін, сондай-ақ өңірлерді дамытуды тиімді институционалдық қолдауды қамтиды.

Бірінші бағыт шеңберінде республика бойынша орташа көрсеткішпен салыстырғанда базалық инфрақұрылымды (білім беру, денсаулық сақтау, инженерлік, көліктік және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым) қамтамасыз етудегі елеулі айырманы азайту және даму перспективаларын ескере отырып, өңірлердің жаңа

базалық инфрақұрылым объектілерін салуға сұранысын қанағаттандыру мәселелері шешілетін болады. Проблемалары анағұрлым өткір объектілерге басымдық беріледі. Кешенді абаттандыру қалалық ортаның сапасын арттырады, экологиялық жағдайды жақсартады және халықтың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасайды. Қоғамдық кеңістіктерді дамыту, көгалдандыру және инфрақұрылымды жаңғырту ішкі туризмді, шағын және орта бизнесті, сондай-ақ өңірлердің инвестициялық белсенділігін ынталандыра отырып, аумақтардың тартымдылығын арттырады.

Өңірлердің экономикалық әлеуетін іске асыру нәтижесінде олардың бәсекелік артықшылықтары негізінде экономиканың шикізат секторларындағы терең өңдеудің, өңдеу және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу салаларында жұмыс істеп тұрған және жаңа өндірістердің, сондай-ақ көлік-логистика әлеуеті мен туристік әлеуеттің дамуы жаңа серпінге ие болады.

Өңірлерді дамытуды тиімді институционалдық қолдауға орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың өзара іс-қимылының тұтас экожүйесін құру, жергілікті бюджеттердің дербестігін арттыру, сондай-ақ орта буын кадрларының ішкі ұтқырлығын арттыру және мемлекеттік сектор деректерін басқаруды жетілдіру арқылы қол жеткізілетін болады.

Бұл үш бағыт ел өңірлерінде орнықты экономикалық өсуді, әлеуметтік тұрақтылықты және халықтың өмір сүру сапасын арттыруды қамтамасыз ету бойынша стратегиялық міндеттерді тиімді шеше алатын өңірлік саясат құрудың негізін қалыптастырады.

5-бөлім. Негізгі қағидаттар мен тәсілдер

Осы Тұжырымдама мынадай түйінді алты қағидатқа негізделген:

1) адамға бағдарлану: өңірлік саясатты жергілікті тұрғындардың (азаматтардың және бизнестің) мүдделері мен пікірлерін ескере отырып қалыптастыру және іске асыру;

2) тұтастық: өңірлік даму мәселелерін қозғайтын мемлекеттік саясаттың тепе-теңдігі мен өзара байланысы;

3) инклюзивтілік: тұрғылықты жеріне қарамастан, халықтың базалық инфрақұрылымға және жайлы қалалық ортаға тең қолжетімділігін қамтамасыз ету;

4) сараланған тәсіл: әрбір өңірдің бірегей сипаттамалары мен әлеуетін міндетті түрде ескеру;

5) дербестік: жергілікті деңгейдегі мәселелерді жедел шешу үшін жергілікті атқарушы органдарға жеткілікті өкілеттіктер мен ресурстар беру;

6) жауапкершілік: мемлекеттік қызметшілердің өз шешімдері мен іс-әрекеттері үшін азаматтар мен мемлекет алдындағы жауапкершілігін күшейту.

Бұл қағидаттар өңірлерді одан әрі дамытудың және өңірлік саясатты жетілдірудің негізін құрайды, бұларды орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар өңірлік саясатты іске асыру кезінде сақтауға міндетті болып табылады.

Ағымдағы жағдайды, жаһандық тәжірибені, өңірлер дамуының пайымын және негізгі қағидаттарды талдау негізінде жүйелі үш мәселені шешуге бағытталған мынадай тәсілдер айқындалды.

5.1. Халықты негізгі инфрақұрылыммен (әлеуметтік, инженерлік, көліктік) және жайлы қалалық ортамен біркелкі қамтамасыз ету

Осы тәсілдің шеңберінде игіліктерге қол жеткізудегі теңсіздікті жоюға және өңірлердегі ең өткір инфрақұрылымдық проблемаларды шешуге басты назар аударылады.

Мемлекеттің күш-жігері тұрғылықты жеріне қарамастан, халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтер мен игіліктер сапасының базалық деңгейін қамтамасыз етуге бағытталады. ӨСЖ талаптарына сәйкес еліміздің қалалары мен ауылдарында жайлы өмір сүру ортасын құру бойынша шаралар қабылданады.

Ірі және үлкен қалаларда қала ортасының сапасын жақсартуға, көлік жүйелерін дамытуға, қоршаған ортаны жақсартуға, халықтың өмір сүру жағдайын жақсартуға және әлеуметтік инфрақұрылымның қолжетімділігін арттыруға баса назар аударылады. Осы мақсатта қалалық агломерацияларды дамытудың кешенді жоспарлары жүзеге асырылады, олардың шеңберінде агломерацияларда білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жол инфрақұрылымы мен инженерлік желілерді салу жобалары жүзеге асырылады.

Теңгерімді дамуды қамтамасыз ету және инфрақұрылымдық теңсіздікті жою мақсатында ірі қалалардың шеткі аудандарын дамыту шараларын іске асыру жалғасады.

Моно- және шағын қалалар халқының өмір сүру сапасын жақсартуға ерекше көңіл бөлінетін болады. Оларды дамыту шаралары инженерлік және көліктік инфрақұрылымды жаңғыртуды, тұрғын үйлерді салу мен жөндеуді және т.б., сондай-ақ қоғамдық кеңістіктерді абаттандыруды, рекреациялық аумақтарды дамытуды және аумақтарды көгалдандыруды қамтиды. Моноқалаларды дамытудың кешенді жоспарларын іске асыру жалғасады, оның шеңберінде қаланың қоршаған ортасын жоспарлау, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет объектілерін, инженерлік желілер мен жолдарды салу және жөндеу бойынша іс-шаралар жүзеге асырылады. Шағын қалаларды өмір сүру үшін ыңғайлы әрі тартымды етуге мүмкіндік беретін жайлы саябақтарды, гүл бақтарын құруға, аула аумақтарын абаттандыруға, тазалықты, санитариялық жағдайды және көшелерді жарықтандыруды қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінетін болады.

Ауылдық жерлерде инфрақұрылымға қол жеткізуде теңсіздіктерді азайту инклюзивтілік қағидатына сәйкес даму әлеуеті бар ауылдарда әлеуметтік, инженерлік және цифрлық инфрақұрылымды дамыту: халықты тұратын өңіріне қарамастан базалық инфрақұрылыммен және жайлы қалалық ортаға тең қолжетімділікпен қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады.

"Ауыл – Ел бесігі" жобасы шеңберінде АЕМ қажетті әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету жұмыстары жалғасын табады. Бұл жұмыстар өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкес тиісті деңгейге жеткізілетін болады.

Республикалық және/немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен мынадай объектілердің құрылысы мен реконструкциясы бойынша жобалар қаржыландырылады:

білім беру (мектептерге жапсаржайлар салу, мектептер мен балабақшаларды реконструкциялау);

денсаулық сақтау (алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету объектілері)

;

мәдениет (клубтар, мәдениет үйлері, музейлер, кітапханалар);

спорт (дене шынықтыру-сауықтыру кешендері, спорт кешендері мен спорт объектілері);

әлеуметтік қамтамасыз ету;

инженерлік инфрақұрылым (жабдықтар, жылу және электрмен жабдықтау объектілері, су, жылу, газ, электр желілері);

көліктік инфрақұрылым (кент ішіндегі жолдар, көшені жарықтандыру);

ауызсумен, газбен және электрмен жабдықтаудың ішкі желілері.

Өңірлер арасындағы лимиттер экономикалық (ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы шығарылымы) және демографиялық факторлар (халық саны мен тірек АЕМ саны) негізінде айқындалады.

Осылайша, ауыл экономикасын дамыту шараларымен ауылдық аумақтардың инфрақұрылымын дамыту шараларының синергиясы қамтамасыз етіледі.

Бұл ретте мемлекет шекара маңындағы АЕМ инфрақұрылымын дамытуды жалғастырады, бұл шекара маңындағы аумақтарда өмір сүру сапасын айтарлықтай жақсартатын болады.

Шекара маңындағы АЕМ халқының инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне сұранысын қамтамасыз ету инфрақұрылымды дамыту және шекара маңындағы АЕМ мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасын арттыру саласында басымдықтарды салалық бағдарламалық құжаттарда көзделген шығыстарды ұлғайту жағына ығыстыру есебінен жүзеге асырылатын болады.

Ауылдық жерлерден шығатын көші-қон легінің бір бөлігін өзіне алатын аудан орталықтары мен ірі АЕМ-де ауылдық инфрақұрылымды дамытуға баса назар аударылады.

Аудан орталықтары мен ірі ауылдардағы инфрақұрылымның барлық түрлерін жаңғырту олардың әлеуметтік тартымдылығын, даму әлеуеті төмен ауылдардан көші-қон үшін демографиялық тартымдылығын арттырады, бұл көші-қон процестерінің "даму әлеуеті төмен ауылдар – даму әлеуеті жоғары ауылдар (аудан орталықтары) – облыс орталықтары – мегаполистер" кезеңділігі есебінен сапалы урбанизациялауға жәрдемін тигізетін болады.

Бұл шаралар ауылдағы инфрақұрылымдық теңгерімсіздікті едәуір қысқартып, ауылдық инфрақұрылымды ӨСЖ параметрлеріне дейін жеткізуге мүмкіндік береді.

Даму әлеуеті бар ауылдардың тізбесіне енбеген АЕМ-ді дамыту жергілікті бюджеттен қаржыландыру шеңберінде жүзеге асырылады.

Ауылдардан бастап республикалық маңызы бар қалаларға дейін елді мекендердің әртүрлі типтерін қамтитын АЕМ жетілдіру және енгізу жалғасатын болады.

ӨСЖ мақсаты – елді мекендердің типі мен көлеміне қарай халық үшін объектілер мен қызметтерге (игіліктерге) қолжетімділіктің ең төменгі міндетті деңгейін қамтамасыз ету.

Әрбір елді мекен типі үшін өзіне тән стандарттар белгіленген және олар үнемі жетілдіріліп отырады.

ӨСЖ бюджеттік және стратегиялық жоспарлауға енгізу жұмыстары жалғасады. Осы жұмыстың шеңберінде даму бюджеттерінің шығыстарын болжау көлемдерін осы стандарттарды ескере отырып, бюджеттік инвестициялық жобаларды іріктеуді қоса алғанда, ӨСЖ көрсеткіштерімен байланыстыру жоспарланады. Мұндай тәсіл бюджет шығыстарындағы басымдықтарды дұрыс айқындауға және ресурстарды артта қалған өңірлердегі неғұрлым өзекті инфрақұрылымдық алшақтықтарды жоюға бағыттауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ ӨСЖ көрсеткіштерін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың даму жоспарларына декомпозициялау жүзеге асырылады.

ӨСЖ аясында елді мекендердің объектілермен және қызметтермен қамтамасыз етілуін мониторингтеудің тиімділігін арттыру мақсатында тиісті көрсеткіштерді жинау, өңдеу және есептеу процестері толықтай автоматтандырылады.

Бұдан басқа, әкімдерді тікелей сайлауды енгізу мемлекеттік қызметшілер құрылымында сайланатын басқарушылардың жаңа санатын құрды. Қазіргі уақытта 95 % (2 566 ауыл әкімі) сайланды, оның ішінде 247 әйел және 2 319 ер адам (2 176 ауылдық округте) бар.

Өткен сайлаудың қорытындысы әкімдер корпусының айтарлықтай жаңарып, жасарып келе жатқанын көрсетті: 2024 жылы 68,8 % (417 әкім) алғаш рет сайланды. Осыған байланысты экономика, бюджеттік жоспарлау және мемлекеттік басқару салаларында сайланған әкімдерді де, жақын маңдағы кадрлық резервті де кешенді даярлау мәселесі өзекті болып отыр.

Ауылдық округ әкімдерінің біліктілігін арттыру үшін "АМАНАТ" партиясы офлайн және онлайн форматтағы 240 академиялық сағатты қамтитын "Әкімдер мектебі" жобасын іске қосты. Жоба шеңберінде экономика, мемлекеттік басқару, бюджеттік жоспарлау, коммуналдық меншікті басқару, цифрландыру, тәуекел-менеджмент, кәсіпкерлікті дамыту және инвестиция тарту сияқты негізгі мәселелер бойынша ауыл әкімдері мен әртүрлі деңгейдегі басшыларды оқыту тұрақты негізде жүргізілетін болады.

Оқыту бағдарламасы ауылдық аумақтарды дамытуға және "Ауыл аманаты" жобасын тиімді іске асыруға ықпал ететін болады.

Жалпы білім беру және денсаулық сақтау мекемелерін, жол, коммуналдық және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды жөндеуге және салуға жұмсалатын шығындарды қоса алғанда, инфрақұрылымды кешенді дамытуды қаржыландырудың жалпы көлемі шамамен 19 триллион теңгені құрайды, оның 7,8 трлн теңгесі өңірлік алшақтықтарды азайтуға және 11,2 трлн теңгесі өңірдегі қалған негізгі қажеттіліктерді жабуға бағытталады.

Әлеуметтік инфрақұрылымға қол жеткізудегі алшақтықтарды азайту

Республика бойынша қамту көрсеткіштері жоғары болуына қарамастан, өңірлер бөлінісінде білім беру сапасы мәселесі өзекті болып отыр. Мысалы, PISA мониторингінің нәтижелері бірқатар өңірлерде математика, оқу және жаратылыстану пәндері бойынша білімі ең төменгі деңгейдегі балалар үлесінің жоғары болып отырғанын көрсетті. Оның үстіне ауылдық жерлерде бұл көрсеткіш қалалық жерге қарағанда едәуір төмен.

Оқушы орындарының тапшылығы, білікті кадрлардың жетіспеушілігі және білім беру инфрақұрылымының жағдайы білім сапасын арттыруға ықпал етпейді. Жалпы білім сапасын арттыру мәселелері салалық бағдарламалық құжаттар шеңберінде шешілетін болады.

Өңірлік даму тұрғысынан мемлекеттің міндеті жергілікті жерлерде білім беру қызметтеріне тең қолжетімділікті қамтамасыз ету болады. Осыған байланысты мемлекеттік шаралар оқушы орнының тапшылығындағы өңірлік теңгерімсіздіктерді жоюға, білім беру объектілерін жаңғыртуға, авариялық жағдайдағы және үш ауысымды мектептердің мәселелерін шешуге, интернаттық білім беруді дамытуға және ауылдық жерлердегі балаларды көлікпен қамтамасыз етуге бағытталады. Барлық мектептерді жоғары жылдамдықты Интернетке қосу және олардың материалдық-техникалық базасын нығайту шараларын жүзеге асыру жалғасады.

Жалпы осы бағыт шеңберінде мектепке дейінгі және орта білім беру объектілерін, медициналық мекемелерді (әсіресе ауылдық жерлерде), мәдениет және спорт инфрақұрылымын жаңадан салу және қолданыстағыларын жаңғырту, сондай-ақ " Дипломмен ауылға" жобасын одан әрі іске асыру арқылы кадр тапшылығын төмендету бойынша шаралар қабылданады.

Инженерлік инфрақұрылымға қол жеткізудегі алшақтықты жою

Осы бағыт шеңберінде сумен жабдықтау, су бұру, жылу, газ, электрмен жабдықтау объектілерін жаңғырту және цифрландыру есебінен жергілікті жерлерде тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылым қызметтерінің қолжетімділігін арттыру мемлекеттің басты міндеті болмақ.

Артта қалған өңірлерді аса маңызды инфрақұрылыммен қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылданады. Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық инфрақұрылымдық жоспары және "Энергетикалық және коммуналдық секторды жаңғырту" ұлттық жобасы шеңберінде инвестициялық жобаларды іске асыру тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық инфрақұрылымының тозу дәрежесін едәуір төмендетеді және өңірлердегі өмір сүру сапасы мен жайлы өмір сүру жағдайларын жақсартуды қамтамасыз етеді.

Ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде 86 мың км инженерлік желілерді жаңғырту және салу көзделген, бұл энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымның орташа тозу деңгейін нормативтік 40 %-ға дейін төмендетуге мүмкіндік береді. Инвестицияның жалпы көлемі шамамен 13,5 трлн теңгені құрайды, кем дегенде 200 табиғи монополия субъектісі мен 30 жылу электр орталығын қамтиды. Жоба сондай-ақ отандық тауар өндірушілерді тартып, олардың үлесін 2029 жылға қарай 60 %-ға дейін жеткізуді және алдағы бес жыл ішінде 1 мыңға жуық тұрақты және 825 уақытша жұмыс орнын құруды қамтамасыз етеді.

Ауылдар мен шекара маңындағы аумақтардың инфрақұрылымын оның ішінде тұрғын үй қорын жайластыру, АЕМ-ді абаттандыру, коммуналдық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету есебінен дамытуға ерекше назар аударылады.

Көліктік инфрақұрылымға қол жеткізудегі алшақтықтарды азайту

Аумақтарды тиімді дамыту үшін жоғары сапалы көліктік инфрақұрылымның болуы мен қолжетімділігі маңызды. Дамыған көліктік инфрақұрылым аумақтардың байланысын қамтамасыз етеді және халықтың және экономикалық ресурстардың ұтқырлығын арттырады. Өз кезегінде, аумақтардың көліктік байланысын қамтамасыз ету жолдардың сапасына тікелей байланысты.

Осыған байланысты көліктік инфрақұрылымға қол жеткізудегі теңгерімсіздіктерді жою жөніндегі шаралар республикалық және жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының желісін дамытуға және нормативтік құқықтық актілерге сәйкес келтіруге, қалалар мен АЕМ ішіндегі жолдарды жаңғыртуға, қоғамдық көлік жүйелері мен көлік инфрақұрылымын дамытуға бағытталады.

Осы бағыт шеңберінде елдің бірыңғай көліктік негізін қалыптастыруға ықпал ететін және экономикалық өсу орталықтарының бір-бірімен және сыртқы нарықтармен байланысын қамтамасыз ететін халықаралық және республикалық дәліздерді салу жобаларын іске асыру жалғасады.

Өңірлер арасындағы байланысты нығайтуға ерекше көңіл бөлінетін болады. Осы мақсатта экономикалық өсу орталықтары бар моноқалалардың және шағын қалалардың, ауылдық округтердің орталықтары бар АЕМ-дің, аудан және аудан орталықтарының көліктік қолжетімділігін жақсарту бойынша шаралар қабылданады.

Бұдан басқа, 52 ішкі және сыртқы шекаралық автомобиль өткізу пунктін дамыту және жайластыру, сондай-ақ республикалық және жергілікті маңызы бар жолдарды салу, реконструкциялау және жөндеу жөніндегі іс-шаралар жүргізілетін болады.

Ұлттық инфрақұрылым жоспары шеңберінде теміржол инфрақұрылымын салу, автомобиль жолдарын салу және реконструкциялау, әуежайлар мен шекаралық өткізу пункттерінің инфрақұрылымын жаңғырту жобалары жүзеге асырылады.

Цифрлық инфрақұрылымдағы алпақтықтарды қысқарту

Цифрлық байланыстылықты қамтамасыз етудегі басты мәселе АЕМ, әсіресе ауылдық жерлердің ұялы байланыспен және Интернетпен толық қамтылмауы болып отыр. Бұл цифрлық инфрақұрылымға қол жеткізудегі өңірлік теңсіздіктің сақталуына әсер етуде.

Цифрлық байланыстылықты қамтамасыз ету міндеттері байланыс саласындағы "Қолжетімді Интернет" ұлттық жобасы шеңберінде шешілетін болады. Осы мақсатта елдің АЕМ дейін тарамдалған талшықты-оптикалық байланыс желісін (бұдан әрі – ТОБЖ) салу жалғасады. ТОБЖ 3000 АЕМ дейін жеткізу және 2 мыңнан астам ауылдық мектептерде Интернеттің сапасын арттыру болжанады.

Сонымен қатар сымсыз байланыс инфрақұрылымы дамиды. Спутниктік байланыс арналары есебінен еліміздің шағын және шалғай ауылдарында жоғары жылдамдықты Интернетке қолжетімділік қамтамасыз етіледі.

Республикалық және негізгі облыстық автожолдар бойында ТОБЖ төсеу жалғасады. Бұл ақылды технологияларды енгізу, жолдардағы қауіпсіздікті арттыру, логистиканы дамыту және цифрлық экономиканы қолдау үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Каспий теңізінің түбімен ТОБЖ салу, Батыстан Шығысқа қарай ұлттық гипермагистраль салу жобалары транзиттік әлеуетті арттыру және елде өңірлік деректер хабын құру үшін маңызды негіз болады.

Жайлы қалалық органы жүйелі дамыту

Қазақстан қалаларын тиімді көгалдандыру үшін цифрлық технологияларға негізделген халық үшін ашық қолжетімді дендрологиялық жоспарлар әзірленіп, енгізілетін болады. Қазақстан Республикасының ірі елді мекендерінде жасыл екпелерге күтім жасау сапасын арттыру үшін жасыл екпелердің жасы, түрі және мөлшері бойынша стандарттарды айқындайтын көгалдандыру жарғылары бекітілетін болады.

Жаяу жүргіншілер легінің қарқындылығы ескеріліп, материалдарды, өлшемдерді және орналастыру жиілігін қоса алғанда, санитариялық инфрақұрылымға нақты талаптар белгіленетін болады. Аумақтарды абаттандырудың бірыңғай стандарттарын енгізу көшелер мен қоғамдық кеңістіктерді маусымдық тазалау бойынша қатаң

регламенттерді қамтамасыз етеді, бұл қалалардың тазалығы мен санитариялық жай-күйінің деңгейін арттырады. Көгалдандыруды, санитариялық тазалауды және қоғамдық аумақтардың жай-күйін бақылауды күшейтуге жергілікті атқарушы органдардың тиімділіктің түйінді көрсеткіштеріне (бұдан әрі – КРІ) тиісті көрсеткіштерді енгізу есебінен қол жеткізілетін болады, бұл олардың жауапкершілігі мен жұмыс тиімділігін арттырады.

Қоғамдық орындарда және жолдарда қауіпсіздікті арттыру үшін заңсыз әрекеттерді автоматты түрде анықтау және қылмысқа қарсы күрес саласындағы органдарды шақыру, қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бейнебақылау, зияткерлік жарықтандыру жүйелері және жасанды интеллект (бұдан әрі – ЖИ) технологиялары желілері кеңейтілетін болады. Қылмысты азайтуға ықпал ететін сәулет шешімдеріне қойылатын талаптар бекітілетін болады, сондай-ақ нормаларды сақтамағаны үшін әкімшілік жауапкершілікті қоса алғанда, көшелердің жарықтандырылуын бақылау күшейтілетін болады. Жол инфрақұрылымы саласында авариялық жағдайларды азайтуға және жолдарда өлім-жітім деректерін азайтуға бағытталған "Vision Zero" қағидаттары енгізілетін болады.

Тұрақты қалалық ұтқырлықты дамыту веложолдар желісін кеңейту және халықаралық қауіпсіздік стандарттарына бейімделген жаяу жүргіншілер өткелдерінің инфрақұрылымын жақсарту есебінен қамтамасыз етілетін болады. Қалалық ортаның қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін ұтқырлығы шектеулі адамдар жобалау стандарттарын әзірлеуге және қайта қарауға, сондай-ақ инфрақұрылымдық объектілерді қабылдау процесіне тартылады. Инклюзивті қалалық ортаны қалыптастыру мақсатында мүмкіндігі шектеулі азаматтардың өкілдері қала құрылысы кеңестеріне қатысады, бұл объектілерді жобалаудың, салудың және пайдаланудың барлық кезеңдерінде олардың сұранысын ескеруге мүмкіндік береді.

Қалалардың үйлесімді сәулеттік бейнесін жасау, мәдени мұраны сақтау және Қазақстанның республикалық маңызы бар қалаларында, астанада және облыс орталықтарында көрнекі шуды азайту үшін нормативтік-құқықтық актілерде талаптарды міндетті түрде бекіте отырып, дизайн-кодтар енгізілетін болады. Келісілмеген объектілер үшін жеңілдікті кезеңді, бөлшектеу мерзімдерін және әкімшілік шараларды қамтитын бірыңғай енгізу регламенті әзірленетін болады, бұл қалалық қызметтер мен бизнестің іс-қимылын тиімді үйлестіруді қамтамасыз етеді.

Тұрақты аумақтық дамуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 22-бабына және бекітілген Климаттың өзгеруіне бейімделу процесін ұйымдастыру және іске асыру қағидаларына (Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 2 маусымдағы № 170 бұйрығы) сәйкес климаттың өзгеруіне бейімделу процесінің кезеңін жүргізу көзделеді.

5.2. Теңгерімді экономикалық даму (өңірлердің экономикалық әлеуетін іске асыру)

Өңірлердің теңгерімді экономикалық дамуы өңірлердің қолда бар бәсекелік артықшылықтарын тиімді іске асыруға негізделетін болады. Базалық салаларға және әртараптандыру мүмкіндіктеріне байланысты өңірлердің бар әлеуеті іске асырылады. Бұл – пайдалы қазбалар қорлары, ауыл шаруашылығы өнімдерін өсіруге арналған қолда бар ауыл шаруашылығы жерлері, туристік қызметті дамытуға арналған рекреациялық ресурстар, транзиттік әлеуетті іске асыру үшін шекара маңы аумақтарының болуы және т.б. Сондай-ақ ұсынылып отырған тәсілдер қолданыстағы бағдарламалық құжаттарда іске асырылатын салалық саясатқа жәрдемдесуден туындаған.

Салалық саясатты іске асыру

АӨК дамыту

Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саясаты шикізаттық ауыл шаруашылығынан өңірлерде қосылған құнды құруға бағдарланған индустриялық модельге көшуді көздейді. Бұл тәсіл шеңберінде өндірісті ғана емес, сонымен қатар сақтауды, логистиканы және қайта өңдеуді қамтитын сатылас интеграцияланған өндіріс пен сату тізбектерін дамытуды қолдайды. Бұл өңірлер ішінде ауыл шаруашылығы өнімдеріне тұрақты сұранысты қалыптастыруға мүмкіндік береді, жергілікті инвестицияны ынталандырады және аграрлық аумақтарда жұмыспен қамтудың өсуіне ықпал етеді.

Негізгі бағыттардың бірі агроэкологиялық жағдайлар мен логистикалық артықшылықтар негізінде өңірлік мамандануды қалыптастыру болып табылады. Мұндай мамандану ресурстарды бәсекеге қабілетті бағыттарға шоғырландыруға және тұрақты азық-түлік экожүйелерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл жергілікті экономикалық кооперацияны күшейтеді және ауылдық жерлердің орнықты дамуына ықпал етеді.

Инфрақұрылымдық шектеулерді жою және өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін сақтау, тасымалдау және терең өңдеу объектілерін дамытуға баса назар аударылды. Мемлекет өңірлерде логистикалық орталықтар, ауыл шаруашылығы кооперативтері мен қайта өңдеу кәсіпорындарын құруды қолдайды, бұл өткізу нарықтарына қолжетімділікті қамтамасыз етеді және өнім шығынын азайтады. Сонымен қатар фермерлердің техникаға, ветеринариялық және агрономиялық қызметтерге қолжетімділігін қамтамасыз ететін сервистік инфрақұрылым дамып келеді.

АӨК-дегі экономикалық саясат та қаржыландыруға қолжетімділікті кеңейтуге бағытталады. Мемлекеттік қолдау құралдары – субсидиялар, жеңілдікпен кредиттеу, аграрлық сақтандыру және форвардтық сатып алу жетілдірілуде. Бұл, әсіресе капиталды қажет ететін бағыттар үшін және шағын және орта бизнесті қоса алғанда, аграрлық саладағы жаңа инвестициялық жобаларды ынталандыру үшін өте маңызды.

Сонымен қатар секторды цифрландыруға көп көңіл бөлінеді. АӨК қатысушылары үшін бірыңғай цифрлық платформа құру қолдау шараларына қол жеткізуді жеңілдетеді, құжат айналымын автоматтандырады және өнімнің қадағалануын қамтамасыз етеді. Бұл шаралар басқару тиімділігін арттырады, транзакциялық шығындарды азайтады және өңірлік өндірушілердің кеңірек нарықтарға, оның ішінде экспорттық нарықтарға интеграциялануына ықпал етеді.

2030 жылға дейінгі перспективада ауыл шаруашылығын басым дамытатын өңірлерде АӨК үшін мамандандырылған факторларды дамыту жөніндегі шараларды іске асыру жалғасады. Шаралар ауыл шаруашылығы жерлерінің өнімділігін арттыруға, биологиялық және технологиялық факторлардың тиімділігін арттыруға бағытталады.

Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту тұжырымдамасында көзделген өңірлерді 2030 жылға дейін орнықты дамыту шеңберінде экономиканың негізгі секторы ретінде агроөнеркәсіптік кешенді жаңғыртуға ерекше назар аударылады. Ауыл шаруашылығы жерлерінің өнімділігін арттыру, жоғары рентабельді және қайта өңделген өнімдерге баса назар аудара отырып, өндірісті әртараптандыру, сондай-ақ қарқынды мал шаруашылығын дамыту басым бағыттар болады. Ол үшін инновациялық агротехнологияларды енгізу, су үнемдеуді, сақтау жүйелерін, ветеринариялық және фитосанитариялық қауіпсіздікті қоса алғанда, АӨК инфрақұрылымын күшейту, сондай-ақ процестерді цифрландыру жөніндегі шаралар іске асырылады.

Өңірлік саясатта теңгерімді өсуге ықпал ете отырып, әрбір өңірдің ресурстық, өндірістік және экспорттық әлеуетінің ерекшелігі ескерілетін болады. Бұл азық-түлік тәуелсіздігі мен сыртқы нарықтардағы бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар құн тізбегін интеграциялау және инвестиция тарту арқылы аумақтардың экономикалық дамуын ынталандыруға мүмкіндік береді.

Өңдеу өнеркәсібін дамыту

Экономиканы әртараптандыру және өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру міндеттерін ескере отырып, нақты өңірлердің ресурстық базасы мен кадрлық әлеуетіне сәйкес келетін өңдеуші өнеркәсіп салаларын дамытуды ынталандыру жөніндегі шаралар қажет. Аумақтық жоспарлаудың өңірлік өнеркәсіптік кластерлерді қалыптастыруға бағдарлануы күшейтілетін болады.

Өнеркәсіптік әлеуетті және өңірлік мамандануды дамыту елдің солтүстік-шығыс бөлігінде жоғары технологиялық және ғылымды қажет ететін өндірістер орталықтарын орналастыруды, батыс өңірлерде қосылған құны жоғары өндірістерді құруды, солтүстік облыстарда озық агротехнологияларды енгізуді, сондай-ақ Қазақстанның оңтүстігінде жаңартылатын энергия көздерін және олармен байланысты салаларды дамытуды ескере отырып құрылады.

Артта қалған және шикізаттық өңірлерде индустриялық аймақтар мен технопарктерді құру және дамыту үшін мемлекеттік қолдау шаралары көзделетін болады. АЭА мен ИА-ны іске асыру тәжірибесін ескере отырып, өңдеу секторының

үлесі төмен өңірлерде үздік практикалар (мысалы, "Оңтүстік", "Астана – жаңа қала", "Қорғас – Шығыс қақпасы" АЭА) таратылады.

Өңдеу өнеркәсібін одан әрі дамыту өңірлердің экономикалық мамандануын және олардың бәсекелік артықшылықтарын ескере отырып жүзеге асырылады.

Өңірлердегі компаниялардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру құралы өңдеу өнеркәсібі мен өнімді қызметтер секторын дамытудағы маңызды бағыт болып табылатын кластерлік тәсіл болады.

Өңірлерде өңдеуші өнеркәсіпте, әсіресе ЖӨӨ-дегі ШОБ үлесі орташа республикалық деңгейден төмен өңірлерде ШОБ-ты басым дамыту жөніндегі шаралар көзделетін болады. Бәсекеге қабілеттілікті арттыру туралы келісімдер шеңберінде "топтамалық шешімдер" тетіктері көзделетін болады.

Іргелес салаларды, логистикалық инфрақұрылымды, сертификаттау жүйелерін және АТ қызметтерін дамытуды қолдауды қоса алғанда, өңіраралық өндірістік тізбектерді қалыптастыруды ынталандыруға бағытталған шараларды көздеу қажет. Мұндай тәсіл өндірістік қуаттарды неғұрлым теңгерімді аумақтық орналастыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және ауылдық жерлерде және моноқалаларда жұмыспен қамтудың өсуіне ықпал ететін болады.

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдай жасау өңірлердегі экономикалық белсенділіктің, жұмыспен қамтуды арттырудың және халық кірісі өсуінің негізгі факторларының бірі болып табылады.

Өңірлердегі кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыру жөніндегі түйінді бағыттар мен шаралар Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында айқындалды.

Кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыру мақсатында әр өңірдің ерекшелігін ескеретін өңірлік бағдарламаларды іске асыру жалғасады.

Әрбір өңірде әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды трансформациялау есебінен кәсіпкерлікті дамытудың өңірлік институттары құрылады.

Бизнес үшін инфрақұрылымды құруға және дамытуға ерекше назар аударылады. Осы мақсатта бизнес-инкубаторлар, индустриялық аймақтар, кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары және өңірлердегі басқа да инфрақұрылым объектілері бойынша шаралар қабылданады.

Өңірлерде кәсіпкерлік қызметті жандандырудың түйінді шарттарының бірі қолжетімді және тиімді қаржы құралдарының болуы болып табылады. Бизнесі, әсіресе шағын қалалар мен ауылдық жерлерде қаржылық қолдау аймақтық экономиканы әртараптандыруға, жаңа жұмыс орындарын құруға және аумақтардың салықтық әлеуетін арттыруға ықпал етеді.

Өңірлерде шағын және орта кәсіпкерлікке қаржылық қолдау көрсету жеңілдетілген кредит беру, микроқаржыландыру және кәсіпкерлер үшін басқа да қаржы құралдарын ұсыну арқылы жүзеге асырылады.

Қаржылық шаралармен қатар бизнесті қолдаудың қаржылық емес құралдары кеңінен қолданылады. Бизнесті оқыту және оның құзыретін арттыру мақсатында өңірлік деңгейде кәсіпкерлер үшін білім беру бағдарламаларын, оның ішінде тренингтер, семинарлар мен біліктілікті арттыру бағдарламаларын ұйымдастыру есебінен іске асыру жалғасады.

Туризмді дамыту

2030 жылға дейінгі перспективада туризмді дамыту жөніндегі шаралар Қазақстанның өңірлерінде экономикалық белсенділікті ынталандыруға, шағын және орта бизнесті дамытуға қабілетті бәсекеге қабілетті туристік саланы қалыптастыруға бағытталады, сондай-ақ жұмыс орындарын құруға және халықтың табысын арттыруға жәрдемдеседі.

Туристік саланы дамыту мақсатында туристендіру картасында (Түркістан, Ақмола, Алматы, Шығыс Қазақстан облыстары) айқындалған басым туристік дестинацияларға бағдарланған өңірлік туристік бағдарламалар әзірленетін болады.

Өңірлерде экологиялық және этнографиялық бағыттарды қолдау, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда туристік белсенділікті дамыту жөніндегі шаралар көзделеді.

Туристік әлеуеті жоғары өңірлерде туризм саласындағы кадрлық әлеуетті дамытуға, оның ішінде оқу орындарын, практикаға бағдарланған бағдарламаларды қолдауға және туристерді қабылдау кезінде қызмет көрсетуге тарту үшін жергілікті халықты (оның ішінде шалғайдағы және ауылдық аудандарда) оқытуға бағытталған шаралар қабылданады, бұл ауылдық жерлердің халқын жұмыспен қамтуға және олардың кірістерін ұлғайтуға ықпал ететін болады.

Туристік инфрақұрылымды дамытудың өлшемшарттары бойынша өңірлерді рейтингтік бағалауды әзірлеу және енгізу жоспарлануда.

Елді мекендерден тыс туристік аймақтардың көліктік қолжетімділігін қамтамасыз ететін кірме жолдарды салуға және реконструкциялауға көп көңіл бөлінетін болады.

Жол бойындағы сервисті дамыту, санитариялық-гигиеналық тораптарды, туристік ақпараттық орталықтарды орнату және туристік объектілерге бағыттар бойынша логистиканы (ТЖ, авто, авиа) жақсарту жөнінде шаралар қабылданады.

Әсіресе шағын және орташа қалалар мен АЕМ туризм саласындағы инвестициялық жобаларды жеңілдікпен қаржыландыру жөніндегі шараларды іске асыру жалғасады.

Басым туристік аймақтардың инфрақұрылымын дамытуда зәкірлік инвесторлар үшін МЖӘ қағидаттары мен тетіктері және ерекше жағдайлар белсенді түрде қолданылады (Маңғыстау, Түркістан облыстары, Алматы тау кластері және т.б. басым бағыттар болады).

Халықаралық деңгейде танымалдылықты арттыру мақсатында әр өңірдің бренді қалыптастырылады.

Өңірлерде этнотуризмді дамытуға ауыл тұрғындарын шағын бизнестің мүмкіндіктері туралы хабардар ету, атап айтқанда, ұлттық колорит элементтері бар қонақүйлерді ашу және этноөнімдерді ілгерілету арқылы қолдау көрсетілетін болады.

Өңірлік авиация дамиды, еліміздің барлық өңірлерінен негізгі туристік дестинацияларға авиатасымалдар жолға қойылады. Бастапқы кезеңде туристік әлеуеті жоғары, бірақ әуе қатынасы шектеулі бағыттар – Каспий теңізінің жағалауы (Ақтау) және Алакөл көлі (Үшарал) басым бағыттар болып танылған. Перспективада өңірлер арасында интермодальді жолаушылар тасымалы дамитын болады.

Қазақстан өңірлерінде (облыс орталықтары мен басым туристік аумақтарда) "e-Qонақ" (e-Hotel) ақпараттық жүйесінің жұмыс істеуі және оны енгізу, сондай-ақ цифрлық платформаны (ұлттық туристік портал) дамыту бойынша жұмыс жалғасады.

Ірі агломерацияларда инновациялық, технологиялық және креативті индустрияларды дамыту

Ірі қалалар экономикасының инновациялық және технологиялық құрылымын қалыптастыруға ерекше назар аударылады. Осыған байланысты ірі және үлкен қалаларда мемлекеттік қолдау шаралары негізінен ішкі нарықты сапалы өніммен қамтамасыз етуге және экспортқа бағытталған, жаһандық құн жасау тізбегіне енуі көздейтін өңдеу өнеркәсібінің тиімді кәсіпорындарына көрсетілетін болады.

Агломерация орталықтарын ғана емес, сондай-ақ осы орталықтарға іргелес елді мекендерді: жаңа өнеркәсіптік кәсіпорындарды орналастыру, тұрғын үй құрылысын дамыту жөнінде шаралар қабылданады.

Қазақстанның ірі және үлкен қалаларының экономикасы өңдеу өнеркәсібінің жоғары технологиялы секторларына шоғырлануы тиіс. Осыған байланысты ірі және үлкен қалаларда "білім экономикасына" бағдарланған ақылды және технологиялық өндірістерді дамытуға басымдық берілуі қажет.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдіктері жылжымайтын мүлікті жеңілдікпен жалға алуды, креативті білім беруді қолдау бағдарламасын және басқаларын қамтитын экономиканың креативті секторларын қолдау бойынша шаралар қабылдайды.

Креативті индустриялар саласындағы саясат экономиканы әртараптандыру және шикізаттық емес өсуді қолдау есебінен өңірлік экономикалық дамудың жаңа бағытын қалыптастырады. Шығармашылық индустриялар, әсіресе халық пен адами капитал көп шоғырланған қалалар үшін жаңа қосылған құнды, жоғары жалақы алатын жұмыс орындарын және экспорттық тауашаларды қалыптастыру көзі ретінде қарастырылады. Бұл ретте зияткерлік және мәдени өнім өндірумен айналысатын шағын және орта кәсіпорындарды масштабтауға ықпал ететін экономикалық орта құруға ерекше назар аударылады.

Саясаттың негізгі бағыттарының бірі өңірлерде креативті экономиканың заманауи инфрақұрылымын қалыптастыру – хабтарды, кластерлерді, коворкингтерді, бизнес-инкубаторлар мен көрме алаңдарын дамыту болып табылады. Ірі қалаларда осындай кеңістіктердің құрылуы қалалық өзгерістердің басталуына және өзін-өзі қамтамасыз ететін аймақтық брендтердің қалыптасуына ықпал етеді. Бұл шаралар кәсіпкерлік бастамаларды қолдауға, жастарды тартуға және аумақтардың инвестициялық тартымдылығын арттыруға бағытталған.

Креативті сектордың экономикалық дамуы қаржыландыру құралдарына ШОБ субъектілерінің қол жеткізуін кеңейту арқылы да қамтамасыз етіледі. Бұдан басқа, халықаралық көрмелерге қатысу шығындарын өтеуді және қазақстандық қамтуы бар өнімдерді шетелге ілгерілетуді қоса алғанда, креативті тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің экспортын қолдау шаралары күшейтілуде.

Цифрландыру және цифрлық платформалардың таралуы креативті бастамаларды коммерцияландыруда маңызды рөл атқарады. Онлайн білім беру, контентті монеталандыру платформалары және интернет-маркетинг қолдау инфрақұрылымының ажырамас бөліктеріне айналды. Бұл құралдар экономикалық белсенділіктің дәстүрлі индустриялық орталықтардан тыс өсуін ынталандыра отырып, шағын және шалғайдағы өңірлер тұрғындарының ұлттық және жаһандық нарықтарға шығуына мүмкіндік береді.

Осылайша, креативті индустриялардың дамуы білім экономикасын қалыптастыруға және тұрақты шикізаттық емес өсуге ықпал ете отырып, зияткерлік еңбектің, технологиялар мен кәсіпкерліктің интеграциясы арқылы өңірлердің экономикалық әлеуетін күшейтеді.

Тұжырымдамада ірі агломерациялар — Астана, Алматы және Шымкенттің экономикалық әлеуетін күшейту үшін шикізаттық емес экспорттың өсу драйвері ретінде креативті индустрияларды дамытуға және жоғары табысты жұмыс орындарын құруға баса назар аударылды.

Қолданыстағы Креативті индустрияларды дамыту тұжырымдамасына сәйкес бұл қалаларда кино, дизайн, сән және цифрлық ойын-сауық салаларында өнім шығаруға бағдарланған креативті кластерлер мен IT-хабтар қалыптастырылатын болады. Экспортқа бағдарлану Қазақстан брендин нығайта отырып, жеңілдікті кредиттеу, гранттар және көрмелер мен фестивальдарға қатысу шығындарын өтеу арқылы қолдау табады.

Креативті секторда шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту субсидиялармен және зияткерлік меншік құқықтары кепілімен ынталандырылады, ал агломерацияларда бизнес-инкубаторлар мен акселераторлардың құрылуы кәсіпкерлерге консультациялар және инвесторларға қолжетімділік береді. Креативті кластерлерде халықаралық фестивальдар мен конкурстар өткізу қалалардың тартымдылығын арттыра отырып, оқиғалық туризмді күшейтеді. Пайдаланылмайтын ғимараттарды креативті кеңістіктерге қайта бейіндеу және контентті монеталандыруды цифрландыру ұлттық

бірегейлік пен тиімділік қағидаттары негізінде агломерацияларды инновациялық орталықтарға айналдыра отырып, негізінен жастар үшін жаңа жұмыс орындарын ашады.

Ірі және үлкен қалалардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында аумақтардың маркетингі құралдары кеңінен пайдаланылатын болады. Қалалардың танымалдылығын арттыру және инвестициялық тартымдылығын жақсарту үшін олардың брендін әзірлеу және ілгерілету бойынша шаралар қабылданады.

Отын-энергетикалық кешенді дамыту

Отын-энергетикалық кешенді дамыту өңірлердің экономикалық әлеуетін ашудың маңызды шарты ретінде энергиямен қамтамасыз етілудегі аумақтық теңсіздіктерді жоюды көздейді. Энергетикалық инфрақұрылымды, атап айтқанда электр және газ тасымалдау желілерін кеңейту және жаңғырту өнеркәсіптің тұрақты жұмыс істеуінің және жергілікті жерлерде инвестициялық тартымдылықты арттырудың негізі ретінде қаралады. Шалғайдағы және энергия тапшы аумақтарды елдің бірыңғай энергия жүйесіне қосуға ерекше назар аударылатын болады.

ОЭК-те қолайлы инвестициялық ортаны құру реттеудің нарықтық тетіктеріне көшу арқылы қамтамасыз етіледі. Электр энергиясы, газ және мұнай өнімдері нарықтарын біртіндеп ырықтандыру ашық және болжамды қағидаларды енгізумен қатар жүреді, бұл энергия өндіруге, қайта өңдеуге және логистикаға жеке инвестиция тартуға мүмкіндік береді. Тарифтік реформа, атаулы әлеуметтік қолдау және ұзақ мерзімді жоспарлау құралдарын енгізу арқылы жобаларды дамыту қосымша ынталандырылады.

Өңірлерде қайта өңдеу қуаттарын дамыту есебінен жаңа өнеркәсіптік өсу нүктелерін қалыптастыру маңызды бағыт болып табылады. Осы саясат шеңберінде мұнай-газ химиясы өндірістерінің кеңейтілуі, дайын инфрақұрылымы бар арнайы экономикалық аймақтардың құрылуы және қосылған құны жоғары өнім шығару бойынша зәкірлік жобалардың іске асырылуы құпталады. Бұл құн қалыптастырудың жаңа тізбектерін жасайды және жергілікті өнім берушілердің жүктемесінің болуына ықпал етеді.

Отын-энергетикалық кешенде айналымды және қайталама сумен жабдықтаудың енгізілуіне ерекше назар аударылады.

Энергетикалық базаны әртараптандыру, әсіресе жету қиын және халқы аз өңірлерде шағын генерацияны және жаңартылатын энергия көздерін дамыту арқылы жүзеге асырылады. Бұл орталықтандырылған жеткізілімдерге тәуелділіктің төмендеуіне ықпал етеді, шағын энергетикалық бизнестің дамуын ынталандырады және жергілікті экономиканың тұрақтылығын арттырады.

Бұдан басқа, цифрландыру саладағы тиімділік пен ашықтықты арттырудың түйінді құралына айналуға. Зияткерлік желілерді, мониторингтеу жүйелерін және цифрлық басқару платформаларын енгізу энергия легін оңтайландыруға, шығасыларды азайтуға және бизнестің инфрақұрылымға қол жеткізуін жеңілдетуге мүмкіндік береді. Бұл

өңірлік деңгейде өнімділікті және көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру үшін алғышарттар жасайды.

Экономиканың технологиялық дамуы

Үдемелі жаһандық технологиялық өзгерістер және білім мен инновациялар базасында жаңа экономикаға көшу жағдайында Қазақстан өңірлерінің технологиялық дамуы орнықты экономикалық өсудің, еңбек өнімділігі мен бәсекеге қабілеттілікті арттырудың негізгі факторына айналды.

Жоғары технологиялы салаларды дамыту және өндірістерді цифрландыру өңірлер арасындағы технологиялық әлеуетті теңестіруді, экономиканы әртараптандыруды және жергілікті жерлерде ғылыми-инновациялық белсенділікті күшейтуді талап етеді.

Өңірлер экономикасын технологиялық дамыту жөніндегі шаралар өңірлерде технологиялық жаңғыртуды ынталандыруға, технологиялық бағдарланған кәсіпорындарды дамыту үшін жағдайлар жасауға, ғылыми-инновациялық және инженерлік базаны қалыптастыруға бағытталады.

Өнімдердің ІТ көрсетілетін қызметтерінің экспортын ұлғайту мақсатында өңірлерде өңірлік акселерациялық және инкубациялық бағдарламалар іске қосылады.

Өңірлерде инновациялық экожүйелерді қалыптастыру және дамыту жөніндегі шараларды іске асыру жалғасады. Мәселен, Astana Hub брендінің үлгісі бойынша өңірлерде технологиялық парктерді ашу және қолдау бойынша шаралар қабылданады.

Экономиканың базалық салаларына заманауи технологиялардың енгізілуін қолдау шеңберінде өңірлердің кәсіпорындарында инновациялар мен ҒЗТКЖ нәтижелерін енгізуді танымал ету бойынша ауқымды жұмыс жүргізілетін болады.

Бұдан басқа, кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін ынталандыру, оның ішінде инновациялық гранттар бөлу, бизнес-инкубациялау және мемлекеттік қолдаудың басқа да нысандары есебінен ынталандыру бойынша шаралар жалғасады.

Жоғары оқу орындарымен, технопарктермен және жеке компаниялармен бірлесіп оқу орталықтары мен бағдарламалар желісін кеңейтуді қоса алғанда, технологиялар, цифрлық дағдылар және инженерлік құзыреттер саласында кадрлар даярлауға және қайта даярлауға ерекше назар аударылады.

Технологиялық дамыған өңірлерді құру экономиканың ұзақ мерзімді орнықтылығын, өнімділіктің өсуін және Қазақстанның жаһандық технологиялық тізбектерге интеграциялануын қамтамасыз ете отырып, елдің экономикалық трансформациясының негізгі драйвері болады.

Коммуналдық-энергетикалық инфрақұрылымды жаңғырту шеңберінде отандық тауар өндірушілерді қолдау

Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаның басымдықтарының бірі – коммуналдық және энергетикалық инфрақұрылымды жаңғырту кезінде пайдаланылатын жабдықтар өндірісін оқшаулауды қамтамасыз ету. Мемлекет инженерлік шешімдер импортынан отандық өндірістерді

дамытуға, оның ішінде ірі инфрақұрылымдық жобалар арқылы сұранысты озыңқы қалыптастыру есебінен көшуді ынталандырады. Бұл тұрақты ішкі өткізу нарығын құруға және қосылған құнның елішілік тізбегін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бұл үшін жобалар мен мердігерлерді іріктеуде қазақстандық өндіріс жабдығын пайдаланатын не оқшаулау бойынша бірлескен жобаларды іске асыратын компанияларға басымдық берілетін тәсіл қолданылады. Жобалық талаптар шеңберінде жергілікті қамтудың үлесі, сондай-ақ технологиялар трансферіне және өндірістерді ел аумағында орналастыруға қойылатын талаптар негізге алынады. Бұл жұмыспен қамтуды арттырып қана қоймай, өңірлерде өнеркәсіптік аймақтар мен кластерлердің дамуына ықпал етеді.

Сондай-ақ ТКШ және энергетика (жылу алмастырғыштар, сорғылар, қазандықтар, ИТП, цифрлық есептегіштер, трансформаторлар және т.б.) мұқтаждығына сай жаңа машина жасау және құрастыру өндірістерін құру мүмкіндігін қоса алғанда, келісімшарттық өндірісті ынталандыру тетігі белсенді қолданылады. Мұндай шаралар бизнес үшін тұрақты тапсырыс қалыптастыруға, логистикалық шығасыларды азайтуға және сыртқы күйзелістерге төзімділікті арттыруға мүмкіндік береді. Осындай өндірістік тізбектер, әсіресе, базалық өнеркәсіптік инфрақұрылым мен білікті жұмыс күші бар өңірлерде тиімді дамиды.

Осы тәсілдің арқасында инфрақұрылымды жаңғырту жергілікті жерлерде, әсіресе, желілердің тозу деңгейі жоғары және жаңа өндірістерді орналастыру әлеуеті бар облыстарда индустрияландыру қозғалтқышына айналады. Бұл өңірлік саясаттың экономикалық өсудің тұрақты нүктелерін құру, өңірлердің өндірістік базасын нығайту және жұмыспен қамтуды арттыру жөніндегі мақсаттарына сәйкес келеді.

Инвестицияларды ынталандыру

Өңірлердің инфрақұрылымына салынатын мемлекеттік инвестициямен қатар тепе-тең экономикалық өсуді қамтамасыз ету және экономикалық дамудағы өңірлік теңгерімсіздікті қысқарту үшін қолайлы инвестициялық орта құру маңызды мәнге ие, бұл кәсіпкерлік белсенділікті жүйелі қолдауды, инвесторларды сүйемелдеу институттарын дамытуды және үздік халықаралық практикаларға сәйкес нормативтік-құқықтық базаны жетілдіруді талап етеді.

Елдің 2030 жылға дейінгі перспективадағы инвестициялық саясаты инвестиция тарту және өңірлердің инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін тұтас экожүйе қалыптастыруға бағытталады.

Инвестицияны ынталандырудың негізгі бағыттары шикізаттық емес секторларға және қосылған құны жоғары өндірістерді дамытуға, оның ішінде еңбек өнімділігін арттыруға, оның технологиялық күрделілігін арттыруға баса назар аударатын отырып, экспорт көлемін ұлғайтуға, сондай-ақ ел аумағында оқшауландырылған өндірісті біртіндеп дамытуға баса назар аудару болады.

Инвесторларды инфрақұрылым салуға ынталандыру бойынша шаралар қабылданатын болады. Қазақстан Республикасының инвестициялық саясатының 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасы шеңберінде инвесторларға 10 жыл мерзімге 6 %-бен жеңілдікті кредит беру түрінде мемлекеттік қолдаудың жаңа құралын енгізу жоспарланды. Осы құралдың шеңберінде салынған инвестиция көлеміне байланыстырмай, жаңа өнеркәсіптік жобаларға қажетті инженерлік инфрақұрылымды жүргізу үшін жеңілдікті кредиттер беру жоспарланып отыр.

Әрбір өңірде инвестиция тарту жұмысын күшейту үшін өңірлердің инвестициялық бағдарламалары әзірленетін болады. Әр өңірде Инвестициялық штабқа ұқсас өңірлер әкімдерінің басшылығымен өңірлік инвестициялық штабтар құрылады, олар өңірлерде инвестор іздеуден бастап жобаларды аяқтауға дейін инвестициялық циклдың толық сүйемелденуін қамтамасыз ететін болады.

Өңірлердің инвестиция тарту бойынша жұмысының тиімділігі "Өңірлердің инвестициялық тартымдылығының рейтингі" негізінде бағаланады.

Инвестициялық қызметті жандандыру үшін жыл сайын өңірлерде облыстық және аудандық деңгейлерде жеке инвестицияны ынталандыру жөніндегі іс-қимыл жоспарлары жасалады.

Аталған шараларды іске асыру өңірлерде капиталды өңірлерге тартуға, экономиканың шикізаттық емес секторын дамытуға және ұзақ мерзімді өсуді қамтамасыз етуге ықпал ететін тұрақты және ашық инвестициялық экожүйе құруға мүмкіндік береді. Орталық және өңірлік билік органдары, бизнес-қоғамдастық және даму институттары арасындағы өзара іс-қимылдың нығаюы инвестициялық тартымдылығы жоғары аумақтарды қалыптастыру үшін негіз болады. Бұл өз кезегінде халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға, жұмыспен қамтудың өсуіне және ел экономикасын әртараптандыруға ықпал ететін болады.

Геологиялық барлау және минералды-шикізат базасын кеңейту

Жер қойнауын геологиялық зерделеуді қолдау өңірлерде, әсіресе халқы аз және аз дамыған аудандарда орнықты өнеркәсіптік және экономикалық өсудің негізі ретінде қаралады.

Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу шеңберінде өңірлік геологиялық зерттеулер көлемін көбейту жоспарланып отыр.

Геологияны дамыту жөніндегі шаралар моноқалалар мен табиғи-ресурстық әлеуеті жоғары шекара маңындағы аудандарды қолдауды қоса алғанда, өңірлік саясаттың басымдықтарымен ұштасады.

Керннің жергілікті қоймалары мен геодеректердің цифрлық базалары мәселелерін қоса алғанда, өңірлерде жер қойнауын пайдаланушыларды қолдау қамтамасыз етілетін болады.

Өңірлік саясатты дамытудың стратегиялық құжаттарына жер қойнауын пайдалану саласында, әсіресе, цифрландыру деңгейі төмен өңірлерде цифрлық инфрақұрылымды дамыту жөніндегі шаралар қосылатын болады.

Тәуекелдерді азайту және инвестициялық тартымдылықты арттыру үшін жергілікті органдар мен инвесторлардың интерактивті геологиялық картаға және жер қойнауының бірыңғай кадастрына қол жеткізуін қамтамасыз ету қажет.

Геологиялық барлауда мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі, оның ішінде зерделену деңгейі төмен аумақтарда өңірлік жобаларды қоса қаржыландыру форматы өңірлер деңгейінде белсенді пайдаланылатын болады.

Қажет болған жағдайда қатты пайдалы қазбалар, жерде сирек кездесетін және стратегиялық металдар кен орындарын барлау мен игеру үшін нысаналы өңірлік бағдарламалар әзірленетін болады.

Өңірлерде анықталған пайдалы қазбалар кен орындарына байланыстырылған индустриялық аймақтарды дамыту жөніндегі шаралар көзделетін болады, бұл жергілікті жерлерде қосылған құн тізбектеріне ресурстардың қисынды интеграциясын қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ өңірлерде шикізатты қайта өңдеуді оқшаулауға бағытталған шаралар қабылданады, бұл салық салынатын базаны нығайтады және жаңа жұмыс орындарын ашады.

Мамандандырылған факторлардың дамуы

Қолданыстағы өндірістік инфрақұрылымға қосымша экономикалық қызметтің жандануын және маманданудың жаңа салалары мен экономикалық қызмет түрлерінің пайда болуын қамтамасыз ететін жаңа мамандандырылған факторлар құрылады. Мамандандырылған факторлармен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар АЭА-ны дамытуды, индустриялық аймақтардың жаңаларын құруды және қолданыстағыларын дамытуды, кластерлік даму үшін жағдайлар жасауды, көлік-логистикалық инфрақұрылымды, шекара маңындағы сауда орталықтарын дамытуды және т.б. қамтиды.

Өңірлерде АЭА-ның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін инфрақұрылымдық әзірлік деңгейін жақсарту бойынша жұмыс жалғасады. Осы мақсатта АЭА-ның ағымдағы қамтамасыз етілуі мен толықтығын талдау бойынша жұмыс жүргізілетін болады. Талдау негізінде АЭА-ның 100 % қамтамасыз етілуіне жеткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары қалыптастырылады, оның орындалуын бейінді министрлік үнемі қадағалап отырады. Бюджет шығыстарын оңтайландыру және мемлекеттік инвестицияны пайдаланудың рентабельділігін арттыру үшін экономикалық тиімсіз АЭА-ны индустриялық аймақтарға қайта ұйымдастыру мүмкіндігі қаралады.

АЭА-ның тартымдылығы мен жаңа резиденттермен толтырылуын арттыру үшін рұқсат етілген қызмет түрлерін кеңейту, сондай-ақ АЭА-ның қолданылу мерзімдерін біріздендіру мәселесі пысықталады. Болашақта инвестициялық тартымдылықты

арттыруға және бизнес үшін әкімшілік кедергілерді азайтуға бағытталған икемді реттеу тетіктерін енгізу жоспарланды.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік және ұлттық жобалар мен стратегиялық бағдарламалар шеңберінде өндірісті оқшаулау үшін қолайлы жағдайлар жасау арқылы АЭА инфрақұрылымын дамытуға жеке инвесторлардың қатысуын ынталандыру мүмкіндігі қосымша қаралуда.

Жалпы іске асырылып жатқан шаралар есебінен 2029 жылға қарай тиімді АЭА инфрақұрылымының әзірлік деңгейі 100 %-ға дейін жеткізілетін болады.

Моно- және шағын қалалар

Моноқалалар экономикасының ұзақмерзімді әртараптандырылуына ықпал ететін зәкірлік инвестициялық жобаларды іске асыру жалғасады.

Осы тәсілдің шеңберінде моноқалаларда ШОБ-ты мемлекеттік қолдау шаралары, оның ішінде микрокредит беру, кредиттерге кепілдік беру, субсидия мен гранттар беру жүзеге асырылады.

Қала түзуші кәсіпорындар моноқалаларды дамытуға белсендірек атсалысады, атап айтқанда оффтейк-келісімшарттарды масштабтау, геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу, ШОБ-ты дамыту бойынша серіктестік бағдарламаларды іске асыру бойынша және т.б. шаралар қабылданатын болады.

Моноқалалардың экономикасын әртараптандыру мақсатында Саран қаласының табысты тәжірибесін масштабтау шаралары іске асырылады. Саран қаласының тәжірибесі негізінде бірқатар моноқалаларда (Хромтау, Сәтбаев, Балқаш және Құлсары) индустриялық аймақ құру мәселесі пысықталады.

Жалпы моноқалаларға қатысты әр моноқаланың ерекшеліктері мен бәсекелік артықшылықтары ескерілетін сараланған тәсіл қолданылады. Осы мақсатта моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі бойынша жіктеу жүргізілді, олар мынадай топтарға жіктеледі.

1. "Әртараптандырылу жолындағы қалалар" (барлығы 6 қала – Теміртау, Екібастұз, Ақсу, Рудный, Кентау, Степногорск).

Қалалардың бұл тобы тұрақты экономикасымен және орнықты даму үрдісімен сипатталады. Сондай-ақ осы қалалар ірі қалалардың ықпал ету аймағында орналасқан.

Әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін есептеу нәтижелеріне сәйкес бұл қалалар экономикалық даму, ШОБ, инженерлік инфрақұрылым және әлеуметтік сала бойынша салыстырмалы түрде жоғары көрсеткіштерді көрсетіп отыр.

Қазіргі әлеуметтік-экономикалық даму қарқынын және ішкі әлеуетті ескерсек, бұл қалалардың алдағы 5 жылда өздерінің индустриялық әртараптандыру тәсілдерін жүзеге асыру ықтималдығы жоғары.

2. "Даму әлеуеті орташа қалалар" (барлығы 11 қала – Жаңаөзен, Сәтбаев, Балқаш, Құлсары, Риддер, Ақсай, Абай, Хромтау, Лисаковск, Шахтинск, Алтай).

Бұл топтағы қалалар қанағаттанарлық әлеуметтік-экономикалық жағдаймен сипатталады. Осы қалалардың басты ерекшелігі – әлеуметтік-экономикалық ахуалы мен инфрақұрылымының қала түзуші кәсіпорындарға айтарлықтай тәуелділігі. Бұл ретте осы қалалардың көпшілігінде белгілі бір инвестициялық әлеует немесе инвестиция тарту мүмкіндіктері бар.

Даму әлеуеті орташа қалалар, көбінесе, экономиканың және инженерлік инфрақұрылымның дамуы бойынша жоғары көрсеткіштерді көрсетеді.

Әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін есептеу нәтижелері бойынша 4 қалада (Жаңаөзен, Сәтбаев, Балқаш, Құлсары) демографиялық өсудің жоғары көрсеткіштері байқалды, өмір сүру деңгейі бойынша 5 қала (Жаңаөзен, Сәтбаев, Балқаш, Құлсары, Риддер) еліміздің басқа моноқалаларынан озып шықса, 11 қала білім беру жүйесінің даму деңгейі бойынша моноқалалар арасында орташадан жоғары балға ие.

Қала түзуші кәсіпорындардың тұрақты жұмыс істеуі және бірқатар зәкірлік жобалардың іске асырылуы әлеуеті орташа қалалар болашақта өнеркәсіпті әртараптандыру желісіне шығады деп болжауға негіз береді. Бұл ретте осы қалалардағы экономиканың монобейінділігі белгілері әлі 10-15 жыл бойы байқалуы мүмкін екендігін жоққа шығаруға болмайды.

3. "Тоқырауға ұшыраған қалалар" (барлығы 3 қала – Жітіқара, Қаражал, Курчатов).

Бұл топқа экономикасының құрылымы қайта бейінделіп жатқан және қала түзуші кәсіпорны жабылу жағдайындағы халық саны көп емес моноқалалар жатады.

Тоқырауға ұшыраған қалаларда ШОБ-тың дамуы мен қалалық экономиканың даму көрсеткіштері төмен болады. Бұл қалаларда инженерлік инфрақұрылымның даму деңгейі, демографиялық ахуал төмен, еңбек нарығында дағдарыс байқалады.

Қалыптасқан демографиялық ахуалды, сондай-ақ қала түзуші кәсіпорындардың жабылу сценарийінің іске асырылу ықтималдығын ескерсек, тоқырауға ұшыраған қалалар келешекте моноқалалар мәртебесін жоғалтып, шағын қалалар санатына өтуі мүмкін.

Сондай-ақ моноқалалардың әрбір тобы үшін олардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі ескеріле отырып, сараланған шаралар әзірленді.

Әртараптандырылу жолындағы қалалар бойынша шаралар мыналарды:

- қолайлы инвестициялық ахуал (брендинг) құруды;
- инфрақұрылымның барлық түрін жаңғыртуды;
- оффтейк-келісімшарттарды масштабтауды;
- моноқалалар төңірегінде геологиялық барлау жұмыстарын жүзеге асыруды;
- өндірістік инфрақұрылымның дамуын қолдауды;
- тұрғын үй қорын кеңейту бойынша бағдарламаларды іске асыруды;
- экологиялық проблемаларды шешуді;

"зәкірлік" инвестициялық жобаларды іске асыруды қамтиды.

Даму әлеуеті орташа қалалар бойынша шаралар мыналарды:

инженерлік инфрақұрылымды жаңғыртуды (инженерлік желілерді жаңғырту, көлік инфрақұрылымы объектілерін салу және жөндеу);

Меморандумдар мен әріптестік бағдарламаларын жасасу арқылы жайлы өмір сүру жағдайларын жасауды;

оффтейк-келісімшарттарды масштабтауды;

моноқалалар төңірегінде геологиялық барлау жұмыстарын жүзеге асыруды;

объектілерді салу кезінде, оның ішінде индустриялық аймақтарға инфрақұрылым жүргізу кезінде ЕРС келісімшарттар тетіктерін енгізуді;

кәсіптік оқыту және қайта даярлау бағдарламаларын іске асыруды (сұранысқа ие жаңа мамандықтарға оқыту);

туристік саланы дамытуды (Алтай, Риддер, Балқаш);

ірі көлік дәліздерінің бойында сервистік қызметті дамытуды;

бос тұрған өндірістік алаңдарға және бос жер учаскелеріне инвесторлар тартуды (сатылас фермалар);

ұзақ мерзімді шарттарды дамытуды және жасасуды;

бәсекеге қабілетті экспортқа бағдарланған өнім өндірісін ұлғайтуды;

"зәкірлік" инвестициялық жобаларды іске асыруды қамтиды.

Тоқырауға ұшыраған қалаларға арналған шаралар мыналарды:

объектілерді салу кезінде, оның ішінде индустриялық аймақтарға инфрақұрылым жүргізу кезінде ЕРС келісімшарттар тетіктерін енгізуді;

кәсіптік оқыту және қайта даярлау бағдарламаларын іске асыруды (сұранысқа ие жаңа мамандықтарға оқыту);

ірі көлік дәліздерінің бойында сервистік қызметті дамытуды;

бос тұрған өндірістік алаңдарға және бос жер учаскелеріне инвесторлар тартуды (сатылас фермалар);

өсудің жаңа драйверлерін, балама кен орындарын және экономиканың бағыттарын (туризм, ауыл шаруашылығы) айқындауды;

инфрақұрылымды (электр желілері, сумен жабдықтау және су бұру жүйелері, көлік инфрақұрылымының объектілері) жаңғыртуды;

"зәкірлік" инвестициялық жобаларды іске асыруды қамтиды.

Ауылдық және шекара маңындағы аумақтар

Қазақстандық ауылдардың келешектегі даму пайымы – бұл белсенді азаматтық қоғам мен жергілікті өзін-өзі басқаруды, өзінің кіріс базасымен нығайтылған орнықты және өзіне жеткілікті экономиканы, қалалыққа жақын деңгейде дамыған әлеуметтік ортаны қамтитын, болашағының бейнесі (мамандануы) нақты тұжырымдалған, өмір сүру үшін тартымды аумақтар.

Ауылдық аумақтардың экономикалық әлеуетін іске асыру маңызды міндет болып табылады.

Жалпы алғанда еліміздегі 6,2 мың АЕМ-нен даму әлеуетіне ие және ел халқының 90 %-ы тұратын 1,2 мың ауылдық кластер (1,2 мың тірек ауылды және 2,3 мың серіктес ауылды, барлығы 3,5 мың АЕМ-ді қамтиды) бар.

АЕМ-ді кешенді дамыту тәсілдерінің қайта қаралуы ескеріле отырып, АЕМ әлеуетін айқындау өлшемшарттары өзектілендірілетін болады, оның нәтижесінде перспективтілікті айқындау олардың экономикалық әлеуетін, демографиялық серпінін және инфрақұрылымдық даму деңгейін теңгерімді бағалау негізінде жүзеге асырылады.

"Ауыл аманаты" жобасын іске асыру ауыл экономикасының дамуына және халық табысының артуына айтарлықтай ықпал етеді. Бұл жоба ауылда кәсіпкерліктің дамуын ынталандыру, оның ішінде шағын өнеркәсіптік аймақтар (бұдан әрі – ШӨА) құруды, өндірілетін өнімді қайта өңдеуді, импортты алмастыруға әсер ететін тауар массасын қалыптастыруды, оны өткізудің тиімді тізбектерін жолға қоюды қоса алғанда, кооперация құру арқылы ынталандыру бойынша шараларды көздейді.

Бұдан басқа, жоба даму әлеуеті бар ауылдардың экономикалық өсуін қамтамасыз ететін және жаңа өндірістер құруға ықпал ететін инфрақұрылымды (әлеуметтік, инженерлік және көліктік) құру және дамыту бойынша мемлекеттік қолдауды көздейді.

"Ауыл аманаты" жобасын іске асыру шеңберінде ауылдық аумақтардың экономикасын дамыту арқылы ауыл халқының табысын арттыру бойынша жұмыс жалғасады, бұған кооперативтік бастамаларды ілгерілету және тиімді өндірістік-өткізу тізбектерін құру үшін жағдайлар қалыптастыру, сондай-ақ жобаға қатысушылардың және ауыл әкімдерінің біліктілігін арттырудан бастап қажетті инфрақұрылымды (инженерлік коммуникациялар, қайта өңдеу, қоймалау, сертификаттау, өткізу және халыққа да, кәсіпкерлерге де қызметтер көрсету) құруға дейінгі барлық кезеңді қамтитын кешенді қолдау кіреді.

Бұл ретте "Ауыл аманаты" жобасы шеңберінде мемлекеттік қолдау шараларын ұсынғанда халық саны аз елді мекендерден ауыл халқын тартудың бастапқы орталықтары ретінде аудан орталықтары мен ірі тірек ауылдық елді мекендерге басымдық берілетін болады.

Жобада көзделген негізгі іс-шаралардың ішінде мыналарды:

1) ауылдық аумақтардың мамандануын және одан әрі дамыту үшін әлеуетін айқындай отырып, скрининг жүргізуді;

2) кооперативтік және өндірістік-өткізу жобаларын іске асырудың егжей-тегжейлі жоспарларын қоса алғанда, анықталған әлеует негізінде аудандар үшін экономикалық даму бағдарламаларын әзірлеуді;

3) инженерлік коммуникацияларды қоса алғанда, қайта өңдеу инфрақұрылымын қалыптастыруды және ШӨА құруды;

4) сауда желілері және мемлекеттік сатып алу арқылы өнімді өткізу арналарын әзірлеуді;

5) ауылдық округтер әкімдерінің және барлық деңгейдегі басшылардың құзыретін арттыруды атап өтуге болады.

Мемлекет тарапынан микрокредиттер беру, конкурстық негізде жер учаскелерін және басқа да жылжымайтын мүлік беру, кооперативтер үшін тұқым, пестицид, гербицид пен ЖЖМ-ны орталықтандырылған сатып алуды ұйымдастыру, қолданыстағы заңнамаға сәйкес салықтық жеңілдіктер беру, кооперациялар шығарған өнімді өткізуге жәрдемдесу және АЕМ-де қажетті инфрақұрылым құру сияқты шаралар қамтамасыз етілетін болады.

Сонымен қатар кәсіпкерлік негіздері мен бизнестің ауыл шаруашылығы түрлерін оқытуға, кооперативтерді басқарушыларды даярлауға (кооперативтер басшыларын оқыту), арнайы бағыттағы мамандардың (агрономдар, ветеринарлар, зоотехниктер, бухгалтерлер, заңгерлер және т.б.) консультациялық көрсетілетін қызметтеріне бағытталған шаралар іске асырылады.

Бөлінетін қаражаттың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету және жобаларды іске асыру үшін аудандардың іріктелуі қағидатын енгізу жолымен экономикалық шоғырлануға қол жеткізу маңызды мәселе болып табылады.

Мысалы, әр өңірде жобаны табысты іске асыру үшін, оның ішінде ЖҚШ және өнімнің нақты түрлері бойынша тауар массасы шоғырланған толыққанды кооператив (өндіріс-қайта өңдеу-өткізу) ұйымдастыру арқылы іске асыру перспективалары бар кейбір аудандар іріктелетін болады.

Бұл микрокредит қаражатын бір ауылдың немесе жақын маңдағы елді мекендер тобының шегінде шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, бір ауылда немесе ауылдық округте басым бағыт (өнім түрі) бойынша микрокредиттер берілетін болады, бұл тауар массасының қалыптасуына, өндірілетін өнімді қайта өңдеу мүмкіндігін ұлғайтуға және орталықтандырылған тасымалдау мен өткізуді ұйымдастыруға айтарлықтай ықпал етеді.

Аудан деңгейінде өндірілетін өнім көлемімен, жұмыспен қамтумен, импортты алмастырумен және осындай жобаларға қатысушылардың табысын арттырумен аудан экономикасына ықпал етуге мүмкіндік беретін осындай біртепті бірнеше жоба және (немесе) басқа да жобалар қалыптастырылуы мүмкін.

АЕМ-нің экономикалық әлеуетін одан әрі арттыруға арналған ынталандырудың бірі АЕМ-де, аудан орталықтарында және аудандық маңызы бар қалаларда ШӨА құру болып табылады.

Қазақстан Республикасының өңдеу өнеркәсібін дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес ШӨА жаңа объектілер салу жолымен құрылатын болады.

Сондай-ақ бос тұрған, тоқтап тұрған өндірістік объектілерді реконструкциялау мүмкіндігі қаралады.

Бұл экономикалық мәселелерді де (шығындарды азайту, өндірілген өнім көлемін арттыру, еңбек өнімділігін арттыру және т.б.), әлеуметтік проблемалар – жұмыспен қамту түрлерін кеңейту, жұмыспен қамтуды және ауыл халқының табысын арттыру, жас кадрлардың кетуін қысқартуды да шешуге мүмкіндік береді.

Жалпы АЕМ-ді дамыту бойынша жоғарыда баяндалған тәсілдермен қатар "Мен – кәсіпкер" құралы шеңберінде "Бір ауыл – бір өнім" жобасын іске асыру жалғасады. Бұл шаралар шаруашылық жүргізудің мөлшері мен нысандарына қарамастан, АӨК-нің барлық субъектісі үшін қаржы құралдарына тең қол жеткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ауыл бизнесінің әлеуетін арттыру үшін агробизнесінің ауылдың инфрақұрылым объектілерін қамтамасыз етуге салынған шығындарының бір бөлігін өтеу тетігі әзірленетін болады.

Ірі қалаларда АЕМ тауар өндірушілерінің қатысуымен ауыл шаруашылығының маусымдық жәрмеңкелері ұдайы және тұрақты негізде өткізілетін болады.

Ауыл шаруашылығы қарыздарын, кепілмен қамтамасыз ету бойынша кепілдіктер берудің жаңа тетіктерін енгізу есебінен кредиттік ресурстарға қолжетімділік артады.

Микрокредиттеу жөніндегі іс-шаралар шеңберінде ауыл шаруашылығына қатысты емес бизнесті, әсіресе ірі ауылдарда қаржыландыру көзделетін болады.

Ірі ауылдардағы балама қызмет түрлері (көрсетілетін қызметтер, қолөнер, халық кәсіпшілігі, логистика және т.б.) ауылда кәсіпкерлікті дамыту бойынша мемлекеттік қолдау шараларының неғұрлым тиімді шарттарын қолдану арқылы ынталандырылады.

Ауылдық аумақтар туризмнің барлық түрін дамытуға мүмкіндік беретін бірегей табиғи-климаттық және мәдени-тарихи ерекшеліктерге ие. Ең тартымды бағыттар агро-, этно- және экотуризм болады, оларды дамыту үшін тиісті инфрақұрылым жаңғыртылады.

Мемлекет пен бизнестің әріптестігіне, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға ерекше көңіл бөлінетін болады.

Осыған байланысты Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес (Мемлекет басшысы Қасым – Жомарт Тоқаевтың Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің бірінші форумында сөйлеген сөзі) еліміздің барлық өңірінде "Родина" агрофирмасы" ЖШС-ның әлеуметтік жауапкершілігінің оң тәжірибесі қолданылады.

Ауылдық аумақтарды орнықты дамыту кешенді міндет болып табылады, оны шешу үшін ауылдық жерлерде жұмыс істейтін бизнестің әлеуметтік бағдарланған жауапты ұстанымымен және ауылда тұратын халықтың белсенді қатысуымен ұштастыра отырып, ауылдық жерлерде өмір сүруге жағдай жасайтын мемлекеттік органдар мен ведомстволардың үйлестірілген күш-жігері қажет.

Агробизнес жергілікті халықты жұмыспен және табыспен қамтамасыз ете отырып, ауылдық аумақтардың экономикасында шешуші рөл атқарады. Алайда оның ықпалы

тек экономикалық аспектілермен ғана шектелмейді. Агробизнестің әлеуметтік бағдарланған жауапкершілігі оның стратегиясының ажырамас бөлігі болуға тиіс.

Бұл мыналарды қамтиды:

Инфрақұрылымды қолдау. Агробизнес мектептер, медициналық мекемелер және жолдар сияқты әлеуметтік инфрақұрылымға инвестиция сала алады. Бұл ауылдардағы өмір сүру жағдайларын жақсартып қана қоймай, бизнес жүргізу үшін қолайлы орта жасайды.

Жергілікті халыққа инвестиция. Еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілікті арттыруға мүмкіндік беретін білім беру бағдарламаларын ұсыну, жаңа технологиялар мен дағдыларды оқыту.

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің негізгі аспектілерінің бірі кәсіпорындарды ауылдағы өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған жобаларға тарту болып табылады. Бұл жаңа жұмыс орындарын құруда, жергілікті бастамаларды қолдауда, сондай-ақ жергілікті қоғамдастықтар үшін әлеуметтік бағдарламаларды әзірлеуде көрінуі мүмкін. Бизнес ауылдық аумақтарды дамытуға инвестиция сала отырып, жергілікті тұрғындар үшін тұрақты экономикалық негіз құруға ықпал етеді және өмір сүру жағдайларын жақсартады.

Аграрлық ірі компаниялар мен қайта өңдеу кәсіпорындары маркетингке, логистикаға және технологиялық жарақтандыруға көмек көрсету арқылы кооперативтерге қолдау көрсете алады, бұл ауыл тұрғындарының экономикалық жағдайын жақсартып қана қоймай, жолдарды, қоймаларды, қайта өңдеу қуаттарын қоса алғанда, инфрақұрылымды дамытуға ықпал етеді.

Бұған қоса, компаниялар білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға және жергілікті кадрлардың біліктілігін арттыруға белсенді қатыса алады. Бизнесінің білім беру мекемелерімен және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен біліктілікті арттыру курстарын, кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бойынша тренингтерді ұйымдастырудағы серіктестігі білікті мамандарды қалыптастыруға ықпал етеді, бұл өз кезегінде жергілікті экономиканың дамуына оң әсер етеді.

Бизнестің инфрақұрылымды құруға және жақсартуға қосқан үлесі үлкен маңызға ие. Бизнес жолдарды салуға және реконструкциялауға, сумен жабдықтауға, электрмен жабдықтауға және басқа да инфрақұрылым объектілеріне инвестиция сала отырып, ауыл халқының өмір сүру жағдайларын жақсартып қана қоймай, өңірге қосымша инвестиция тартуға жәрдемдеседі, бұл оның орнықты дамуына ықпал етеді. Кәсіпорындар әлеуметтік жауапкершілік шеңберінде экологиялық таза технологияларға инвестиция сала алады, бұл қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға ғана емес, ауылдағы өмір сүру сапасының жақсаруына да ықпал етеді.

Шекара маңындағы аумақтарды дамыту жөніндегі шаралар ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп салаларында бәсекелестік артықшылықтарды дамыту, туристік және көліктік-логистикалық әлеуетті іске асыру, шағын және орта кәсіпкерлікті, жол,

элеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту, демографиялық ахуалды жақсарту және адами капиталды дамыту үшін жағдайлар жасауға бағытталады.

Шекара маңындағы аумақтардың ерекшеліктері мен даму әлеуеті ескеріле отырып, мемлекеттік қолдау шаралары мыналарға:

солтүстік шекара маңындағы аумақтардың өңірлері бойынша – елдің оңтүстік және оңтүстік-батысының еңбек күші артық өңірлерінен халықтың көші-қонын ынталандыруға, қолжетімді тұрғын үй және инженерлік инфрақұрылым салуға, ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыруға, еңбекақы төлеу жүйесін қайта қарауға және т.б.;

шығыс шекара маңындағы аумақтардың өңірлері бойынша – әкімшілік-аумақтық құрылымды одан әрі дамытуға, туристік және көлік-логистикалық әлеуетті іске асыруға, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға, шағын индустриялық аймақтар құруға;

оңтүстік және оңтүстік-батыс шекара маңындағы аумақтардың өңірлері бойынша – шағын және орта кәсіпкерлікті, оның ішінде шаруа (фермер) қожалықтары мен ауыл шаруашылығы (тұтыну) кооперативтерін дамытуға, элеуметтік инфрақұрылымды жаңғырту арқылы адами капиталды дамытуға бағытталады.

Шекара маңындағы аумақтардың тартымдылығын арттыру үшін экономика саласын дамытуды қамтамасыз ету және жаңа жұмыс орындарын құру өте маңызды.

Бұған ауыл шаруашылығы өндірісін, жаңа өндірістерді, халықаралық туризмді, трансшекаралық көлік дәліздерін дамытуды ынталандыру және қолдау және шекара маңы ынтымақтастығын дамыту жөніндегі іс-шаралар кіреді.

Шекара маңындағы аумақтарда тіркелген және өз қызметін жүзеге асыратын шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін қосымша мемлекеттік қолдау шаралары әзірленетін болады.

Атап айтқанда, шекара маңындағы АЕМ-де іске асырылатын жобаларды басымдықпен қолдау мүмкіндігі қаралады. Кәсіпкерлікті дамытуды қолдау құралдары шеңберінде бюджет қаражатын микрокредит беруге және жобаларға кепілдік беруге бөлу кезінде бекітілген квоталар көзделетін болады.

Бұдан басқа, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге шекара маңындағы аудандардың экономикасын кластерлеуге (аралас секторлар мен кіші секторларда – туризм, ауыл шаруашылығы және т. б. өзара байланысты кәсіпорындар желісін құруға) ықпал ететін жобаларды іске асыруға гранттық қаржыландыру бөлінетін болады.

Кәсіпкерлер үшін кредиттік ресурстардың қолжетімділігін арттыру мақсатында шекара маңындағы аудандарда даму институттары мен қаржы институттарының қатысуын кеңейту жөніндегі іс-шаралар кешені әзірленетін болады.

Индустриялық және өнеркәсіптік аймақтардың инфрақұрылымын құру мен дамытуды мемлекеттік қолдау инвестициялық жобаларды қаржыландырудың перспективалы құралы болып табылады.

Жұмыс күшіне, өткізу нарықтарына, сондай-ақ инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымға қолжетімділігі бар шекара маңындағы аумақтар мұндай жобалар үшін қолайлы аумақтар болмақ. Осындай аймақтар үшін көлік және логистика, азық-түлік өндірісі және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу, құрылыс материалдарын өндіру және тағы басқалары қызметтің перспективалы бағыттары болып табылады.

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде шекара маңындағы аумақтардың агроөнеркәсіптік секторын жаңғыртуға және дамытуға бағытталған қосымша мемлекеттік қолдау шаралары көзделетін болады.

Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде туризм, логистика инфрақұрылымын құру және дамыту жөніндегі шаралар іске асырылады. Туристік объектілердің көліктік қолжетімділігін арттыру мақсатында бірқатар республикалық автомобиль жолдары реконструкцияланып, теміржол вагондарының паркі ұлғайтылатын болады.

Сауда саласындағы уәкілетті орган көтерме-тарату орталықтарының (бұдан әрі – КТО) көлік-логистикалық орталықтарын дамыту, оларды жайластыру бойынша іс-шараларды өткізетін болады, сондай-ақ қолданыстағы сауда объектілерінің қуатын күшейтетін болады.

Көрсетілген орталықтар ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерден орталықтандырылған сатып алуды ұйымдастыруды, тауар партияларын қалыптастыруды, логистикалық тарату және өткізуді қамтамасыз ететін болады.

Бұл шараны тиімді іске асыру үшін мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттарын жасасу мүмкіндігімен жеке инвесторлардың қатысу тетігі, сондай-ақ "Ауыл аманаты" жобасын қоса алғанда, ауылдарды дамыту шеңберінде іске асырылатын қолданыстағы қолдау құралдары бар КТО қызметін интеграциялау тетігі енгізілетін болады.

Сондай-ақ солтүстік және шығыс шекара маңындағы аумақтардың өңірлерінде пайдалы қазбалардың ықтимал кен орындарын анықтау үшін ауқымды геологиялық барлау жүргізілетін болады.

Бұдан басқа, шекара маңындағы АЕМ-ді дамыту мақсатында бизнес субъектілерін, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді, жер қойнауын пайдаланушыларды әрбір ауылға бекіту жөнінде жедел шаралар қабылдау туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тапсырмасын орындау бойынша жұмыс жалғасады.

Бұл қолдау шаралары шекара маңындағы аумақтардың одан әрі әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ететінін, сондай-ақ осы жұмыс шеңберінде шекара маңындағы аумақтардың стратегиялық бағыт ретіндегі рөлі күшейтілетінін атап өткен жөн.

Тұтастай алғанда, бұл тәсілді іске асыру базалық салалар мен әртараптандыруға негізделген өңірлердің экономикалық әлеуетін ашуға және тиімді пайдалануға байланысты мәселелерді шешуге мүмкіндік береді, бұл барлық өңірлердің теңгерімді дамуына, жаңа жұмыс орындарының ашылуына, сол арқылы халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға және елдегі әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты нығайтуға ықпал етеді.

Бұдан басқа, Ұлттық Құрылтайдың IV отырысында Мемлекет басшысы берген шекара маңындағы аудандарды дамыту жөнінде заң қабылдау мәселесін қарауға қатысты тапсырмасын орындау үшін шекара маңындағы аумақтарды дамыту мәселелері жөніндегі қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді кешенді талдау бойынша тиісті жұмыс жүргізілетін болады.

Өңірлерді дамытудың стратегиялық бағыттары

Батыс макроөңірінің одан әрі даму және бәсекелестік артықшылықтарын іске асыру үшін әлеуеті жоғары. Макроөңірдің әрбір өңірі бай минералдық-шикізаттық базаға (мұнай, газ, металдар және т.б.) ие. Қазірдің өзінде құрылған өндірістік инфрақұрылым мен жинақталған еңбек әлеуеті маңызды рөл атқарады. Тиісті тәсіл қолданылған жағдайда макроөңір өзінің бар әлеуетін іске асыруға және ел экономикасының өсуіне елеулі үлес қосуға қабілетті.

Батыс макроөңірінің экономикалық әлеуеті мынадай негізгі бағыттар бойынша дамиды:

- 1) мұнай-газ өндіру және тау-кен саласында шикізатты терең өңдеу;
- 2) мұнайға қатысты емес секторларға инвестиция тарту;
- 3) даму әлеуеті бар моноқалалар экономикасын әртараптандыру;
- 4) экономиканың базалық салаларының айналасында мұнай-газ химия және машина жасау кластерлерін дамыту, сондай-ақ өңдеу өнеркәсібінде ШОБ кәсіпорындар белдеуін құру;
- 5) мұнай-сервистік қызметтер нарығын игеруде отандық компанияларды қолдау;
- 6) Ақтау, Баутино және Құрық порттары арқылы транзиттік жүк легін ұлғайту үшін көлік-логистикалық әлеуетті іске асыру, Ресеймен шекарадағы және Каспий маңы өңіріндегі көлік-логистикалық хабтарды дамыту, сондай-ақ макроөңір шеңберінде және еліміздің ірі экономикалық орталықтарымен байланысты нығайту;
- 7) макроөңірдің туристік әлеуетін дамыту;
- 8) Ақтөбе агломерациясын жедел дамыту бойынша шараларды іске асыру.

Осы бағыттар аясында мұнай-газ химиясы кластерін (полипропилен, полиэтилен, бутадиең, карбамид, терефталь қышқылы) одан әрі дамыту, зәкірлік жобалар шеңберінде инвестиция тарту және ШОБ-ты ынталандыру арқылы моноқалаларда өңірлік индустриялық аймақтарды, мұнай-газ химиясы, машина жасау секторлары мен басқа да секторларда жоғары технологиялы жаңа жобаларды іске асыру үшін мамандандырылған АЭА немесе ШӨА-ны (Ready-built factory қағидаты бойынша

дайын өндірістік үй-жайларды салу және реконструкциялау), мұнай-газ саласына арналған мұнай сервистік қызметтер нарығы мен тауарларды игеруге жәрдемдесу үшін жергілікті кәсіпорындардың мамандарын оқытуға арналған құзырет орталықтарын, жабдықты сынақтан өткізу инфрақұрылымы және BureauVeritas, TUV сияқты сертификаттайтын органдардың өкілдігі бар API және ASME халықаралық стандарттарға сәйкес сертификаттау дайындауға және өткізуге жәрдемдесу үшін базалық орталықтарды құру бойынша шаралар қабылданады.

Бұдан басқа, көлік-логистикалық объектілер мен жүк аэрохабтарында сапалы сервистік инфрақұрылымды дамыту, сондай-ақ аэровокзалдар мен әуежайлар салып және сапалы жол инфрақұрылымын жүргізіп, Кендірлі курорттық аймағын бағдарлы дамыту көзделуде.

Бұл ретте өңірлердің экономикасын дамыту олардың ерекшеліктері мен экономикалық мамандануын ескере отырып жүзеге асырылады.

Ақтөбе облысы

Мамандануы – индустриялық-аграрлық сипатқа ие. Бәсекеге қабілетті, перспективалы мамандану салалары: мұнай және газ өндіру және өңдеу, металлургия, химия өнеркәсібі, машина жасау, тамақ өнімдері және құрылыс материалдары өндірісі.

Атырау облысы

Экономикалық мамандануы – индустриялық. Перспективада экономиканың негізгі салалары мұнай өңдеу, мұнай-химия, құрылыс материалдарын өндіру және балық шаруашылығын тереңдету болады.

Батыс Қазақстан облысы

Мамандануы – индустриялық-аграрлық. Өңір экономикасы мұнай және газ өндіруге, мұнай және газ өңдеу саласын тереңдетуге, машина жасауға және тамақ өнімдерін өндіруге байланысты болады.

Қызылорда облысы

Өңір экономикасының негізгі саласы – өнеркәсіп, оның негізін мұнай мен газ өндіру құрайды, оның рөлі болашақта төмендейді. Перспективада өңдеу өнеркәсібі, көлік және қойма саласы, ауыл, орман және балық шаруашылығын, оның ішінде күріш пен ас тұзының өндірісін дамыту жобалары өрістетілуге тиіс.

Маңғыстау облысы

Өңір мұнай мен газ өндіруге, сондай-ақ мұнай-газ секторында сервистік қызмет көрсетуге маманданады. Сондай-ақ экономиканың маңызды салалары химия өнеркәсібі, машина жасау, мұнай өңдеу, құрылыс материалдарын өндіру, көлік және логистика болады.

Оңтүстік макроөңірдің экономикалық әлеуетін дамыту мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді ынталандыру және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді кооперациялау, оларды отандық шикізатпен

қамтамасыз ету, мал шаруашылығының жемшөп базасын нығайту, инфрақұрылымды және АӨК-те техникалық жарақтандыруды жақсарту;

2) өңдеу өнеркәсібінде: металлургияда, мұнай өңдеуде, химия, жеңіл және тамақ өнеркәсібінде, сондай-ақ құрылыс материалдарын өндіруде индустрияландыруды тереңдету және өндірілетін өнім түрлерін кеңейту;

3) өңдеу өнеркәсібіне трансұлттық ірі компанияларды тарту;

4) өңдеу өнеркәсібінде мамандандырылған инфрақұрылымды құру және дамыту;

5) даму әлеуеті бар моноқалалардың экономикасын әртараптандыру;

6) макроөңірдің шағын қалаларының индустриялық дамуы;

7) урбанизация процестерін жеделдету мақсатында ірі және үлкен қалалардың экономикалық мамандануын күшейту шараларын іске асыру;

8) макроөңірдің туристік әлеуетін іске асыру;

9) көлік-логистикалық әлеуетті іске асыру (транзиттік жүк легінің ұлғаюы): өткізу пункттерінде заманауи инфрақұрылым салу, "Батыс Еуропа – Батыс Қытай" көлік дәлізі, көлік-логистикалық, Қырғызстанмен және Өзбекстанмен, Қытаймен шекараларда сауда хабтарын дамыту.

Осы бағыттарға сәйкес АӨК-те ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді, өңдеуді, сақтауды және өткізуді қамтитын ерікті ауыл шаруашылығы кооперациясын ынталандыру бағдарламасын әзірлеу, сондай-ақ малды жайылымды ауыстыра отырып жаюды дамыту, жем-шөп дақылдарын өсіруді ынталандыру және суды үнемдеу бойынша шаралар қабылдау жоспарлануда.

Өнеркәсіпте және АӨК-те мамандандырылған инфрақұрылымды дамыту, оның ішінде дайын өнеркәсіп алаңдарын салу, фермерлерге қолдау көрсететін сервистік орталықтарды, мелиорация, қоймалар мен көкөніс сақтау қоймаларын дамыту көзделуде. Зәкірлік жобалар шеңберінде инвестиция тарту және ШОБ-ты ынталандыру арқылы моноқалаларда өңірлік индустриялық аймақтар құрылады.

Химия, жеңіл және тамақ өнеркәсібіндегі өнімдердің жаңа түрлерін өндіруді және экспорттауды кеңейтуге инвестиция салатын өңдеуші өнеркәсіп орындарына басым қолдау (субсидиялар, гранттар) көрсетіледі.

Бұдан басқа, көлік-логистикалық объектілер мен жүк аэрохабтарында сапалы сервистік инфрақұрылымды дамыту жалғасады.

Өңірлердің экономикалық мамандануының негізгі бағыттары мыналар болады:

Алматы облысы

Өңірдің мамандануы – индустриялық-аграрлық. Перспективада экономиканың негізін ауыл шаруашылығы, тамақ өнімдерінің өндірісі, құрылыс материалдарының өндірісі, сондай-ақ туризм саласы құрайды.

Жамбыл облысы

Тамақ өнімдерінің өндірісіне, химия өнеркәсібіне, металлургияға, ауыл шаруашылығына және құрылыс материалдарының өндірісіне маманданған индустриялық-аграрлық өңір.

Жетісу облысы

Экономикалық мамандануы аграрлық-индустриялық сипатқа ие. Перспективада өңір ауыл шаруашылығы, тамақ өнімдерінің өндірісі, машина жасау, туризм салаларында мамандануын сақтап қалады.

Түркістан облысы

Бұл ірі индустриялық-аграрлық өңір болып табылады. Облыс экономикасы ауыл шаруашылығында және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге мамандануын сақтап қалады. Құрылыс материалдарының өндірісі дамиды.

Шымкент қаласы

Қала экономикасының негізін қызмет көрсету саласы құрайды. Химия өнеркәсібі, мұнай өңдеу, дәрілік препараттар өндірісі, машина жасау, сондай-ақ көлік және логистика саласында қызметтер көрсетуде мамандануын сақтап қалады.

Солтүстік макроөңірдің экономикалық әлеуеті мынадай негізгі бағыттар бойынша дамиды:

1) астық шаруашылығы мен ет-сүт мал шаруашылығында озық технологияларды пайдалана отырып АӨК-ті дамыту, сектордағы қосылған құнды ұлғайту;

2) ауыл шаруашылығы мен машина жасауды дамыту, оның ішінде Қазақстан Республикасының шекара маңындағы өңірлерімен кооперация есебінен өнеркәсіптік әлеуетті іске асыру;

3) даму әлеуеті бар моноқалалардың экономикасын әртараптандыру;

4) туристік әлеуетті іске асыру.

Осы бағыттарды іске асыру үшін өсірілетін дақылдардың (зығыр, қара бидай, сұлы, рапс, күнбағыс) ассортиментін ұлғайтуды, өнімділікті арттыруды, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді қолдауды және субсидиялар мен гранттар арқылы фермерлердің кооперациясын қоса алғанда, өсімдік шаруашылығында әртараптандыру жөнінде шаралар қабылданады.

Даму әлеуеті бар моноқалаларда зәкірлік жобалар шеңберінде инвестиция тарту және ШОБ субъектілерін ынталандыру арқылы өңірлік индустриялық аймақтар құрылады.

Ауыл шаруашылығы техникасы мен автокөлік құралдарына арналған жинақтауыш пен компоненттер өндірісін дамытуға ерекше көңіл бөлінетін болады.

Курорттық аймақтарды (Щучинск-Бурабай, Зеренді, Имантау-Шалқар) дамыту жалғасады.

Өңірлердің перспективалық экономикалық мамандануы:

Ақмола облысы

Мамандануы – индустриялық-аграрлық. Өңір тамақ өнімдерінің өндірісі, химия өнеркәсібі, машина жасау, сондай-ақ дәнді дақылдар өсіру мен мал шаруашылығына маманданатын болады.

Қостанай облысы

Өңір индустриялық-аграрлық бағытқа ие. Экономиканың негізгі салалары ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп болады. Өңірде темір рудасын және асбест өндіру әлеуеті бар, машина жасау, тамақ өнімдерінің өндірісі, сондай-ақ бидай, ет және сүт өндірісі негізгі салалары болып қала береді.

Солтүстік Қазақстан облысы

Өңір экономикасы аграрлық-индустриялық сипатқа ие. Перспективада мамандану өсімдік шаруашылығын, мал шаруашылығын, тамақ өнімдерінің өндірісі және машина жасауды әртараптандыруға негізделеді.

Орталық-Шығыс макроөңірдің экономикалық әлеуеті мынадай негізгі бағыттар бойынша дамиды:

- 1) өндіруші салада қосылған құны жоғары өнім өндіруге көшу;
- 2) өңдеуші салаларда өнімнің жаңа қайта өңдеу сатыларын игеру: металдарды терең өңдеу, машина жасау, химия өнеркәсібі, ағаш өңдеу, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, құрылыс материалдарын өндіру, мұнай өңдеу;
- 3) даму әлеуеті бар моноқалалардың экономикасын әртараптандыру;
- 4) туристік әлеуетті іске асыру.

Осы бағыттар шеңберінде экономиканың базалық салалары (көмір, металл кендерін, кара және түсті металлургияны өндіру) негізінде қайта өңдеу өнеркәсіпті дамыту, өңдеуші салаларында (көмір химиясы, металдарды терең өңдеу) жаңа өңдеу сатыларын және ірі кәсіпорындар айналасындағы ШОБ белдеуін дамыту үшін шаралар қабылданады.

Моноқалаларда зәкірлік жобалар шеңберінде инвестиция тарту және ШОБ субъектілерін ынталандыру арқылы өңірлік индустриялық аймақтар құру көзделуде.

Катонқарағай курорттық аймағын, Зайсан көлін нысаналы дамыту, сондай-ақ аэровокзалдар мен әуежайлар салу және сапалы жол инфрақұрылымымен қамтамасыз ете отырып әуе маршруттарын дамыту бойынша шаралар қабылданады.

Тұтастай алғанда, Орталық-Шығыс макроөңір өңірлерінің экономикалық мамандануының перспективалық бағыттары мыналар болады:

Абай облысы

Өңірдің экономикасы индустриялық-аграрлық сипатқа ие. Өңірдің экономикалық мамандануының перспективалы бағыттары металлургия, машина жасау, жеңіл өнеркәсіп, тамақ өнімдерінің өндірісі және ауыл шаруашылығы болады.

Шығыс Қазақстан облысы

Облыс индустриялық-аграрлық болып табылады. Перспективалы мамандануы металлургия, машина жасау, химия өнеркәсібі, мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы, тамақ өнімдерінің өндірісі болады.

Қарағанды облысы

Өңір индустриялық-аграрлық болып табылады. Перспективалы мамандануы көмір және металл кендерін өндіру, металлургия, химия өнеркәсібі, машина жасау салаларына негізделетін болады. Фармацевтика саласы мен құрылыс материалдарының өндірісі де дамиды.

Ұлытау облысы

Өңір индустриялық-аграрлық болып табылады. Перспективалы мамандануы металл кендерін өндіруге, металлургияға, ауыл шаруашылығына, АӨК-ке негізделетін болады.

Павлодар облысы

Павлодар облысы индустриялық-аграрлық өңір болып табылады. Перспективалы мамандануы шикізатты өңдеуді, мұнай өңдеуді, химия өнеркәсібін, машина жасауды тереңдетуге, сондай-ақ артық энергия қуатын пайдалануға негізделеді.

Ірі агломерацияларда экономикалық әлеуетті дамыту мақсатында мынадай бағыттарға назар аударылады:

1) "білім экономикасын", бизнес-қызметтерді, IT секторын, жоғары технологиялық және ғылымды қажет ететін салаларға басымдықпен қолдау көрсетумен жоғары өнімді және инновациялық өндірісті дамыту;

2) инновациялық, қаржылық, сауда, көлік және логистикалық орталықтар ретінде қалалардың рөлін күшейту;

3) креативті индустрияларды дамытудың инфрақұрылымын қалыптастыру;

4) туристік әлеуетті іске асыру;

5) қала маңындағы аумақтардың инвестициялық тартымдылығын арттыру есебінен жаңа "өсу нүктелерін" құруды ынталандыру.

Осы бағыттар шеңберінде медицина, білім беру, "ақылды" және ғылымды қажет ететін өндірістер (машина жасау, құрылыс материалдарының өндірісі) салаларында жоғары технологиялық кластерлерді қалыптастыру, сондай-ақ SmartCity, BigData, интернет-заттар технологияларын қоса алғанда, цифрлық инфрақұрылымды дамыту қамтамасыз етіледі.

Алматы агломерациясында AlatauCity жобасын уақтылы және сапалы іске асыру, оның ішінде G4 City интеграцияланған қала құру бойынша шаралар қабылданады.

Сондай-ақ креативті кластерлерді құру және технологиялық IT-хабтарды дамыту, креативті индустрия өнімдерінің экспортын ілгерілету, іскерлік және оқиғалы туризмді дамыту бойынша жұмыстар жүргізілетін болады.

Ірі агломерациялардың экономикалық мамандануының перспективалы бағыттары:

Алматы қаласы

Бұл елдің қаржылық, сауда, мәдени, туристік, көлік-логистикалық ірі орталығы болып табылады. Қала экономикасын қызмет көрсету, сауда, туризм, көлік және логистика құрайды. Қала жаһандық құн тізбегіне қосылуынан, сондай-ақ мамандандырылған ғылыми-зерттеу институттарының, халықаралық компаниялар мен провайдерлердің жоғары шоғырлануынан пайда алып, инновацияның катализаторына айналады.

Астана қаласы

Перспективалы мамандануы әкімшілік, іскерлік, қаржылық, медициналық және білім беру қызметтерін көрсету болады. Креативті индустриялар, инновациялар, экспортқа бағытталған жоғары технологиялық тауарлар мен көрсетілетін қызметтер саласы дамиды.

Тұтастай алғанда, еліміздің барлық макроөңірлеріне қатысты экономика үшін кадрлар даярлау бойынша шаралар қабылданады. Кадрларды даярлау ЖАО мен кәсіпорындардың жергілікті жерлерде тікелей қатысуымен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарымен тығыз байланыста жүзеге асырылады.

5.3. Өңірлік саясатты іске асыру тетіктерін жетілдіру

Қазақстан Республикасының өңірлік саясатын іске асыру тетіктерін жетілдіру шеңберінде орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар арасындағы ведомствоаралық өзара іс-қимылды нығайтуға, өңірлердің бюджеттік дербестігін арттыруға, мемлекеттік қызметшілердің ішкі орнын ауыстыруды (ротациялауды) үйлестірудің жаңа тетіктерін енгізуге, мемлекеттік сектордың деректерін басқаруды жақсартуға, сондай-ақ, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесін жетілдіруге назар аударылады.

Ведомствоаралық өзара іс-қимылды нығайту

Өңірлерді дамыту мәселелерін жүйелі үйлестіру екі деңгейде жүзеге асырылады – стратегиялық және жедел:

1. Өңірлік саясат жөніндегі жобалық офис (бұдан әрі – Жобалық офис) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары төрағалық ететін, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың бірінші басшыларының орынбасарлары, саяси партиялар мен сарапшылар қоғамдастығының өкілдері қатысатын консультативтік-кеңесші орган болып табылады. Ол өңірлік саясатты іске асыруды стратегиялық басқару және бақылау үшін жауап береді.

Қойылған мақсаттар шеңберінде Жобалық офиске мынадай міндеттер жүктеледі:

1) өңірлік даму бойынша стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың іске асырылуын бақылау және үйлестіру;

2) өңірлік саясатты түзету және оны іске асыру тетіктерін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

3) жайлы қалалық ортаны қалыптастыру бойынша ұсыныстар мен шаралар әзірлеу.

Жобалық офис шеңберінде өңірлік даму бойынша өзекті мәселелерді қарайтын кіші топтар құрылуы мүмкін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты жанындағы Өңірлік бастамалар офисі (бұдан әрі – Бастамалар офисі) Үкімет деңгейінде өңірлік саясаттың іс жүзінде тиімді іске асырылуына жәрдемдесетін (өңірлермен жедел өзара іс-қимыл, өңірлерді ұйымдастырушылық, әдістемелік және әкімшілік қолдау) атқарушы орган болып табылады.

Бастамалар офисінің негізгі міндеттеріне мыналар жатады:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратында орталық деңгейде өңірлердің мүдделерін білдіру;

өңірлік және салалық (секторлық) саясатты келісіп іске асыруға, оның ішінде Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жоғары тұрған құжаттарының, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың нақты мүмкіндіктері мен өңірлердің әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін ескере отырып, салалық (секторлық) тұжырымдамалардың, ұлттық жобалардың, доктриналардың (стратегиялардың), өңірлік деңгейдегі кешенді жоспарлардың (облыстар мен қалаларды дамыту жоспарлары) мақсаттарының декомпозициясын ұйымдастыру және сапасын бақылау арқылы іске асыруға жәрдемдесу;

өңірлердің бюджеттік бағдарламалары мен инвестициялық жобаларын орталық деңгейде Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің стратегиялық және басқа да құжаттарымен үндестіруге жәрдемдесу;

қойылған нәтижелерге қол жеткізу бойынша бірлескен жоспарды әзірлей отырып, әрбір өңір үшін тиімділіктің ең маңызды нысаналы көрсеткіштердің базалық тізбесін айқындау;

орталық деңгейде қабылданған шешімдер мен бастамаларды іске асыру тетіктері бойынша ұсынымдар бөлігінде орталық мемлекеттік органдар тарапынан өңірлерге әдістемелік қолдау көрсетуге жәрдемдесу;

орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар арасындағы реттелмеген ведомствоаралық мәселелер мен келіспеушіліктерді қарау және шешу;

өңіраралық ынтымақтастықты үйлестіру;

осы Тұжырымдаманы іске асыру шеңберінде Вітріх жобалық басқарудың ақпараттық жүйесінде жобаларды жүргізуді қамтамасыз етуді қоса алғанда, жобалық қызметті ұйымдастыру.

Өңірлік деңгейде өңірлік саясатты іске асыру мәселелері бойынша Бастамалар офисімен, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдармен уақтылы және тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету әкімдердің орынбасарлары және өңірлер, республикалық

маңызы бар қалалар және астана әкімдерінің аппарат басшылары арасында бекітілген міндеттерді бөлуге сәйкес (қызметтің функционалдық бағыттары) жүзеге асырылатын болады.

Бұдан басқа, жергілікті маңызы бар функцияларды орталық мемлекеттік органдардан жергілікті деңгейге беру тұрғысынан қолданыстағы заңнамаға талдау жүргізілетін болады.

Қазіргі уақытта мемлекеттік саяси қызметшілер және "А" корпусының қызметшілерін ротациялау кезінде мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган басқа мемлекеттік органдардағы бос орындар туралы ақпарат бере отырып, үйлестіруді жүзеге асырады.

Өз кезегінде, "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерін ротациялау да жүзеге асырылады, алайда негізінен бір мемлекеттік органның шегінде ішкі сипатқа ие және орталықтан үйлестірілмейді, бұл өңірлердің білікті кадрларға сұранысын толық қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді.

Ротация тиімділігін арттыру және өңірлерде кадр тапшылығын жою мақсатында "А" корпусы мен саяси қызметшілерге қатысты қолданылатын практикаға ұқсас үйлестірудің орталықтандырылған тетігін енгізу арқылы "Б" корпусын ротациялау тәртібін жетілдіру ұсынылады.

Бұл персоналға сұранысты ескере отырып, "орталық – өңір" және "өңір – орталық" бағыттары бойынша орын ауыстыруды ұйымдастыруға мүмкіндік береді және мемлекеттік қызмет жүйесінде кадрларды неғұрлым теңгерімді бөлуді қамтамасыз етеді.

Өңірлердің бюджеттік дербестігін арттыру

Өңірлердің бюджеттік дербестік деңгейін одан әрі арттыру пилоттық жобаны іске асыру нәтижелерінің қорытындысы бойынша және сол нәтиже ескеріліп, блоктық бюджеттеуді толыққанды енгізу, сондай-ақ жергілікті бюджеттердің кіріс бөлігін мыналар есебінен нығайту арқылы біртіндеп іске асырылады:

осы Тұжырымдама шеңберінде өңірлердің экономикалық әлеуетін ашуға (жеке инвестиция тарту, жаңа өндірістерді ашу) бағытталған жаңа инвестициялық жобаларды іске асыру есебінен салық салу базасын кеңейту;

елді мекендер үшін ең төменгі стандарттарды және ӨСЖ-ні міндетті қолдану арқылы жергілікті бюджеттің кірістерін неғұрлым ұтымды бөлу (сыни алшақтықтарды қысқарту және өңірлердің біркелкі дамуы үшін);

салық және бюджет саясатының реформаларын ескере отырып, фискалды одан әрі кезең-кезеңімен орталықсыздандыру (жергілікті бюджеттердің республикалық бюджеттен берілетін трансферттерге тәуелділігін азайту үшін);

сондай-ақ көлеңкелі экономика деңгейін төмендету, ШОБ дамыту бойынша қабылданған өзге де жүйелі шаралар және т.б.

Салықтар мен төлемдерді бюджеттің төртінші деңгейіне беру арқылы кіріс көздерін кеңейту, сондай-ақ бюджетті бөлу тетігін қайта қарау арқылы төртінші деңгейдегі бюджетті нығайту мүмкіндігі қаралады.

Мемлекеттік сектордың деректерін басқару жүйесін жақсарту

Ұлттық статистикалық жүйені одан әрі дамыту шеңберінде оны мемлекеттік деректердің ұлттық экожүйесіне кезең-кезеңімен трансформациялау қамтамасыз етілетін болады.

Ұлттық деректер экожүйесін дамытудың негізі ретінде мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган құқықтық мәртебесіне, құрылымдалған деректердің жинақталған үлкен көлеміне және бастапқы, әкімшілік және дербес деректерді қоса алғанда, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың деректер базасына қолжетімділігіне ие мемлекеттік статистика жүйесінің тәжірибесі қолданылады.

Бұл ретте мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның құзыреттері өңірлердің ӨСЖ-ге сәйкес объектілермен және көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз етілу деңгейі бойынша деректерді қоса алғанда, деректерді жинау және өңдеу мәселелері бойынша мемлекеттік органдарды әдіснамалық және консультациялық сүйемелдеуді, АЖ-ға, оның ішінде қолжетімділігі шектеулі АЖ-ға кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз ету бөлігінде күшейтіледі.

ЦДИАӨМ-мен үйлестірілген деректерді басқарудың бірыңғай саясаты негізінде ұлттық тіркелімдер базасында олардың нысаналы архитектурасы құрылады, бұл әртүрлі дереккөздерді біріздендіреді және қайталанатын деректерді енгізу мен жинауды жокқа шығарады.

ЦДИАӨМ ұлттық тіркелімдерді қалыптастыру және сапалы деректермен толтыру бойынша үйлестіруді, сондай-ақ олардың кейіннен автоматтандырылуын қамтамасыз ететін болады. Бұл ретте деректерді бақылаушылар жүзеге асыратын сапаны бағалау СЖРА ҰСБ құзырында қалады.

Әкімшілік деректерді жинау және өңдеу үшін автоматтандырылған түрде жинау және өңдеу жүйесін құру қажет.

Сондай-ақ "Отбасының цифрлық картасы" базасында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің (бұдан әрі – Еңбекмині) "Әр шаруашылықты есепке алу" модулін құру бойынша шаралар қабылданады. Бұл бастама бірдей деректер жиналып, әртүрлі мемлекеттік органдарға жіберілетін шаруашылықты есепке алуды жүргізудің қолданыстағы тәсілін оңтайландыруға бағытталған. Бұл кенттер, ауылдар және ауылдық округтер әкімдеріне түсетін жүктемені азайтуға мүмкіндік береді, сондай-ақ деректерді жинаудың заманауи әдістеріне көшуді қамтамасыз етеді.

Бұл ретте шаруашылық бойынша есепке алуды жүргізу әдіснамасы мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның құзыретінде қалады.

Сондай-ақ Отбасының цифрлық картасы базасында "Ауылдық округ әкімінің цифрлық жұмыс орны" модулін құру бойынша шаралар қабылданады.

